

**Оле ХАЛЛЕСБИ**

**Міндет  
туралы**

Оле Халлесби

## **МИНАЖАТ ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің діни сараптамасынан  
№05-13/437 нөмірі бойынша 22-07-2016 күні өткізілді.

ӘОЖ 27  
КБЖ 86.3  
Х17

Оле Халлесби  
МИНАЖАТ ТУРАЛЫ – Алматы: ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ, 2016 – 115 бет

ISBN 978-601-7451-07-3

Бұл кітапта автор мінажаттың мәні мен мінажатпен байланысты қиындықтар туралы және оның түрлері мен құпиялары туралы жазады. Сол арқылы оқырманды өзінің Құдаймен қарым-қатынасын толығырақ түсінуге жетелейді. Осы кітап мінажат ететіндерге кеңес ретінде жазылған.

ӘОЖ 27  
КБЖ 86.3

ISBN 978-601-7451-07-3

© ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ, 2016

Оле Халлесби

## **МІНАЖАТ ТУРАЛЫ**

### **Аннотация**

Бұл кітапта профессор, доктор О.Халлесби (1879-1961) мінажаттың мәні туралы, оған байланысты қиындықтар мен мінажатқа дұрыс емес көзқарас және оның түрлері мен құпиялары туралы жазады. Сол арқылы оқырманды өзінің Құдаймен қарым-қатынасын толығырақ түсінуге жетелейді. Бұл кітапты ойшылдықтан Құдайға деген сенімге келген адам жазды және сенімінің осы бір маңызды саласы туралы ашық та, шынайы түрде толғанады.

## Кіріспе

Менде басқа кітаптарымды жазу барысында осындай құмарлық жан дүниемде болған емес. Бірақ есесіне мен басқа ешбір кітапты жазғанда осылай қорыққан жоқпын. Мінажат туралы айту, тіпті оны қағаз бетіне түсіру өте қиын екенін түсінемін. Бұл кітаптың мақсаты мінажаттан жалыққан кейбіреулерге кеңес беру ғана. Ол бұл саланы толықтай зерттеуге ұмтылмайды.

Менің бар тілегім және сиынуым тек мінажаттық өмірдің заңдарына не жататынын назарға ала отырып, адамдарға мінажаттың ізгі хабарын жариялау.

О. Халлесби

## Мінажаттың мәні

*«Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын. Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса, Мен оның жан дүниесіне еніп, онымен бірге «дастарқандас» боламын; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады» (Аян 3:20);*

Мен бүкіл Жазбадан мінажатқа бұдан артық нұрын түсіретін басқа аятты білмеймін. Ол маған мінажаттың қасиетті әлеміне кіретін есіктің кілті секілді көрінеді.

Мінажат ету Исаны өзіңе енгізуді білдіреді. Бұл жерде Исаның әрекетіне біздің мінажатымыз қозғаушы емес, қайта, Исаның бізді мінажат етуге шақыратынын естиміз. Ол есікті қағып тұр. Сол арқылы Ол біздің өмірімізге енгісі келетінін білдіреді. Біздің мінажатымыз – қашан да Исаның есігімізді қаққанының нәтижесі.

Осы арқылы біз «Маған сиынбастан бұрын Мен оларға жауап беремін, олар әлі сөйлеп жатқанда-ақ Мен өтініштеріне құлақ саламын» (Иш 65:24) – деген көне пайғамбарлық сөзді жаңа қырынан көреміз. Иә, шынымен де солай: біз шақырмай жатып-ақ, Ол біздің санамызды Өзі біз үшін дайындап қойған сыйға қарай бағыттайды. Ол бізді өзімізге арналған сыйды қабылдауға мінажат арқылы дайындауға әрекет етіп, есігімізді қағады.

Мінажат жанның тынысы деп жиі айтылады. Тамаша теңеу! Тәнімізге қажетті ауа бізді жан-жағымыздан қоршап тұрады және бойымызға тыныс арқылы енеді. Бәріміз білетіндей, ауамен дем алғаннан гөрі, оны ұстап тұрған қиын. Тыныс алу мүшелерін ашсақ болды, ауа біздің өкпемізге енеді де, бүкіл денемізге өзінің тіршілік беретін әсерін жүргізеді.

Жанымыз қажет ететін ауа үнемі бізді жан-жағымыздан қоршап тұрады. Құдай Мәсіхте бізді Өзінің көп қырлы және барынша жеткілікті рақымымен жан-жағымыздан қоршап тұрады. Бізге тек жүрегімізді ашсақ жеткілікті.

Мәсіх былай дейді: «Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса, Мен оның жан дүниесіне еніп, онымен бірге «дастарқандас» боламын; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады». Мына сөзге назар аударыңыздар: Исаны жанымызға

біздің мінажатымыз тартпайды, Оны бойымызға енгізетін ын-тамыз емес. Ол тек ашық есікті іздейді, Ол біздің бойымызға енуді көптен қалайды; Өзінің бетін қайтармаған жердің бөріне кіреді. Тыныс алған кезімізде ауаның бойымызға қалай еніп, өзінің әрекетін жасайтыны секілді, Мәсіх те ақырын жүрегімізге еніп, Өзінің игілікті әрекетін жүргізеді.

Ол мұны: бізбен дастарқандас болу деп атайды.

Киелі кітап тілінде бірге дастарқандас болу қарым-қатынасты жақындататын, мерекелі түрін білдіреді. Бұл мінажаттың мәніне жаңаша сипат беретін, Құдайдың Өзі мен адамдардың арасына орнатқан бір-біріне риясыз сенетін, мерекелі қарым-қатынасы.

Мінажаттың қандай ұлы рақымдылық екенін көрдің бе!

Ол Исаның біздің мұқтаждығымызға кірісуін білдіреді. Өзінің құдіретін біздің мұқтаждықтарымызды қанағаттандыруға жұмсай алуы үшін, Исаны жүрегімізге енгізуімізді білдіреді. Бұл біздің әртүрлі жағдайларда, Мәсіхтің Өз есімін дәріптеуіне мүмкіндік беруімізді білдіреді.

Сондықтан мінажаттың салмағы сиынған адамның қайратына байланысты емес. Оның қуатты еркі де, қызу сезімдері де, жақсы ойластырылған мұқтаждығы да мінажаттың қабылдануының шарттары бола алмайды. Мінажаттың табысты болуы бұған байланысты емес.

Мінажат ету Исаның жанымызға енуіне және мұқтаждығымызға жақындауға мүмкіндік беруді білдіреді, сонда Ол біздің мұқтаждығымызбен бөліседі және уақыты келген кезде оны қанағаттандырады.

Мінажатты берген Өзі бізді жақсы біледі. Ол біздің неден жаралғанымызды біледі және топырақтан жаралғандығымыз Оның есінде.

Сондықтан, Құдай мінажатты ең әлсіз деген адам сиына алатындай етіп қойды. Өйткені, сиыну тек біздің Исаға ашылуымызды көрсетеді. Бұл үшін күштеу қажет емес. Бұл ерікті іс. Біз Мәсіхтің мұқтаждықтарымызға жақындауын қалаймыз ба? – жалғыз және негізгі мәселе, міне, осы.

Израилдіктер иен далада Құдайға қарсы күнә жасағанда, Құдай оларға улы жыландар жіберді. Осы нәубетте халық тәубесіне келді және Құдайдан кешірім беруін сұрап жалбарынды.

Сонда Құдай осы қыңыр халыққа аяушылық танытты. Құдай жыландарды олардан алып кетеді, бірақ Мұсаға қосынның ортасына бәріне көрініп тұратындай етіп, мыс жыланды іліп қоюды бұйырды. Мейірімді Құдай жылан шағып алған әркім, сол мыс жыланға қараса, жазылып кететіндей етіп белгілеп қойды.

Бұл шынымен де мейірімді белгі еді. Қалағандардың барлығы осылай құтқарыла алатын.

Егер Құдай, жылан шағып алған адам мыс жыланға қолын тигізу үшін, оның жанына еңбектеп жетуі тиіс болатындай етіп белгілесе, онда көпшілігі ол көмекке жете алмас еді: өйткені, у бірден әсер етеді, сондықтан олар тіпті, бірнеше қадам жасап та үлгері алмайтын еді.

Бірақ олардан сауығу үшін мойындарын мыс жыланға қарай бұрудан артық нәрсе талап етілген жоқ.

Өзінің мейірімділігімен, Құдай жылан шағып алғандарға Жаңа Өсиетте де дәл осылай көмек қарастырып қойды: «Мұса пайғамбар айдалада мыс жыланды жоғары көтеріп қойған. Дәл солай көктен келген Билеуші де көтеріліп қойылуға тиіс. Сонда Оған сенуші әркім мәңгілік өмірге ие болады» (Жох 3:14-15);

Жанымыз бен тәніміз қандай мұқтаждықта болмасын – бізге тек Өзінің сауықтырушы күшімен, күнәнің бүлдіруші уын және оның жан мен тән үшін қауіпті салдарын дереу жоюға дайын тұрған Оған назарымызды аударсақ жеткілікті.

Сиыну – мінажатта есік қағып тұрған, бізбен дастарқандас болу үшін және Өзінің атын мадақтау үшін, Ақтап алушыға назарымызды аударады. Науқастарды көз алдымызға елестетейік. Дәрігер оларға қысы-жазы күннің астында болуды тағайындайды. Таза ауа мен күн сәулесінің үздіксіз әрекетінен өздері әбден сауыққанша осылай істейді.

Олардың сауығуы күн сәулесі мен таза ауаның қалай әрекет ететінін білуіне негізделмеген. Сондай-ақ, ол олардың емделу кезіндегі сезімдеріне немесе сауығуға деген талпыныстарына да негізделмеген.

Керісінше, оларға ем ойлары мен еріктерін ширектірмай, өздерін жайбарақат ұстаған кезде жақсы әсер етеді. Сауықтыруды күн жасайды. Науқастар тек таза ауа мен күннің астына жиі шығып тұруға тиіс.



Мінажат та дәл осындай қарапайым.

Біз күнәнің ықпалына ұрынамыз, бәріміз өлімге душар науқастармыз; бірақ «ақталу сыйлайтын күн шықты, оның сәулесінің аясында жанымыз сауықты». Мәңгілік сауығуға ие болу үшін бізден шындықтың Күнімен кездесіп, Оның шуағының астында болудан артық ештеңе талап етілмейді.

Мінажат ету – бұл жаның мен тәніңнің мұқтаждықтарын өзінің сауықтырушы күшімен күнәнің індетін жоятын күннің игілікті сәулесінің астына кіруді білдіреді. Мінажатшыл деген – күн сәулесімен емдейтін сауықтыру орнында болып, Исаға құдіретті күшімен өз мұқтаждықтарыңа күні-түні әрекет етуіне мүмкіндік беру. Мәсіхші болу осы рақымды Күнінің астынан орын алуды білдіреді!

Құдайдың мінажатқа қалай жай ғана қарайтынын мысал арқылы көрсеткім келеді: Матай жазған Ізгі хабардың 9:2-аятында айтылған, сал адамның жақсы достары болды. Олар Исаның досына көмектесе алатынын білгендіктен, досын Иса отырған үйге төсегімен көтеріп әкелді. Бірақ онда жиналған адамдардың көптігінен олар үйге кіре алмады. Сонда олар оны шатырдың үстіне алып шықты да, шатырды ашып, сол адамды дәл Исаның алдына түсірді.

Достары сол жерде Исаның оны дереу сауықтыратын шешуші сөзін айтуын жайбарақат күтіп тұрды. Бірақ таңданыстарына қарай олар басқа шешуші сөзді естіді: «Жігерлен, балам, сенің күнәларың кешірілді!»

Осылайша, бұл жерде Иса маңыздырақ деп санаған басқа өтініш болды. Бұл науқастың күнәларының кешірілуі туралы өтініші еді. Бірақ, ол адам Исаға бір ауыз да сөз айтқан жоқ. Ол өзінің төсегінде тып-тыныш жатты.

Ол адамның төсегінде қалай тек Исаға қарап тыныш жатқанын көз алдыңа елестетіп көрші?!

Бірақ Иса науқастың жүрегінен шыққан күнәларына кешірім алғысы келетін мінажатын сөзсіз-ақ естіді және ең бірінші осыған жауап берді. Содан соң Иса оны тәни дертінен сауықтырып, оның екінші мінажатына да жауап қайырды.

Бұл біздің мінажаттың құпиясына біршама бойлай енуімізге көмегін тигізеді.

Мінажат біздің кез келген сөзімізден гөрі тереңірек енеді. Біз оны сөзге айналдырмастан бұрын ол жүрегімізде болады

және мінажаттың соңғы сөзі аузымыздан шыққан кезде де жүрегімізде қалады.

Мінажат біздің жүрегіміз бен рухымыздың күйінің көрінісі сондай-ақ, жанның Құдайға ұмтылысы, ал Құдай көкте оны Өзіне бағытталған шақыру ретінде қабылдайды. Бұл ұмтылыс сөзбен айтыла ма, жоқ па, оның Құдай үшін маңызы жоқ, бұл тек біз үшін ғана маңызды.

Құдай мінажат ретінде қабылдайтын жүректің күйі мен ұмтылысы қандай болуы тиіс? Мен екі белгіні атағым келеді.

## **1. Дәрменсіздік**

Бұл жағдай – мінажат етуші жүректің ең бірінші және ең сенімді белгісі екені күмәнсіз. Менің түсінігімше, мінажаттың өзі дәрменсіздер үшін белгіленген. Олар үшін бұл соңғы мүмкіндік. Біз мінажаттың жолын таңдағанға дейін, бәрін істеп көруге тырысамыз.

Бұл тек Құдайға бет бұрардың алдындағы ғана жағдай емес. Бүкіл мәсіхші ретіндегі өмірімізде мінажат біздің соңғы мүмкіндігіміз. Иә, білемін, біз жиі оңашада немесе көпшіліктің ортасында жағдайымыздың шарасыздығын сезінбей-ақ, ұнамды мінажаттар айтамыз. Бірақ бұлардың шынайы мінажат екеніне мен сенімді емеспін.

Мінажат пен дәрменсіздік бір-бірімен тығыз байланысты. Тек өзінің дәрменсіздігін түсінгендер ғана мінажат ете алады.

Тыңда, кейде өзін жиі дәрменсіз сезінгенің сондай, тіпті не істеріңді білмейсің. Сен, тіпті сиына да алмайсың. Сенің жүрегің күнә мен арамдыққа толы; бар қалауың Киелі кітап осы дүние деп атайтынның төңірегінде. Мәңгі және киелі Құдайдың саған алыс және жат болып көрінетіні сондай, сен Оған мұндай күйінде жақындауды екі есе күнә деп санайсың. Сен өзіңнен қайта-қайта: «Осы дүниеден шынымен бөлінгім келеме? Немқұрайдылығым мен жартылай мәсіхші өмірім жүрегімнің түкпірінде менің өзге ештеңені қаламайтындығымның салдары емес пе?» – деп сұрайсың.

Адал жан өзінің туа біткен арамдығымен осылай күреседі және өзін дәрменсіз сезінетіні сондай, мінажаты аузында тұрып қалады.

Достым, тыңда! Сенің дәрменсіздігің – сенің ең жақсы мінажатың. Ол сенің жүрегіңнен Құдайдың жүрегіне сенің барша сөздерің мен жүйелі мінажаттарыңнан да артық мұңын шағады. Ол сені дәрменсіздік сезіміне бой алдырған сәтіндей ақ естиді. Сал адамның үнсіз мінажатын естігеніндей, Ол саған да дереу көмектесуге дайын.

Егер сен ана болсаң, онда мінажаттың бұл қырын сен жақсы түсінесің. Сенің кішкентай сәбиің өзінің бір тілегін де сөзбен жеткізуге қабілетсіз, бірақ соған қарамастан, ол қалағанын жылау арқылы білдіреді. Ал сен оның не сұрап тұрғанын түсінесің. Бұл аз десең, тіпті бұл үшін оған айғайлап жылаудың қажеті де жоқ. Саған оның дәрменсіздігін, өзіңе тәуелділігін көру жеткілікті, сонда оның тілегі сенің ана жүрегіңе айқайлап жылаудан артық жетеді.

Барлық аналар мен балалардың Әкесі болғандықтан, біздің мұқтаждықтарымызға Құдай да атсалысады. Біздің дәрменсіздігіміз Оның Әкелік жүрегіне бағытталған жалғыз өтінішіміз және Ол осыны естуге және бізге көмектесуге қашан да дайын. Оған алғысымызды білдірмек түгілі, көп жағдайда бұған назар да аудармайтынымызға қарамастан, мұны орындауға Ол күні-түні дайын.

Егер сен ана болсаң, онда саған мұны түсіну бізге қарағанда жеңілдірек. Ол үшін не істеп жатқаныңды, қандай құрбандықтарға барып, қандай азап шегіп жүргеніңді сәбиің түсінбейтініне қарамастан, сен күні-түні сәбиіңнің қамын ойлайсың. Ол наразы болып, кейде саған қарсы шығады да. Бірақ сен оған абыржымайсың. Оның дәрменсіздігі аналық жүрегіңе бағыттайтын өтініштерінің бәрін сен үнемі естисің.

Құдай да дәл сондай. Тек бір айырмашылығы, Оның сүйіспеншілігі адамдардікіне қарағанда кемелді. Сүюші ананың өз өмірін баласына арнайтыны секілді, Құдай да ақыл жетпейтін рақымымен Өзінің мәңгілік өмірін күнәкар баласының қамын жасауға арнайды.

Құдайдың қарым-қатынасы бәріне бірдей. Оның ішінде әлі бет бұрмаған адамдарға да. Сірә, сен Құдай өзінді сүймейді деп ойлайтын боларсың. Кейде сен Құдайдың өзіңде мүлде шаруасы жоқ деп ойлайсың. Тіпті барлық жоспарларыңды, бақытыңды бүлдіріп, Құдай өзінді қуғындап жүргендей болып көрінеді.

Жоқ, достым, Құдай ондай емес. Тек сен Оны білмейсің. Құдайдың қандай екенін тыңда: «Ол жамандарға да, жақсыларға да күн сәулесін бірдей түсіріп, әділдерге де, әділетсіздерге де жаңбырды бірдей жауғызады» (Мат 5:45). Мәсіх Өзінің соңғы күшін, соңғы сәтін дұшпандары үшін мінажатқа пайдаланды: «Өке, оларды кешіре гөр! Олар не істеп жатқандарын түсінбейді» (Лұқ 23:34). Иерусалимге соңғы рет келген кезінде және осы бір әділетсіз, әрі қыңыр қаланы құтқаратын ешқандай амалы қалмағанда, қаланы күтіп тұрған ауыр жазаны білетін Ол Елеон тауында тұрып, Иерусалим үшін жылады.

Міне, Құдай осындай. Ол Өзінің жауларын жақсы көреді. Әділетсіздердің мұқтаждықтарын, олардың арзан қуаныштары мен уайымдарын, азаптары мен қорқыныштарын көргенде, Құдай олардың уақыт ағымымен тозақтағы мәңгі азапқа қарай жақындап келе жатқандарын, ал олардың мұқтаждықтары мен дәрменсіздіктері Өзінен көмек сұрап зарлайтынын көреді. Ол осы зарды естиді және оған көмектесу үшін Өзінің баласына қарай қолын созады. Сонда, Құдайға бет бұрмаған адам егер ол өткінші нәрселерге қатысты болса, көмекті қабылдайды. Ал Құдай оның жанына көмек ұсынған кезде, дәрменсіз адам қорыққанынан теріс айналып, өзінің Құдайынан тұра қашады, оның бет бұрғысы келмейді!

Мінажат – дәрменсіздерге арналған. Енді Құдайдан қашпай, бірақ көктің нұрының астында киелі күйде тұрған дәрменсіз күнәкарға арналған. Ол өзінің бұрынғы күнәларын, жүрегінің таза еместігін, тәубеге келмегенін, тасжүректігі мен немқұрайдылығын, Құдайға, Киелі кітапқа, мінажатқа қарсы наразылығын, күнәға қатысты еркінің әлсіздігін сезінеді.

Енді оның не істеуі керек?

Өзге адамдар секілді, бұл мұқтаждықта ол Құдайдан көмек сұрап жалбарынады. Анда-санда немесе үздіксіз мінажат етеді. Бірақ ол Құдайдан ешқандай жауап алмайды. Ол өзін жұртта жалғыз қалғандай сезінеді. Сонда ол бар күшін салып жалбарынады. Айналасында өз зарын еститіндей бірде-бір адам көрінбесе де ол жалбарынуын тоқтатпайды.

Сонда әбден жаншылған күнәкар былай дейді: «Құдай маған жауап бермесе, яғни, онда мен дұрыс сиынып жүрген жоқпын. Менің бұл зарым мінажат деп атала ала ма? Бұл жай ғана бос сөздер емес пе? Олар тек бөлменің төбесіне дейін

ғана жетіп жатқан жоқ па? Егер де бұл мінажатта қажетті байыптылық пен кесімді ерік болмаса, онда бұл Құдайдың құлағына жететін мінажат емес».

Менің дәрменсіз досым, сенің дәрменсіздігің Құдайдың Өкелік жүрегіне жететін күшті мінажат болып табылады. Құдай сен Оған өз мұқтаждығыңды адал мойындаған сәтте-ақ естіді. Өлде жердегі дәрменсіз балаларының бірі Өзіне жүгініп жатқан жоқ па екен деп, Ол күні-түні құлағын жерге қарай түріп жүреді.

Өрі қарай тыңда: Құдайдың өзіңді азат етуіне сенің мінажатың түрткі болмайды. Жоқ, сенің мінажатың Иса жүрегіңнің есігін қағып, жүрегіңе еніп, мұқтаждығыңа көмектескісі келетінін саған айтқанының нәтижесі. Сен сиына алмағандықтан, мен үшін бәрі жабық деп ойлайсың. Достым, дәл осы дәрменсіздігің сенің мінажатыңда шешуші рөл ойнайды.

Мінажат ету – бұл Исаға жүрегіңді ашып, Оны енгізуді білдіреді. Менің дәрменсіздігім – Исаға есіктерді айқара ашады және менің барша мұқтаждықтарыма көмектесе алуына Оған мүмкіндік береді.

«Бірақ Ол маған неге жауап бермейді?» – деп сұрайсың сен, не істеріңді білмей дағдырап.

Ол сенің мінажатыңа жауап берді. Дәрменсіздігің арқылы ашқан есіктен, сенің бойыңа енді. Ендігі сенің жүрегіңде орныққан және онда Өзінің игілікті істерін атқарып жатыр. Сен жай ғана Оның жауабын дұрыс түсінген жоқсың. Біз сиынамыз және жауап аламыз, бірақ жауапты бірден түсінбейміз; көбінесе арадан ұзақ уақыт өткенде ғана түсінеміз.

Сен Құдайдан жауап ретінде тыныштық, сенімділік, жүрекке қуаныш күттің. Бірақ ала аламаған кезде, Құдай өзіңе жауап қайырмады деп ойлайсың. Иса бізге көп нәрселер айтады және бойымызда әлі түсінбейтін әрекеттер жасайды. Біз шыдамсызбыз және Оның аяқ жуу кезіндегідей Петірге (Жох 13:1-10) бір нәрсе айтқанын және жасағанын қалаймыз. Бірақ та Иса біздің түсінбегенімізге абыржымайды. Өзінің ісін жайбарақат жалғастыра береді: «Не істеп тұрғанымды сен қазір емес, кейінірек түсінесің», – дейді (Жох 13:7).

Дәрменсіздігіңнен қорықпа. Қалай дегенмен де, ол сенің мінажат етуіңе кедергі келтірмейді. Шын мәнісінде,

ол мінажаттың құпия және қозғаушы күші болып табылады. Құдайға дәрменсіздікті саған бергені үшін алғыс айтуың қажет. Ол Құдайдың бізге беретін сыйларының ішіндегі ең ұлыларының бірі. Біз өзімізді тек дәрменсіздігіміз арқылы ғана ашамыз, сонда Иса Өзінің барша игіліктерімен, күллі сыйларымен біздің мұқтаждықтарымызға енеді.

Көп жайттар жердегідей емес көктен өзгеше болып көрінеді. Біздің мінажаттарымыз да көкке басқаша көрінеді.

Мысалға түнгі мінажат уақытын алайық. Құдайдың балалары бірінен кейін бірі мінажат етеді. Алдымен өзгелердің алдында дауыстап сиынуға үйренгендер мінажат етеді. Олар жақсы, ғибратты сиынады және олар «аумин» деген кезде, олардың мінажаттарының орынды болғандығымен бәрі бір ауыздан келіседі. Осы жиынға дауыстап сиынғысы келетін біреу қатысып отыр. Ол өзінің мінажатқа өзгелердің бәрінен де артық мұқтажырақ екенін біледі. Бірақ мінажат ету ол үшін өте қиын. Оның ойлары жүйесіз, асығып сөйлейді. Мінажаттың соңына қарай абдырап қалатыны сондай, ол «аумин» деп айтуды ұмытып кетеді. Мінажатынан, өзінен көңілі қалғаны сондай, жиналыс аяқталған кезде, өзгелердің жүзіне қарауға батылы өзгер жетеді.

Бірақ мен жолы болмаған бір дәрменсіз адамның Құдайға шынымен сиынғанын естіп, көкте қуаныштан жаңа мадақтау әні шырқалды деп ойлаймын. Иә, мұндай мінажат көктегілерге де әсерін тигізеді.

Мінажат кезіндегі дәрменсіздіктің әсері әр түрлі. Біздің сезімдерімізде ол түрлі әрекеттер жасай алады. Мәсіхші өміріміздің алғашқы кезеңінде дәрменсіздік әдетте біздің сезімдерімізге бәрінен күшті әсер етеді. Осы уақытта Құдай бізді өз-өзімізге сенімділік және өз-өзімізге үміттену күйінен шығарып, жүрегімізді шын көңілден (Иш 57:15) өкіндіреді, рухымызды көндіреді. Осының бәрі бізге тосын, әдеттен тыс қана емес, сондай-ақ түсініксіз де болып көрінеді.

Оған біздің ақылымыз жетпейтіндей құдіреті жатады. Оның ұлылығы сондай, Оны толықтай тануға ешбір жаратылыс иесі қабілетті емес. Сондықтан Оның құдіретін ұқпайынша, ешбір адам баласы Құдаймен кездесе алмайды. Оянған күнәкар арада көп өтпей-ақ: «Мен неліктен тыныштық, сенімділік, қуаныш

ала алмаймын? Мен өзер шыдап жүрген мұқтаждығыма Құдай неге көмектеспейді? Құтқарылуды қалайтынымды көре тұрып, менің мәңгілік өлімге душар болуыма Ол неге жол береді? Ол менің көмек сұраған зарыма неге жауап бермейді?» – деп жасқана сұрай бастайды.

Тартып жүрген азаптарымыздың себебі мен олардың мақсатын білу жолында біздің көп қиыншылық көруіміз мүмкін. Бірақ бәрінен де бізді мағынасыз болып көріне бастайтын ұғынуға ақылымыз жетпейтін құдіреті қатты мазалайды. Сондықтан бізді бәріненде дәл осы Құдайдың құдіреті абыржытады. Құдайдың басқа ешбір қыры біздің өз-өзімізге сенімділігімізді дәл осы ақылымыз жетпес құдіреті секілді шайқалта алмайды.

Бұл Исаның былай деуіне түрткі болды: «Ал Маған деген сенімінен бас тартпаған әркім бақытты!» (Мат 11:6).

Біз алғаш рет не істерімізді білмейтін сәтке келеміз. Біз бұрынғы өмірімізге қайтып орала да алмаймыз, сонымен қатар Құдайға апаратын жолды да таба алмаймыз. Ақылымыз жетпейтін құдіретті Құдайға толықтай сенім артуды біз әлі үйренген жоқпыз. Ақылымыз жетпейтін күй бойымызды үнемі үрейден сірестіріп тұрады.

Құдайдан және өзінің ар-ұжданынан қашпай, осының бәріне шыдаған адам кереметті басынан өткереді: Құдай оның өз-өзіне үміт артуы мен өз-өзіне сенімділігін жояды. Қалай болғанын өзін де, құдіретті Құдаймен қарым-қатынас жасауға тырысамыз. Оған үміт артып және Одан тыныштық тауып, құдіретті Құдайдың алдында бас иеміз және оған Мәсіх арқылы ғана қол жеткіземіз. Осылайша күнәкар адамның өмірінде Құдайдың құдіреті мен өзінің дәрменсіздігінің арқасында маңызды оқиға орын алады. Дәрменсіздігі бұрын оның бүкіл тұла бойын толқытып, қорқыныш ұялатқан болса, енді бұны күнәкардың Құдай алдындағы қалыпты жағдайы ретінде қабылдайды. Өзінің Құдаймен қарым-қатынасындағы дәрменсіздігі баланың анасымен қарым-қатынасындағы дәрменсіздігінен артық еместігін ол енді өз тәжірибесінен біледі. Мәселе күнәлардың кешірілуі жайында немесе оны жеңу жайында, тіпті оның жанындағы жаңа өмір, рақымдылықта өсу мен Құдайдың және адамдардың алдындағы өмірінде оның адалдығы туралы болсын, ол өз өмірінің барлық қырында дәрменсіз күйде қала береді.

Енді дәрменсіздік оның мінажаттық өміріне жаңаша енеді. Бұрын оның жанын үнсіздік қалпына түсірген болса, енді өзгерген жүрек өзінің дәрменсіздігін сезінуден және сәбидің өзін анасының қамқорлығына тапсыратыны секілді, ол да өзін бүтіндей Құдайдың қамқорлығына табыстаудан өзге ештеңеге мұқтаж емес екенін біледі.

Сондықтан да, мінажаттың мәні Құдайға өзімізді қаншалықты дәрменсіз сезнетініміз туралы айту болып табылады. Құдай Рухы дәрменсіздігімізді баса көрсетіп, біз өз болмысымыздың сенуге, сүюге, үміт артуға, қызмет етуге, құрбандық жасауға, зардап шегуге, оқуға, мінажат етуге және күнәға еліктеуге қарсы күресуге қаншалықты қабілетсіз екенін түсінген кезімізде мінажатымыз ынталы бола түседі.

Біздің осы Құдаймен қарым-қатынасымыздағы дәрменсіздігіміздің бақытынан шығып кететін сәтіміз жиі болып тұрады. Ескі қалпымызға үміт артуымыз, бұрынғы өзімізге сенімділігіміз қайта бас көтереді. Осының кесірінен, біз өзіміздің дәрменсіздігімізбен қайтадан күресе бастаймыз. Ол біздің бойымызды қайтадан қорқыныш пен абыржуға толтырады. Біз үшін бәрі бұлыңғыр болады. Күнәларымыздың кешірілетініне сеніңкіремейміз. Жүрегіміздегі тыныштық жоғалады. Бойымызды немқұрайдылық, жалқаулық басады, рухани мүдделерден ада боламыз. Күнделікті өмірімізді күнә билеп, Құдайға деген қызметімізге наразылық туа бастайды.

Бұл Құдай біздің жүрегімізді қайтадан «жаншығанша» жалғасады және біз өзіміздің ақылымыз жетпес Құдайдың рақымдылығына, сүйіспеншілігі мен қамқорлығына берілуден өзге ештеңеге қабілетсіз, дәрменсіз күнәкар екенімізді қайта түсінеміз. Сонда дәрменсіздігіміз Құдаймен және адамдармен қарым-қатынасымызды және бірінші кезекте, біздің мінажатқа дұрыс көңіл бөлуді қайтадан қалпына келтіреді.

Мінажаттағы дәрменсіздік сал адамның басындағы күйге қатты ұқсайды. Алғашында оның дәрменсіздігінің қиын, адам төзгісіз дерлік болғаны сондай, ол тіпті қасықты аузына апара алмайтын немесе бетіне қонған шыбынды үркіте алмайтын. Бұған іштей қарсыласып және дене мүшелерін бұрынғыдай қозғалтуға талпынған оған мұның қандай ауыр болғанын көз алдыға елестету қиын емес. Ақырында ол өзінің ауыруына кенуге және дәрменсіздігіне бағынуға мәжбүр болды. Ол бұрын



қалай дәрменсіз болса, қазір де дәл сондай дәрменсіз. Бірақ бұл жағдайы енді оны қорқытпайды және азапқа салмайды. Ол енді өмірінің бір бөлшегі болғандықтан оның барша болмысына таңба басады. Ол бәрінен де көмекке мұқтаж. Бұл оны мойынсұндырады. Бірақ бұл мойынсұну, оны қандай өзгеріске ұшыратқанына назар аудар. Оның көмек сұраған момын, талғамайтын өтініштері өз дәрменсіздігі үшін кешірім сұрағанмен бірдей естіледі. Ол аз көмектің өзіне қандай разы десеңші! Оның бар ойлары мен жоспарлары дәрменсіздігімен айқындалады. Ол өзіне қамқорлық жасайтынға толықтай тәуелді. Біз осы тәуелділіктің оған қамқорлық жасаушы мен оның арасында қандай ерекше қатынас орнатқанын көреміз. Адамдардың арасында бұдан өткен мықты байланыстың болуы мүмкін емес. Дәрменсіздігіміз бізді Құдайымызбен дәл осылай байланыстыруы тиіс және біздің Оған осы тәуелділігімізді толық бағалау мүмкін емес. Исаның мына сөздері туралы ойланшы: «Менен бөлініп сендер ешбір игілік істей алмайсыңдар» (Жох 15:5); Ол бұл жерде бір сөйлеммен өмір бақи үйренетінімізді айтып береді. Тіпті өлім қақпасының алдына келгенде де, біз мұны әлі толықтай үйрене алмаймыз.

Мен дәрменсіздіктің мәнісін баса айтпай тұра алмаймын; ол біздің мінажаттық өміріміздің ғана емес, сондай-ақ Құдаймен барша қарым-қатынасымыздың шешуші факторы болып табылады. Өзіміздің дәрменсіздігімізді сезініп тұрған кезімізде, бізді ешқандай қиындық жеңе алмайды, ешбір мұқтаждық абыржыта алмайды және ешбір кедергі қорқыта алмайды. Біз өзімізден ештеңе күтпейміз, сондықтан барша қиындықтар мен кедергілерді мінажатта Құдайға тапсырамыз. Осылайша біз Құдайға есік ашамыз және Оның осы дәрменсіздігімізде Өзінің ғажайып құдіретін көрсетуіне мүмкіндік береміз.

## 2. Сенім

Енді мен Құдай мінажат ретінде қабылдайтын, Оған жерден бағытталатын, сөзбен айтылған, немесе сөзсіз нәрсенің екінші қырына көшейін. Мінажаттың осы қыры болған жағдайда ғана

біздің жүрегіміз Оған жерден бағытталған, сөзбен айтылған немесе сөзсіз мінажат ретінде қабылдайтын күйге енеді. Киелі кітапта былай жазылған: «Ал сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес» (Евр 11:6). Иә, дәрменсіздігіміз қаншама зор болса да, сенімсіз мінажат жоқ. Мінажатты тек сенім мен дәрменсіздік екеуі бірігіп құрайды. Сенімсіз мінажат – пайдасыз құр айқай ғана.

Сенім туралы сөз қозғаса болды, бұл жерде мәселенің мінажаттық өмірдің ең сезімтал қыры туралы болып тұрғанын сиынатындардың барлығы да біледі. Мінажаттымды естісін десеңіздер, сеніммен сиыныңдар деп Киелі кітапта жиі айтылады.

«Сендерге шындығын айтамын: егер еш күмәнсіз Құдайға сенсеңдер, Менің осы ағашқа істегенімнен де зор нәрсені істейтін боласыңдар. Мына тауға: «Орныңнан көтеріліп, теңізге лақтырыл!» – десеңдер, сол орындалады. Құдайға сеніммен сиынып (Оның еркіне сай) нені сұрасаңдар да, Одан аласыңдар» (Мат 21:21-22);

«Егер Маған сенсең, Құдайдың құдіретті ұлылығын көресің деп саған айтпап па едім?» (Жох 11:40);

«Сеніміңе сай тілегің болсын!» (Мат 8:13);

«Тек шүбәланбай, сеніммен Құдайдан сұрауларың керек. Себебі күмәнданған адам жел айдап, соқтығысқан теңіз толқынына ұқсас. Мұндай кісі Жаратқан Иеден бір нәрсе аламын деп күтпесін: ол – екі ойлы, барлық іс-әрекетінде тұрақсыз адам» (Жақ 1:6-8);

Бұл сөздер кейбір сенушілерді абдыратып, оларды дәрменсіз ететіні сондай, оларға мінажат ету мүлде мүмкін емес секілді болып көрінеді. Өйткені бәрі айқын ғой: кім Құдайға сиынғысы келсе, сол сенуі тиіс. Мінажаттың естілетініне сенбей сиыну Құдайды мазақ етумен тең.

Ал егер шынайы сиынушы өз-өзін Жазба сөздері бойынша сынап көретін болса, онда ол өзіне сенімнің жетіспейтініне көз жеткізеді. Еш күмәнданбай, сеніммен сиыныңдар деп жазылған. Ал бірақ кейбіреу бәрін керісінше істейді. Ол сиынудың алдында да, үстінде де, соңында да күмәнданады. Ол теңіз толқындарына ұқсайды: күмәннің желі оны бірде олай, бірде былай лақтырады. «Ол екі ойлы, барлық іс-әрекетінде

тұрақсыз адам», – деген Жазбаның сөздері осы адамға арналып айтылғандай емес пе? Ол мұқтаж, ол дәрменсіз және сол себептен мінажат етеді. Жиі және қызу сиынғанына қарамастан өзі үшін, жақындары үшін қанша зарласа да ол мінажатына жауап ала алмайды. Мұндай мінажаттан кейін оның жүрегінде мүмкін, Құдай мені осы жолы еститін болар деген үміт пайда болады. Сөйтіп ол мазасызданып жауап күтеді. Бірақ тағы да ешқандай өзгеріс жоқ! Сонда ол өз мінажатына үкім шығарады: ол сенімсіз сиынғандықтан, Құдай оны ести алмайды. Ол күмәнданып сиынады. Күмән оның әрбір мінажатына еніп алуға қалай тырысады десеңші! Ол мінажат етуден қорқа бастайды. Ол мінажат ету арқылы күнә жасаудан қорқады. Күмәнданғыш достым, сенің жағдайың өзің ойлағандай жаман емес. Сенімің өзің ойлағаннан артық. Сенің мінажат етуге, оның естілуіне сенімің жеткілікті. Сенім – қызық нәрсе, кейде оны мықтап жасырынып алатыны сондай, біз оны не көре, не таба алмаймыз. Бірақ та осында ол өзін ерекше, айқын белгілермен көрсетеді. Енді осыған кеңірек тоқталайық.

Сенімнің мәнісі – Мәсіхке келу. Бұл сенімнің әлі тірі екендігінің ең басты және ең дәлелді белгісі. Күнәкарда күнәлары мен мұқтаждықтарынан өзге ештеңе жоқ. Мұны оған Құдайдың Рухы көрсетіп береді. Сенім күнәкардың бұрынғысынша Құдайдан және жауапкершіліктен қашпай, енді бар күнәларымен және барша мұқтаждықтарымен Мәсіхтің нұрына қарай жүруінен жай ғана көрінеді. Бұлай істейтін күнәкар осыған сенеді.

Жазбада былай делінген ғой: «Мен Өзіме келгендерді ешқашан қуып жібермеймін» (Жох 6:37); «Егер де күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады» (Жох1 1:9);

Кезінде Исаға келген және Иса оларға: «Сенімдерің арқылы құтқарылдыңдар», – деген адамдар дәл осыны істеді. Олардың істеуге тиіс әрекеті, Исаға келіп, Оған өздерінің тәни немесе рухани мұқтаждықтары туралы айтып беру еді.

Тірі сенімнің қарапайым және айқын белгілерін есінде ұста: адам өзінің мұқтаждығын көреді, өзінің дәрменсіздігімен келіседі, Исаға келіп, Оған өзінің жағдайының қаншалықты жаман екенін айтады және өз шаруасын Исаның қолына

тапсырады. Енді біз мінажат ету үшін қаншалықты сенім қажет екенін өзімізге айта аламыз. Егер біз өз дәрменсіздігімізбен Исаға келетін болсақ, онда сеніміміз жеткілікті.

Бұл жерде біз шынайы мінажаттың дәрменсіздік пен сенімнің жемісі екенін көреміз. Сен Исаға келіп, Оған өз мұқтаждығың туралы ашық әрі үлкен сеніммен айтқан кезінде, дәрменсіздігің мінажатқа айналады. Сенім арту дегеніміз, міне, осы.

Мінажаттың мәнісі сиыну үшін сенімнің жеткілікті екендігінде. Мінажат үшін біздің мұқтаждықтарымыз бен дәрменсіздігімізде. Өзінің ғажайып құдіретін көрсете алуы үшін, Исаға есігімізді ашудың жеткілікті екенін көрдік. Біздің өтінішімізді орындауына сеніміміз Исаға көмектеспейді. Иса көмекке мұқтаж емес, Ол тек бізге көмектесуіне ерік беруімізге ғана мұқтаж. Сеніміміз Исаны біздің мұқтаждықтарымызға ендіре алмайды және Оның біз туралы ынтасын оятпайды. Оның назары баяғыдан-ақ бізге бағытталған! Бізге көмектесу үшін мұқтаждықтарымызға енуді баяғыдан қалайды. Бірақ та біз «есігімізді ашпай», яғни, мінажатымыз арқылы Оның көмектесуіне ерік бермегенімізше бізге ене алмайды.

Мінажаттың алдында да, кейін де, бойынды жиі билеген күмәндану мен ішкі сенімсіздік күйінді сен сенбеушілік деп атадың. Бұл жерде, өкінішке орай, өте кең таралған және мінажаттық өмірге зиянын тигізетін түсініктердің шатасуы тұр. Сенбеушілік – күмәнданудан мүлде басқа нәрсе. Сенбеушілік – адамның сенгісі келмейтін, яғни, өзінің мұқтаждығын көріп, дәрменсіздігін сезінгісі келмейтін, өз күнәлары мен мұқтаждығын ашық және толықтай сеніммен айту үшін, Исаға барғысы келмейтін еріктің күйі. Күмәндану болса – бұл азап шегу, бұл мезгіл сенімді меңдеп алатын әлсіздік. Біз оны сенімнің дерті ретінде бейнелей аламыз. Кез келген өзге дерт секілді, бұл дерттің де ауыр, не жеңіл өтуі, қысқа уақытқа немесе ұзаққа созылуы мүмкін. Егер біз оны басымызға түскен азап, жан ауруы ретінде қабылдайтын болсақ, онда ол өзінің бізді үрейлендіретін және абдыратып тастайтын күшінен айырылады.

Басымызға түскен барша азаптар біздің игілігімізге қызмет етуі тиіс. Сенімнің азабы да солай. Осылайша, бұл дәл біз ойлағандай қауіпті емес. Бұл біздің сеніміміз үшін де, міна-

жатымыз үшін де қауіпті емес. Бұл бізді дәрменсіз етеді және жоғарыда көргеніміздей, дәл осы дәрменсіздік – мінажаттың қозғаушы күші. Біздің мінажаттық өмірімізге өзге ештеңе дәл осы дәрменсіздігіміздің уайымынан артық көмектесе алмайды.

Сырттай қарағанда бұл соңғы ойлар жоғарыда келтірілген Жазбаның тұстарына қайшы келеді. Бұл орындар күмәнданушының өз мінажатына жауап күте алмайтынын ашық айтады. Бірақ та бұл сөздерді мәтіннен бөліп-жаруға болмайды. Бізге оларды Жазбаның осыған ұқсас ойларды айтатын өзге тұстарымен салыстыру қажет. Осындай қысқа хабарламаның бірін біз Марқа жазған Ізгі хабардан таба аламыз (9:14-30);

Иса үш шәкіртімен өзгеру тауында болған кезде, қалған шәкірттерге бір адам өзінің жын соққан баласын алып келді. Бірақ та олар оның бойындағы жынды қуып шығара алмады. Иса қайтып оралған кезде, әлгі адам ұлын дереу Оған алып барды. Исаға ол ұлының қанша уақыттан бері ауыратынын және оның қатты азап шегіп, қиналатынын айтып берді. Сөзінің ақырында ол Исадан: «Қолыңыздан келсе, бізді мүсіркеп жәрдем ете көріңіз!» – деп өтінді. Иса оған: «Қолыңыздан келсе» деген не сөз? Сенушіге бәрі де мүмкін», – деп жауап қайырды. Исаның сөздерінің байыптылығын түсінген әке: «Мен сенемін. Сенімім жетіспегенде оны нығайта көріңіз!» – деп дауыстап жіберді.

Бұл жерде біз күмәнді сенімнің әдеттегі мысалын көріп тұрмыз. Күмән әдеттегідей екі бағытта дамиды: оның бір бөлігі Құдайға, ал екінші бөлігі біздің сенімімізге қатысты болады. Әлгі адам өзі не сезінсе, соны айтып тұр: «Қолыңыздан келсе, бізді мүсіркеп жәрдем ете көріңіз!» Демек, ол Исаның көмектесе алатынына толықтай сенімді емес. Бірақ Иса: «Сенушіге бәрі де мүмкін», – деп жауап берді. Сол кезде адам Исаның сөздерінің шынайылығын және сонымен бірге өз сенімінің әлсіздігін сезінді. Бұл ол үшін бәрінің тәуекелге тігіліп тұрған сәті еді. Сонда оның өз жүрегінде сенім мен күмәннің арасында күрес жүріп жатқанын мойындаудан өзге амалы қалмайды: «Мен сенемін. Сенімім жетіспегенде оны нығайта көріңіз!» Оның өз сенбеушілігі жайында айтып тұрғаны түсінікті. Ол өзінің күмәндануын сенбеушілік ретінде қарастырады. Шынайы сенуші әдетте өзін осылайша қатал айыптайды. Бірақ та бұл

күмөнданғыш, тайғақ, әлсіз сенімге Иса басқаша қарайды. Исаның көзқарасында бұл сенімнің тап өзі. Бұл Оның баланы сауықтырғанынан-ақ көрінеді. Егер әкенің күмөндануы сенбеушілік болғанда, Иса баланы сауықтыра алмас еді (23-аят). Бұл Марқа жазған Ізгі хабардың 6:5-6 аяттарында бұдан да айқын көрінеді: «Басқа кереметтер жасай алмады... әрі жұрттың сенбеушілігіне таңғалды».

Сенімнің қандай әлсіз, күмөнданғыш болуы мүмкін екенін көрдің бе! Сондай-ақ, мінажат кезінде, сенімнің өзіне сенбеушілік ретінде үкім шығарғанына назар аудар. Бірақ бұл жерде сенім бар еді. Ол Исаға ең керемет сауықтыруының бірін жасауы үшін жеткілікті еді. Шәкірттер жын соққан балаға ештеңе істей алмаған болатын.

Осындай сенімі әлсіз, күмөнданғыш адамның өтініші естіліп, оның көмек алғанын қалай түсіндіруге болады? Ол дұрыс жолды тапты. Ол Исаға келді. Ол Исаның алдында өзінің азаптарын жайып салды. Сондай-ақ, ол Исаға өзінің сенімдегі мұқтаждығын және жүрегінің күмәнға толы екенін айтып берді.

Мінажат пен сенімнің мәнін түсінгенімізден кейін, біздің мінажаттық өміріміздің оңайланатыны еш күмәнсіз.

Бірінші кезекте, бізге мінажатымыздың естілуі, мінажаттан бұрынғы, оның үстіндегі және одан кейінгі сезімдерімізге немесе ойларымызға қатысты еместігі айқын болды. Марқа жазған Ізгі хабардың 9-шы тарауындағы сорлы әкенің мысалы бұған айқын дәлел.

Оның мінажатқа дейінгі, кезіндегі және кейінгі сезімдері, әрине көңілсіз болды. Оған тығырықтан шығар жол көрінбеді. Шәкірттер баланы сауықтыруға талпынды, бірақ бұларынан ештеңе шықпады. Содан кейін Иса келіп, сенім туралы байсалды сөз айтты. Ал әлгі бейшара адам: «Мен сенемін. Сенімім жетіспегенде оны нығайта көріңіз!» – деген кезде ол өзі үшін бәрі бітті деп есептеген жоқ па? Оның ойлары сезімдерінен жоғары болған жоқ. Біз оның ойларын «Қолыңыздан келсе», – деген сөздеріне қарап біле аламыз. Яғни, ол Исаның өзіне көмектесе алатынына анық сенімді болған жоқ және ол Исаның сөздерінен көмек оның өзіне де, өзінің сеніміне де байланысты екенін түсінгенде мүлде абдырап қалды. Ол өзінің іштей сенім мен сенбеушіліктің арасында толқып тұрғанын анық білді.

Иә, бұл жерде біздерге де қатысты жайт бар; мінажат еткен кезімізде біз де дәл осылай күй кешеміз. Біз де күмәнмен сенімнің арасында толқып тұрамыз. Біз өзіміздің дұрыс сиынганымызға, мінажатымыздың Құдайдың еркіне сәйкес келетініне мүлде сенімді емеспіз. Тіпті Құдайдың еркімен сиынатынымызға сенімді болған кездің өзінде, мінажатымызда байыптылық пен тебіреністің аз болатыны сондай, біз осыдан-ақ оның естілетініне күмәнданамыз; тіпті, осындай көңіл-күймен сиынуды Құдайды мазақ ету ме деп сескенеміз.

Осындай сәтте өз мұқтаждығымызбен Исаға келген кезімізде, сеніміміз жеткілікті екенін білгеніміз маңызды. Жүрегімізде күмән көп, ал сенім аз болса, біз Исаға келген әкенің әрекетін істей аламыз: біз Оған өзіміздің күмәніміз және әлсіз сеніміміз туралы айта аламыз. Сонда біз жеңілдеп қаламыз және енді нық сиынамыз. Маған сенімімді нығайтуға тырысудың немесе жүрегімнен күмәнді кетірудің қажеті жоқ; өйткені мұның екеуі де үмітсіз шара болар еді. Мен қанша ауыр болса да, барша мұқтаждықтарыммен Исаға келе алатынымды және күмәндарым мен сенімімнің әлсіздігінің мұны істеуіме кедергі келтірмеуі керектігін түсіндім. Мен Оған тек сенімімнің қаншалықты әлсіз екенін айтамын. Осылайша Исаға жүрегімді ашамын, сонда Ол менің мінажатымды ести бастайды.

## **Мінажатқа байланысты қиындықтар**

*«Иемденбейсіңдер, өйткені оны Құдайдан сұрамайсыңдар».*

Мінажат ету – бұл Исаға өз жүрегіңді ашу. Біз осы жердегі өмірімізде де, мәңгілікте де Исаға мұқтажбыз. «Құдай Мәсіхті даналығымыздың бастауы етіп, бізді Ол арқылы ақтап, Өзінің қасиетті халқы қылып, күнәнің құлдығынан құтқарды» (Қор1 1:30); Бұл жерде біздің алдымыздан Құдайдың құтқару жоспарындағы мінажаттың мақсатына, орны мен мәніне Киелі кітаптың көзқарасы ашылады. Иса бірде былай деді: «Менен бөлініп сендер ешбір игілік істей алмайсыңдар» (Жох 15:5); Ол бұл сөздердің қандай шынайы екенін, Өзінсіз біздің

қаншалықты дәрменсіз екенімізді білді. Бірақ, сонымен қатар Ол тағы былай деді: «Құдайдан сұраңдар, сонда ол сендерге (мұқтаждарыңды) береді». Ол бізді Өзіне шақырудан, бізді жарылқаудан, мінажатқа шақырудан жалықпайды. Мінажат етуге Киелі кітаптың көптеген әр түрлі шақырулары жинақтала келе, мінажатқа өздерінің айырықша нұрын түсіреді. Олар бізге мінажаттың ақталғандардың өмірінің тынысы екенін көрсетеді.

Осы жерде мен Құдай бізге бағыттаған бірнеше мінажатқа шақырған тұстарға тоқтала кеткім келеді: «Құдайдан сұраңдар, сонда ол сендерге (мұқтаждарыңды) береді; іздеңдер, сонда табасыңдар; есікті қағыңдар, сонда ол сендерге ашылады. Себебі сұрай берген әркім алады, іздей берген табады, қағып тұрғанға есік ашылады. Араларыңдағы қандай кісі нан сұраған баласына тас берер еді? Не балық сұраса, жылан берер еді? Сонымен, өздерің күнәкар бола тұра балаларыңа жақсылық жасауды білсеңдер, көктегі Әкелеріңнің Өзінен сұрағандарға жақсылық жасайтыны ешбір шүбәсіз!» (Мат 7:7-11);

«Ал егер сендер Менімен тығыз байланыста тұрсаңдар, әрі Менің сөздерім өздеріңмен бірге болса, қалағандарыңның бәрін көктегі Әкемнен сұраңдар, сонда аласыңдар» (Жох 15:7);

«Еш нәрсені уайымдамай, барлық жағдайда өтініштеріңді Құдайға сиынып тілекпен және шүкірлікпен білдіріңдер» (Флп 4:6);

Исаның мінажатқа қалай қарайтыны түсінікті болуы үшін, маған Жазбаның осы үш тұсын келтіру жеткілікті секілді көрінеді. Егер маған осыны өз сөздеріммен жеткізу қажет болса, онда мен шамамен былай деген болар едім: «Иса күнәкарға келеді, күнәкар ұйқысынан оятады, тәубеге келтіреді, барша күнәларын кешіріп, Өзінің баласы етеді. Ол Өзінің мықты, шегемен тесілген қолына оны алып: «Енді қалған барлық жолыңда сенімен бірге жүріп, сені көкке жеткізгім келеді. Қиындықтарға ұшырасаң, оны бірден Маған айт. Ешбір жазғырмай саған мұқтаждықтарыңның бәрін, тіпті одан көп бергім келеді. Сен әлі өмір сүріп жатқан кезде, әр күні және әр түні осылай еткім келеді».

Достым, бізге мінажатты берген кезде, Иса дәл осыны айтқысы келді деп ойламайсың ба? Бізге оны осылай қолдану қажет. Иса біздің мінажаттарымызға мейіріммен жауап



қайырғысы келеді. Мінажат – оның көмегі арқылы мұқтаж-дықтарыма жауапты үздіксіз алып отыратын құралым болуы тиіс; ол менің күнделікті паналайтын жерім, күнделікті жұбанышым, күнделікті қуанышым, өмірімде бақыттың сарқылмас қайнар көзі болуы тиіс.

Сондықтан, Құдайдың баласы Исаға өзінің мінажатқа немқұрайды қарай бастауынан қиын мәселе келтірмейтіні айқын. Себебі, біздің көпшілігіміздің басымыздан өткеніндей, осы немқұрайдылықтың кесірінен Ақтап алушымен байланыс үзіледі және Құдай баласының ішкі өмірі біртіндеп сола бастайды. Талай адамның мінажатқа немқұрайды қарайтындары сондай, олардың рухани өмірлері кібіртіктей бастайды. Сондықтан да мен Құдайдың: «Сұрасаңдар да, ие бола алмайсыңдар» (Жақ 4:3); – деп айтуға мәжбүр болған кездегі қамкөңілдігін түсінемін. Құдайда бізге керектің барлығы да бар және Ол үшін бізге Өзінің сыйлықтарын дарытқаннан ұнамды нәрсе жоқ. Бірақ біз сұрамаймыз. Уақытымыз жоқ, дейміз. Осының салдарынан үйде де қауымда да кемтар адамдар секілді рухани аш және әлсіз болып жүреміз. Күнәмен күресу және Құдайға қызмет ету түгілі, өз аяғымызбен тұруға күшіміз өзгер жетеді.

Тәубеге келгеннен кейін, мен Көктегі Өкемнің алдында көп күнә жасадым және Құдаймен қарым-қатынастағы осы 25 жыл өмірімде Оның көңілін көп қалдырдым. Бірақ қазір мен Құдайды бәрінен де қатты ренжіткен күнәм – мінажатқа немқұрайдылықпен қарау екенін түсіндім. Осы немқұрайдылығым барлық кемшіліктерім мен қателіктеріме себепкер болды. Мен назар аудармаған мінажаттың сансыз көп себептері, егер мен сиынғанда алуым мүмкін көптеген жауаптар, мінажаттың қасиетті дүниесіне тереңдеп енген сайын көз алдыма келіп, әшкерелей түсті.

Нәліктен біздің көпшілігіміздің мінажатымыздың жағдайы нашар? Бұл сұрақ мені Құдайдың рақымымен сиына бастаған кезімнен мазалап келеді. Менің ойымша, сиыну – өзіміз үшін қиын іс екенін бәріміз мойындауымыз қажет. Бар қиындық сиынған кезде. Біз оны қандай да бір мәжбүрлену ретінде сезінеміз.

Тәндік пенденің мінажатты мәжбүрлену ретінде қабылдайтынына таңдануға болмайды, себебі «өз еркімен жүретін

адам Құдайдың Рухынан келгенді қабылдамайды, соны түсіне алмай, ақымақтық деп санайды» (Қор1 2:14); «Ескі күнәкар болмысының еркімен өмір сүретіндер Құдайға ұнай алмайды» (Рим 8:8);

Рас, тәндік адам, мысалы, ол мұқтаждықта болған немесе айрықша бір діни сезімге бөленген кезде, сиынуға деген құлшынысты сезіне алады. Бірақ үздіксіз күнделікті мінажаттық өмірге ол келісе алмайды. Құдайдың мінажатқа осыншалықты үлкен мән беретіні ол үшін түсініксіз. Неліктен діни қызметкер, немесе уағыздаушылар талап еткендей жиі сиынбайтынына ол көптеген себептер келтіреді. Ол өзіне: «Өрине, дені сау, еңбекке қабілетті адамнан Құдай қымбат уақытының көбін мінажатқа жұмсауын талап етпейді. Әсіресе, әркім өз басымен әуре болып жүрген қазіргі уақытта. Қайта, Құдай еңбек еткен қолдарды көбірек бағалайтын шығар?» – дейді.

Тәндік адам мінажатқа ауыр міндет ретінде, көп адамдар көтере алмай жөніне қалдырған ауыр жүк ретінде қарайды. Өзгелері бұл ауыр жүкті алады және күн сайын аздап сиынады. Бірақ олар мұны қатаң талап ретінде сезінеді және мұны тек Құдай қалайтындықтан ғана істейді. Тәндік адамның күйі осындай екендігі бізді таңдандырмайды. Бізді осындай көңіл-күйді талай сенуші мәсіхшінің бойынан жиі байқайтынымыз таңдандырады.

Тәубеге келген бойда бізді ынталы, жүрекпен сиынатын өмір өзіне еліктіріп әкетті. Мінажат сағаттары күннің ең керемет мезгілі. Бірақ белгілі бір уақыт өткен соң, мінажат біз үшін қиын және жалықтыратын іске айнала бастады. Адал жан ынтамен және адал сиынады, бірақ көп жағдайда ол өзін осыған мәжбүрлейді. Кешірім алған жанның Құдаймен ерікті, қуанышты қарым-қатынасы болып табылатын мінажат мінез-құлық пен ерік күшіне байланысты әр түрлі орындалатын жай ғана міндетке айналды.

Мінажат бізді жалықтырған сайын, одан оңай бас тартамыз және мұның жаман салдары көп күттірмейді. Бірден болмағанмен, ол міндетті түрде жүзеге асады. Бізді Құдайдан алыстататын, күн санап ұлғайып келе жатқан осы дүниелік көңіл-күй бізді Құдаймен сөйлесетін сұрақтарымыз біртіндеп азаятын жағдайға алып келеді. Бойымызда мінажаттық өмірге

немқұрайды қарауымызға сылтаулар табатын қарсы рух өсе бастайды. Ішкі өміріміз біртіндеп әлсірейді. Біз енді күнеларымызды шынайы мойындап, оларды Құдайға айтпаған соң, қандай да бір күнәға опық жеу бұрынғыдай сезілмейді. Осының бәрі біздің рухани көзқарасымыздың әлсіреуіне алып келеді, ненің күнә, ал ненің дұрыс екенін ажыратудан қаламыз. Біз әлі де күнәмен күресіп жатқанымызбен, мұнымыз осы дүниелік адамдардың істейтіндеріне ұқсас болады, яғни, біз салдарынан қорыққандықтан «қауіпті» күнеларды жасамаймыз.

Әңгіме барысында немесе бірлесіп сиыну кезінде ешқандай мағынасы жоқ сөздер айтамыз. Бұл бос сөздер табы бойымызда әлі де бар мінажаттық өміріміздің қалдығына зиянын тигізеді.

Осының барлығы – мінажаттық өмірдің біртіндеп сөніп бара жатқанының салдары. Сенушілердің көпшілігінің күйі осындай.

Менің және өзге де көптеген адамдардың басынан өткен бұл жағымсыз тәжірибе мені қатты ойландырады.

Осы жерде сол ойларымның кейбірімен бөліскім келеді.

Мен өзімнен мінажатқа қатысты қиындықтарымыз, дұрыс сиынбағандықтан туындамай ма екен деп сұрадым. Мінажат – бұл нәзік және сезімтал құрал. Оны дұрыс пайдалану – бұл аса зор және қасиетті өнер. Адами өнердің бірде-бірі мінажат өнері үшін жеткіліксіз. Өзге кез келген өнер туа біткен қабілеттерге негізделген, мол білімді және көп жағдайда ұзаққа созылатын қымбат білім алуға көп қаражатты талап етеді. Құдайға шүкір, мінажат өнерімен жағдай басқаша. Ол туа біткен үлкен қабілеттерге де, білімге де, ақшаға да негізделмеген. Тіпті ең қабілетсіз, ең білімсіз, ең кедей адамның өзі онымен айналыса алады. Бірақ, бұл өнер де өзінің шарттарын қояды. Негізінен, шарттар екеу: жаттығу және төзімділік.

Бұл мінажаттық өмірлерінде жоғарыда айтылған жағымсыз тәжірибені басынан өткерген көпшілігімізге қажетті нәрселер. Олар мінажаттық өмірді дамытудың алғы шарттары болып табылатын жаттығулардың бір бөлігі. Менің ойымша, бізге осы жағымсыз тәжірибелерге түңіле қараудың қажеті жоқ. Біз үшін олардың пайдалы екені күмәнсіз. Бірақ олар шын мәнінде пайдалы бола ма – бұл бірінші кезекте, біз адал күйімізде қаламыз ба, әлде әлсіз мінажаттық өмірімізді ақтауға

тырысамыз ба, соған байланысты. Біз өз қабілетсіздігімізді мойындай отырып, күшіміз жетпейтін міндеттің алдында тұрғанымызды мойындауымыз қажет.

Мінажатта өзін судағы балықтай сезіну, әр күні қуанышпен, Құдайға алғыс білдіре және Оны мадақтай сиыну – бұл адамның мүмкіндіктері мен күшінен әлдеқайда артық нәрсе. Бұл үшін күнделікті Құдайдың кереметі қажет және бұл керемет – біз мінажаттың Рухын алатынымызда. Бізге мінажат етуді тек осы Рух қана үйрете алады. Жазба және күнделікті сиындың әдетке айналғаны арқылы ол бізге өмірдің және мінажаттың заңдарына жаттығуымызға мүмкіндік береді және осының бәрі бізді шын мәнінде мінажаттың қайраткерлері етеді. Сөз арқылы Ол бізге мінажат кезінде жіберетін қателіктерімізді қайта-қайта көрсетіп береді. Ол бұлардың мінажатты біз үшін ауыр ететін қателіктер екенін көрсетеді. Ол бізге мінажаттың өз мәнісін ашып береді және оны қалай дұрыс қолдану керектігін үйретеді. Осылайша біз мінажатта жаттыға береміз.

Бұл жерде мәселе кез келген басқа жұмыс құралын қолданғандағыдай, оны дұрыс қолданбаған кезде біз қиындықтарға ұрынамыз. Алатын пайдамыз да аз болады. Мысал келтіре кетейік: өмірінде бірінші рет қолына күрек ұстаған адам оны өз білгенінше пайдаланып, сабын төмен қаратып жұмыс істейді. Осылай бір сағат жұмыс істегеннен кейін оның: «Күрекпен жұмыс істеу өте қиын екен; онымен бір нәтижеге қол жеткізу екіталай», – деуі әбден мүмкін. Әрине, біз оған күрекпен қалай дұрыс жұмыс істеу керектігін көрсетеміз. Егер ол күрекпен осылай тағы бір сағат жұмыс істесе, онда: «Күрекпен жұмыс істеген қандай оңай еді және оның көмегімен көп іс тындыруға болады екен!» – дейтіні анық.

Өмірде барлық істің өз заңдылықтары бар. Осыларды есепке алған кезде, өмір дұрыс бағытта өрбіп, мол жеміс әкеледі. Сол секілді мінажаттық өмірдің де өз заңдары бар. Егер біз осы заңдарды дұрыс түсінбей, мінажатты оның мәні мен тағайындалуына сәйкес пайдаланбайтын болсақ, онда бізге ол ауыр, әрі жеміссіз болады. Ал егер біз Құдайдың Өзі мінажаттың негізіне қойған заңдарды танып, сол бойынша жүретін болсақ, онда біздің мінажаттық өміріміз жақсы және дұрыс болады. Ол бізге өз кезегінде мінажат етуге жаңа құлшыныс беретін жемістер әкеледі.

Мінажаттың көпшілігімізді жиі жалықтыруы, оны дұрыс пайдаланбаудан. Оның пайдалы болуы біздің ұмтылысымызға еш байланысты емес. Бұл жерде мәселе сиынушылардың көбіне таныс жалығудың себебінде болып тұр. Адамдар: «Менің мінажатымның қолынан не келеді? Мінажаттан ішкі өмірімде де, сыртқы өмірімде де ешқандай өзгерістер орын алмайды. Жазбадан мен мінажатсыз мәсіхші болудың мүмкін емес екенін білемін, сондықтан сиынуымды жалғастыра беруге тиіспін. Бірақ мен мінажаттың қандай да бір әрекетін мүлде сезінбеймін», – дейді.

Осы сәтте адал сиынушы мінажаттың Рухы берген сиынушының қасиетті өнерін үйренетін жағдайға жетті. Осы жерде мен көптеген сиынушылар жіберетін қателіктерді Құдай сөзіне сүйеніп, Киелі Рух көрсетіп беретін тұстарға тоқтала кеткім келеді.

## **1. Біз Құдайға мінажатымызды орындауына көмектесуіміз қажет деп ойлаймыз**

Бірақ Құдай олай ойламайды. Бізге тек мінажат ету қажет. Мінажатымыздың естілуін және оның орындалуын Құдай қамқорлайды. Оған біздің көмегіміз осы үшін қажет емес.

«Иә, мұны білемін», – дер біреу. Олай ойлама! Мінажатымыз арқылы Құдайға өтінішімізді орындауына көмегімізді тигіземіз деген ойдың жүрегіміздің қаншалықты тереңінде жатқанын біз сезбейміз де. Қалай болғанда да, біз Құдайға Оның қалай істеуі керектігі туралы жақсы ұсыныс білдіруге тиіспіз деп санаймыз. Тіпті мұны айтпасақ та, біздер шамамен былай ойлаймыз: «Қымбатты Құдай, менің Сенен сұрайтыным мынау: Мұның қиын екенін білемін; бірақ Сен мұны былай немесе олай, істей аласың, сонда бәрі дұрыс болады».

Мүмкін, біреу маған қарсы шығып: «Жоқ, Құдаймен сөйлесіп отырған сиынушының ешқайсысы бұлай ойламайды», – дейтін болар. Бірақ өздерін терең зерттеп үйренген адамдар бұл жерде ешқандай артық сөз жоқ екенімен келіседі. Біздің

мінажаттарымызды осындай жалықтырғыш ететін және мінажатқа қатысты үнемі қажып жүруімізге себепші дәл осы ойлар.

Күнделікті мінажаттық өмірден бір мысал келтіре кеткім келеді. Біз екі адамның тәубеге келуі үшін мінажат етеміз. Олардың бірі үшін мінажат ету оңай, ал екіншісі үшін қиын. Неліктен?

Олардың біріншісі өзінің болмысы, тәрбиесі және мінез-құлқы жағынан үміті бар, сондықтан оның түзелетінін көз алдымызға оңай елестетеміз. Мінажат кезінде Құдай біздің өтінішімізді орындайтын жолды көргендіктен, ол үшін мінажат етуіміз оңайға түседі. Ал екінші адамның мінезінің, тәрбиесінің жаман екені сондай, біз оның тәубеге келгенін, күнәкар өмірінен қол үзіп, Құдайдың алдында тізе бүккенін көз алдымызға елестете алмаймыз. Мінажат кезінде Құдайдың өз өтінішімізді қалай орындайтынын көре алмағандықтан, бізге ол адам үшін сиыну ауыр тиеді. Мінажат Рухы бізге өтінішімізді орындаудың Құдай үшін ауыр, не жеңіл екенін өзімізден сұраудың қажеті жоқ екенін көрсеткісі келеді. Қандай да бір іс туралы біздің не ойлайтынымыз мінажаттың естілуі үшін ешқандай маңызы жоқ, ол тек біздің мінажатымызға кері әсерін тигізеді, өйткені біз күшімізді өзімізге мүлде жүктелмеген нәрсеге жұмсаймыз.

Мінажаттың құпиясы маған көп жылдар бұрын Ғалилеялық Қана қаласындағы үйлену тойы (Жох 2:1-11) туралы хикаяны оқығаннан кейін ерекше ашыла түсті. Бұл тойға Иса, Оның анасы мен шәкірттері де шақырылды. Сірә, бұл отбасы Исаның отбасымен туыстық, немесе достық қарым-қатынаста болған шығар.

Қалай дегенмен де, біз Исаның анасының той үстінде шараптың бітіп қалғанынан хабардар болғанын көреміз. Исаның анасы бұл жерде өзін нағыз тәжірибелі сиынушы ретінде көрсетті. Ол өзі білген мұқтаждықты алып, баруы тиіс жаққа барады: ол Исаға келіп, осы туралы Оған айтады. Бізге оның Исаға қысқа да, жай сөздер айтқанына назар аудару қажет: «Олардың шарабы қалмады». Бұл жерде біз мінажаттың мәнін көреміз: өзімізге не жетіспейтінін Исаға айтып беру. Біреу үшін мінажат еткенде өзгелерге не жетіспейтінін Исаға айту керек. Бұл жерде біз Исаның анасының өзге ештеңе істемегенін көріп тұрмыз. Ол жай ғана достарының мұқтаждығын Исаға айтып берді және өз жанынан сөз қосудың қажетсіз екенін білді. Ол

Исаның басқаның тарапынан ұсынысқа немесе басқа түрдегі көмекке мұқтаж еместігін білді. Мұқтаждықтың тиісті жеріне жеткізілгеніне сенімді болды. Не істейтінін Ол Өзі біледі. Сондай-ақ, достарына көмектесуі үшін Оны үгіттеудің де қажеті жоқ еді. Көмектесуге ешкім және ешқашан Ол секілді дайын болған жоқ!

Иә, бұл жерде біз шын мәнінде нағыз мінажаттың үлгісін көріп тұрмыз!

Егер де мінажат өнерінің Исаның анасына жақсы болған осы жағын зерттейтін болсақ, онда мінажатымыздың қаншалықты өзгеруі мүмкін екенін біз, әрине, сеземіз.

Көпшілігіміз үшін мінажат біз оның өзімізге немесе өзгелерге не жетіспейтінін Исаға айту екенін түсініп мәнін ұқпағаннан ауыр тиеді. Біз осының жеткілікті екеніне сенбейміз.

Санамызда мұның жеңіл болуы мүмкін емес деп ойлаймыз. Сондықтан да біздің мінажатқа қатысты ойларымыз күрделі болып келеді: «Құдайдың мені естуі мүмкін бе? Құдай менің өтінішіме назар аударғанды қалай ма? Солай болса, бұл қалай жүзеге асады? Өйткені бұл мүмкін емес болып көрінеді ғой!» Ал өмір жалғаса береді және қалаған жауабымызды алмаған біздер: «Құдай бізді жалпы ести ме?» – деп ойлаймыз. Неге бұлай ойлайтынымыз өзімізге де түсініксіз, бірақ дәл осы түсініксіздік мінажатымызды азапты етіп, бойымызды қорқыныш пен мазасыздыққа толтырады. Әсіресе, егер біз, немесе жақындарымыздың басына үлкен мұқтаждық туып, бәрі мінажатымыздың естілуіне байланысты болып көрінген кездерде.

Исаны дәл Оның анасы секілді білген кезімізде бәрі өзгереді, сонда Оған өзіміздің қиындықтарымыз туралы айтып беріп, алаңсыз өмір сүре аламыз. Исаға деген мұндай қарым-қатынас біздің мінажатымыз үшін маңызды алғы шарт және мінажаттың Рухы бізге дәл осыны үйреткісі келеді. Оның міндеті біздің назарымызды бұру және Оның ұлылығын дәріптеу (Жох 16:14);

Жан дүниемізде Исамен осындай таныстық орын алған кезде, біздің мінажатымыз ең жақын Досымызбен ақжарқын әңгімеге айналады. Оған өзіміздің немесе өзгелердің мұқтаждықтарын ашып айтамыз. Үлкенді-кішілі қиындықтарымыз жай-

лы Оған айтып бергеннен кейін, біздің мүлде алаңсыз күйде болуымыз қажет. Ол біздің игілігімізді ойлап қана қоймайды, сондай-ақ бізді бәрінен жақсы түсінеді.

Мінажатта біз әсіресе істеуіміз керек жайт айқын болған кезде, Исаға мұқтаждығымызды айтқан кезде тыныштық табамыз. Осы сәттен бастап бәрі Оған байланысты болады. Егер осылай деуге батылымыз жетсе, жауапкершілікті енді Ол тартады. Бұл жерде солай деуге батылымыз жететінін айта кету керек.

Біз осы құпияны үйренген сәттен бастап, мінажаттық өмірімізде бұрын мінажат кезінде азапқа салатын қорқыныш пен мазасыздықтан азат боламыз. Мінажаттан кейін біз қуанышқа кенелеміз. Біз өз шаруамызды Оның қолына тапсырдық және Оның анасына ұқсап, еркін және қуанышпен өз орнымызға қайтамыз. Біздің ісімізді енді Ол өз қолына алды және біздің өтінішімізді орындауға дайын. Бұрынғы қорқынышымыз бен мазасыздығымыздың орнын енді балалық қызығушылық басады және біз Исаның қиындығымызды қалай шешетінін асыға күтеміз.

## **2. Мінажатты біз «Құдайға бұйрық беру үшін» пайдаланамыз**

Бұл біздің мінажатымыздың Құдайдың еркіне қайшы келетін екінші үлкен қателігі. Ол Өзіне «бұйрық беруге» жол бермейді. Мінажат та, Оның уәделері де біз оларға сүйеніп, Құдайдан біздің еркімізді орындауын талап етуіміз үшін берілмеген.

Ғалилеялық Қана қаласындағы үйлену тойына қайтып оралып, оқиғаның әрі қарай қалай өрбитінін бақылайық. Исаның анасы тағы да бізге мінажатты дұрыс пайдаланудың ештеңемен салыстыруға келмейтін мысалын көрсетеді. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, ол Ұлына барып: «Олардың шарабы қалмады», – дейді. Оның Ұлынан алған жауабы бізге қатал болып көрінеді. Иса былай деді: «Апа, Маған оны не үшін айтасыз? (Керемет жасау үшін көктегі Әкем белгілеген) уақытым әлі келген жоқ».



Бір сәтке тоқтап, ойлан! Мұндай жауап алсақ біз не істер едік? Менің ойымша, әдетіміз бойынша: «Міне, мен сиынамын, бірақ Ол менің мінажатыма еш назар аудармайды», – деген болар едік. Сөйтіп, көңіліміз қалған біз өз шаруаларымызға қайтып оралатын едік. Бірақ Исаның анасы басқаша әрекет етеді. Ол қатаң, тіпті өте қатаң жауап естиді. Менің ойымша, Иса сол сәтте сынақты және анасының тарапынан азғыруды сезді, сондықтан да Оның жауабы қатаң болды.

Анасы Оған келіп, үй қожайындары тап болған қиыншылық туралы айтты. Қонақтар мұны байқап қалмас үшін шұғыл әрекет жасап құтылу керек. Осылайша, уақыты келмей тұрып, әрекет етуді бастау Ол үшін сынақ болды.

Иса Әкесіне мойынсұнып, Оған тәуелділікте өмір сүргені сондай, «өздігінен ештеңе істей алмайды» (Жох 5:19); Сондықтан, егер Ол Әкесінің еркі бойынша істерігісі келсе, онда бұл үшін Әкесі белгілеген сағатты күтуге тиіс болды. Иса бауырларына былай деді: «Өзімді халыққа танытатын уақытым әлі келген жоқ; ал сендер үшін қай мезгіл болса да дер кез» (Жох 7:6);

Иса бұл жерде Әкесі белгілеген уақыттан бұрын араласуға қозғауды көріп тұр. Бұл жайт анасы өтінгендіктен де күшті болды. Бірақ та Иса, тіпті Өзінің анасының бейнесінде келсе де, азғырушының кім екенін біледі, сондықтан Ол: «Апа», – деп оның бетін бірден қайтарады. Ол әңгіме Әкесінің еркі мен белгілеген уақыты туралы болғанда ештеңе назарға алынбайтынына емеурін жасайды. Мәриямға бағытталған бұл қатаң сөз Исаның Петірге айтқан сөзіне ұқсайды. Петір Исаға жаны ашып, Оны өлім туралы ойдан бас тартуға үгіттеген болатын (Мат 16:23); Осылайша, Исаның анасы қатаң да, анық жауап алды. Оның қандай тәжірибелі сиынушы екендігі, міне, дәл осы жерде көрінді. Біріншіден, ол осы жауапқа көнді. Ол бір ауыз сөзбен де наразылық білдірген жоқ. Ол бұл қаталдықтың себебін түсінді ме, жоқ па, біз мұны білмейміз. Бірақ соған қарамастан, ол жауапты үнсіз қабылдады. Исаның айтқаны түсініксіз болса да дұрыс және жақсы екенін ол білді.

Екіншіден, қатал жауап оның өтінішін Исаның естігеніне және бұл істің қамын жасайтынына деген сенімділігін шайқалта алмады. Бұған сенімді болғаны сондай, ол қызметшілерге

барып: «Ол не айтса, соны істендер!» – деп тапсырды. Ол дәл не болатынын білген жоқ. Бірақ бір жағдай болатынын білді. Өйткені ол осы істі Исаның қолына тапсырды ғой.

Үшіншіден ең маңыздысы: ол Исаға бұйрығын жүргізуге және Оның Өзі айтқан уақытын өзгертуіне ықпал етуге тырысқан жоқ. Себебі, Оны тым жақсы білетін еді.

Мүмкін, бұрын, Ол әлі Назареттегі үйде тұрып жатқанда, анасы олай істеуге тырысып көрген де болар. Бірақ, қазір ол Оны тез арада әрекетті бастауға үгіттеудің пайдасыз екенін үйренді. Оның Өз уақыты мен сағаты болды және ешбір адам, тіпті, анасы да бұл жерде ештеңе өзгерте алмайтын.

Мәриям мінажаттың бұл құпиясын үйренді: біз өз мінажатымызбен араласуға болмайтын жағы бар екенін, біз бәрін толықтай, атап айтқанда – өтінішімізді қашан және қалай орындауды Құдайдың еркіне қалдыруымыз қажет екен. Басқаша айтқанда, мінажат біздің Құдайға ықпал жүргізуімізге және өтініштеріміздің орындалу уақыты мен тәсілін анықтауға арналмаған. Егер біз мінажатты осылай қолданатын болсақ, онда мінажаттық өмірдің заңдарына қайшы әрекет етеміз.

Бұл жерде біздің көпшілігіміз көп нәрсе үйрене аламыз. Біз сондай шыдамсызбыз. Оның ішінде мінажаттарымызда. Әсіресе, егер өз басымызға немесе жақындарымыздың басына бір жағдай туа қалған кездерде. Біз Құдайға келіп, уайымымыз туралы қадалып айтамыз және Оның араласуын күтеміз. Жақындарымыздың мұқтаждығы мен оларға деген сүйіспеншілігіміз мінажатымызда бізге батылдық береді. Көбіне бұл Құдайдың көмегіне біздің толықтай сенім және үміт артуымыздан көрінеді. Бірақ, көп жағдайда біздің ашық, батыл мінажатымызға шыдамсыздығымыз араласып кетеді. Жауаптың қандай болу керектігін өзіміз шешіп қоямыз. Ол бізге сондай оңай болып көрінеді. Егер Құдай біздің өтінішімізді орындауды қалайтын болса, онда Оның тілегімізді дереу және біз қалағандай етуден басқа амалы қалмайды деген пікірде боламыз. Құдаймен мінажаттағы кездесуімізді осындай күйде аяқтаймыз. Содан соң сағаттап жауап күтеміз. Бірақ ешқандай өзгеріс болмайды; ауруымыз бен мұқтаждығымыз жалғаса береді және құдіретті қол істің табиғи ағымына араласпайды. Бұл біздің көңілімізді қалдырады, мұның бәрі мінажаттық өмірімізге қандай із қалдырады десеңші!

Біз мінажатты дұрыс қолданбаймыз, мінажатымыз оның заңдарына қайшы келеді. Сөйтіп, еш өзгеріс болмайды. Мінажатымыз ширығып, шаршай бастаймыз.

Міне, біз өзімізді қандай күйге жеткіздік! Бірақ Құдай біздің мінажатымызды естімеді ме? Әрине, Ол оны естіді және орындағысы келеді. Бірақ оның орындалуының уақыты мен тәсілін белгілеу – Оның шаруасы. Уақыты келгенде бәрі орындалады.

Бірақ мұндай жағдайда біз бұл орындалуды жауап ретінде қабылдамаймыз. Осы ауыр мұқтаждығымыз туралы бір кезде сиынғанымызды біз баяғыда ұмытып кеткенбіз. Мұның сыртында, мінажатымыздың орындалуы туралы өз көзқарасымыз болды, бірақ та бұл орындалмаған соң, біз енді мүлде жүзеге аспас деп ойладық.

Осылайша, кейде мінажатымыз біз байқамайтындай жағдайда естіледі, сондықтан одан толықтай қуаныш ала алмаймыз және ол үшін Құдайға алғысымызды білдірмейміз.

Бұл жерде де мінажаттың Рухының бізге үйреткісі келетіні әлі де көп екенін байқаймыз. Егер де Ол бізді тым болмағанда мінажаттың осы кішкентай құпиясына үйрете алса ғой, онда біздің бүкіл мінажаттық өміріміз өзгеріске ұшырайтын еді. Өміріміздегі кемістіктің негізінен Құдайға деген сенімнің жетіспеушілігінен екенін біз сезінеміз. Біз мінажаттарымыздың орындалу уақыты мен тәсілін Одан жақсы білеміз деп ойлаймыз. Оны өзіміз де түсінбестен, біз өз мінажатымызды жиі Құдаймен күреске айналдырамыз. Өтінішіміздің дәл қазір және біз қалағандай орындалуы керек екеніне Құдайдың көзін жеткізуді қалаймыз. Біз санасыздықпен мінажатымызды күмәнсіз дұрыс екені Құдайға айқын болуы үшін қолданамыз. Құдаймен бұл күрес біздің мінажатымызды мазасыз және жасқаншақ етеді. Біз мінажатымызбен Құдайды сендіре алмаймыз және Ол бәрін Өзінің қалауы бойынша істейді деп қорқамыз. Меніңше, біздің мінажатымызды өзге ештеңе де осыншалықты ауыр ете алмайды.

Мінажаттың Рухы бізге Құдайдың бұл жерде қайтпас екенін және біздің өтінішімізге қашан және қалай жауап беруді Оның Өзі анықтауды қалайтынын үйреткен сәттен бастап мінажатымыз тыныштыққа кенеледі. Мінажаттың Рухы бізге өтініштері-

міздің орындалу уақыты мен тәсілін Құдайға қалдырудың мүлде қауіпті еместігін үйреткен сәттен бастап, біздің мінажат сағаттарымыз демалыс пен тыныштық сағаттарына айналады. Құдай біздің өтінішімізді орындауды ғана емес, сондай-ақ оны барынша жақсы, рақымдылықпен орындауды қалайтынын тек сонда ғана ұғамыз. Себебі, мұның тек құдіретті және бәрін білетін Құдай ғана істей алады. Сондықтан Ол біздің өтінішімізді дәл бұл бізге және Өзінің қасиетті ісіне жақсы септігін тигізетін сәтте орындайды. Ол өтінішімізді бізге ең жақсы және ең ұзақ әрекет ететіндей орындайды.

Күнделікті мінажаттық өмірімізден бір мысал келтіре кеткім келеді. Біз туыстарымыз үшін, әсіресе, әлі тәубеге келмеген туыстарымыз үшін сиынамыз. Біз күн сайын, апталар, жылдар бойы сиынамыз. Бірақ олардың ешқайсысы тәубеге келмейді. Оларда бір өзгерістер болған күннің өзінде, көбіне бұл тек жаман жағына қарай болады. Олар күнәға батқан үстіне бата беріп, Құдайдың шақыруын қабылдауға қабілетсіз бола түседі. Сонда бойымызда еріксіз: «Біздің мінажатымызды Құдай неге естімейді?» – деген сұрақ туындайды. Ол көптеген басқа мінажаттарға құлақ асады ғой. Мысалы, балаларының бәрі Құдайға келген сенуші отбасы. Мұндайда өз балаларыңның тәубеге келмегенін көру, одан сайын түсініксіз және ауыр бола түседі.

Сонда мінажат талап қойғанмен, дерлік бірдей бола бастайды. Сен Құдай туыстарыңды құтқаруға, тіпті өзің ойлағаннан да тез құтқаруға тиіс деп ойлайсың.

Бұл жерде де мінажат оның заңдарына қайшы қолданылып тұр. Біз оны Құдайға туыстарымызды құтқарудың уақыты мен тәсілін көрсету үшін қолданып отырмыз. Ал осының бәрін Құдайдың қолына тапсыруды үйренген кезде, біздің туыстарымыз үшін мінажаттарымыз қандай өзгеріске ұшырайды десеңші! Сонда ол біздің сүйетін және Құдайдан алыс жүргенде олар үшін қайғыратын туыстарымыз жайлы, Құдаймен тыныш, сенімге құрылған әңгімеге айналады.

Егер сен осылай мінажат ететін болсаң, онда ғажайып күй кешесің. Сен өзіңе: «Сен өз жақындарыңды жақсы көресің. Бірақ Мен оларды сенен де жақсы көремін. Оларды Мен жараттым. Мен олардың күнәлары үшін өлдім. Оларды екеуіміз

де жақсы көреміз. Кел, екеуіміз бірлесіп оларды Аспан Патшалығына алып келуге тырысайық. Бірақ егер бұл қандай да бір уақытты талап ететін болса, сенің жігерің құм болмасын», – деп тұрған Құдайдың дауысын естисің.

Бұл сен Исамен туыстарың жайлы әңгімемен өткізетін керемет сәттер болады, солай емес пе? Тіпті оларды бұрынғы қалыптарында көрген күннің өзінде сен алаңсыз, жүрегің үмітке толы күйде боласың.

### **3. Біз Исаның атымен мінажат етуді ұмытамыз**

Белгілі бір уақытын Құдаймен қарым-қатынаста өткізген әрбір сенушінің мінажаттық өмірде бір шама тәжірибесі бар: бізді Құдай Өзіне жақын тартқан сағаттар, біздің шаттыққа толы жанымызбен ақырын сөйлескен шақтар. Сайып келгенде, Ол бізге жаңа ештеңе айтқан жоқ. Оның бәрі бізге Жазбадан жақсы таныс айқыш туралы, онда төгілген Қан мен Құдайдың біздерге, яғни, күнәкарларға деген шексіз сүйіспеншілігі туралы шындықтар болатын. Бірақ бізбен Құдайдың сөйлесіп тұрғанын анық сезіндік. Біздің жүрегіміз шексіз қуанышқа бөленді. Жер бетінде мұндай ғажайып күй кешу мүмкін екендігі біздің басымызға кіріп те шықпаған еді. Сонда біз мінажатымызды жалғастырдық; оны мүлде тоқтата алмадық. Құдаймен сөйлесу арқылы жүрегімізді шаттық кернеді! Мінажат ету бізге сондай оңайға түсті! Құдайға тым жақын болғандықтан, Оны анық көрдік. Біз Оның рақымын көрдік. Сондықтан да, Оған барша күнәларымыз, мазалайтын мәселер мен жұртпен сиыспауымыз, ішкі қиындықтарымыз туралы, тынымсыздығымыз бен қорқыныштарымыз туралы және сондай-ақ жақындарымыз туралы айту бізге оңай болды. Біз Одан ештеңе жасырмадық.

Біз не ойласақ та, оның бәрі сиынуға және алғыс айтуға себепкер болды. Құдаймен біз туыстарымыз бен достарымыз, сенушілер мен сенбеушілер, Мәсіхке еңбек етудің барша қырлары жайлы сөйлестік.

Жүрегіміздің өзгелерге деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа толы болғаны сондай, мінажатымызда бүкіл әлемді Құдайға әкелуге дайын болдық.

Осындай әсерлерден кейін біз өзімізге: «Мен мінажаттың мүлде басқа қайраткері болғым келеді. Бұрын мінажаттың рахаты мен мағынасы туралы қалай аз білгенмін! Енді бәрі басқаша болады», – дедік. Сөйтіп, шынымен де бәрі басқаша болды. Бұл бірнеше күнге ғана емес, апталарға, тіпті айларға созылды. Бірақ, бірде мінажат үстінде біз осыған дейінгі қуаныш пен қасиетті ынталылықты сезіне алмадық. Біз: «Бұл қайта орнына келеді. Қазір тек қажеттілік үшін сиынамын, ал басқалар үшін сұрауымды бұрынғы ынталылығымды қайта сезінген кезде айтармын», – деп ойладық. Осындай немқұрайды жүрекпен көптеген мұқтаждықтар туралы сиынуды жалғастыра беру мүмкін емес деп ойладық. Бірақ қуаныш пен ынталылық жүрегімізге қайтып оралмады. Сөйтіп, біртіндеп мінажаттық өміріміздің ескі жолына қайтып оралдық.

Бұл неге осылай болды?

Біздің Исаның атымен мінажат етуді үйренбегеніміздің себебінен. Тіпті біз Құдайға соншалықты жақын болып, жүрегіміз көктің рахатына кенеліп тұрған кездің өзінде Исаның атымен сиынбадық. Біз өз жүрегіміздің, өз сүйіспеншілігіміз бен қамкөңіліміздің атымен сиындық. Кейін бұл ашыла түсті. Қамкөңіліміз басылған кезде біз бұрынғыдай мінажат етуге деген құлшынысымызды тез жоғалттық.

Мәсіхтің атымен мінажат ету – мінажаттың ең тереңі, сондықтан да біздің үйренуімізге ең ауыр құпиясы. Өзге ештеңе дәл осы секілді оңай ұмытылмайтын секілді көрінеді. Жазбада «Мәсіх іске асыратын құпия жоспар» (Еф 3:4) туралы айтылады. Исаның есімі жер бетіндегі ең ұлы құпия, Көкте бұл құпия туралы біледі, ал жерде көпшілік адамдар үшін жұмбақ. Киелі Рух арқылы көктің нұры түсіп, көзі ашылған күнәкарды көз алдына елестетші. Осы күйде ұзақ болған сайын ол өзінің күнәларын, өткен өмірін, азғындығын, өзінің қатігез жүрегін, Құдайға деген жаулық көзқарасы мен күнә жасауға бейім екендігін көбірек түсіне бастайды. Ол өзінің Құдайға бет бұруы қажеттігін сезінеді. Өйткені оған басқа ешкім көмектесе алмайды ғой. Бірақ ол Құдайға жақындай түскен сайын,

оның жағдайы нашарлай түседі. Құдайға ол секілді жаман, тұла-бойы күнәға тұнған адам керек еместей көрінеді. Сонда Құдайдың Рухы оған: «Исаның атымен бар!» – дейді. Бұл есім күнәкар адамның қасиетті Құдайға келуіне жол ашады. Күнәкар қарсылық танытып, Құдайдың мұндай адамды қабылдауын мүмкін емес ететін көп себептерді атайды. Бірақ, ерте ме, кеш пе, оның жанына жарық түсе бастайды. Ол Мәсіхтің есімінің нені білдіретінін түсінеді және өзінің барша күнәларымен, жүрегінің барша ластығымен және қыңырлығымен Құдайдың қарамағына енеді.

Содан соң, Киелі Рух оған: «Енді сен қалағаныңды сұрай аласың. Исаның атымен сен қасиетті Құдайға келуге рұқсат алып қана қойған жоқсың, сондай-ақ, енді сенің мұқтаждығыңның барлығын сұрауға құқың бар». Күнәкар тағы қарсылық танытады: «Мен мінажат ете алмаймын. Менің сенімім жеткіліксіз. Сондай-ақ, менде сүйіспеншілік пен жанашырлық та жоқ. Менің жүрегім руханилықтан ада және немқұрайды». Киелі Рух оның қарсылығын сабырмен тыңдайды да, оған тағы былай дейді: «Айтып тұрғандарыңның бәрі дұрыс. Егер өз атыңмен мінажат етуді қалайтын болсаң, онда сен үшін ешқандай үміт жоқ. Сондықтан саған Исаның атымен мінажат ету қажет. Иса үшін сен мінажатта сұрағаныңды ала аласың.»

Исаның атымен сиыну мінажаттың нағыз өзі болып табылады. Бұл шарасыз жанның өзінің мейірімді Досына деген көзқарасы. Бұл мінажаттың ғажайып әрекеті біздің дәл осы мұқтаждықта Исаға есік ашып, Оны мұқтаждығымызға енгізетінімізге негізделген. Біз Исаның мұқтаждығымызға еніп, онда Өзінің құдіретін көрсеткісі келетінін көрдік. Бұл жерде мәселе мынада, мінажатымыз арқылы Оның бізге деген ынтасын оятуымызда емес. Онда біздің мінажатымыздың түйіні дұрыс болмас еді. Егер Иса біздің мінажатымызды естіп, мұқтаждығымызға араласатын болса, бұл тек Оның, бұған лайық болмасақ та, бізді сүйетіндігінен және Өзінің тартқан азаптары мен өлімі арқылы біз мұқтаж нәрселердің бәріне қол жеткізгендігінен. Ол бізге бәрін сыйға тартуға күні-түні дайын. Оның бізден күтетіні – бұл біздің Одан көмек сұрауымыз, себебі Иса біздің мұқтаждығымызға күштеп енбейді және олай етуді қаламайды. Біз Оған есікті өзіміз ашуымыз қажет.

Мінажатымыз арқылы Құдайға ықпал ете аламыз деген адасу бойымызға терең орнығып алған; сұрағанымызды беруі үшін біз Оның өзімізге достық пейілмен қарауына ықпал жасай аламыз деп ойлаймыз. Бұл біздің бойымызда бас көтерген пұтқа табынушы іспетті. Пұтқа табынушы құдайының оң қабағына ілінуге және оның байлықтарынан өзіне бөліп беруіне түрткі болуға тырысады.

Тіпті біз сезінбесек те, бойымызға мынандай ойлар ұялап алған. Өтінішімізді орындау үшін, Құдай біздің бойымыздан бір қасиет көруі тиіс деп ойлаймыз. Сондықтан мінажаттарымыз көп жағдайда жанның ширығуына айналады, біз Құдайға жақсы әсер етеді-ау деген қасиеттерімізді көрсетуге тырысамыз. Құдайға сиынғанда көпшілігіміздің дауысымызды өзгертіп сөйлейтінімізді, әрине, бәріміз байқап жүрміз. Мінажаттың сарыны аянышты, тіпті жылаңқы күйге енеді. Кейбіреулерде бұл әдейі көлгірсу. Бірақ көпшілігінде мәселе басқаша. Мінажат пен Құдай туралы: егер Құдай біздің мұқтаждығымыздың қандай зор екенін және біздің Оның көмегіне қаншалық мұқтаж екенімізді көрсе, онда жаны ашып, жауап береді деген көне Адам атаның болмысының аңқау көзқарасы көрініс береді.

Исаның атымен мінажат етуді үйренген кезде, біз мүлде басқаша күйге енеміз. Бұл жерде біз мінажатқа көңіл-күйіміздің болмауы және сеніміміздің жеткіліксіздігі мінажатымыздың естілуіне кедергі бола алмайтынына көз жеткіземіз. Себебі, бізді дәл осы дәрменсіз етеді, ал дәрменсіздік қашан да мінажат атаулының негізі болып табылады.

Егер енді Киелі Рух бізге мінажат кезіндегі жүрегіміздің қатігездігін, жалқаулығы мен немқұрайдылығын көрсетіп беретін болса, бізге қайғырудың және әбігерленудің қажеті жоқ, Киелі Рух жүрегімізді ашып береді және Иса біздің барлық мұқтаждықтарымыз бен әлсіздіктерімізге ене алады. Сонда жаңа, ғажайып жағдай орнайды: мінажат сағаттары біз Исаның алдында Оған өзімізді шаршатып, жабықтыратын мәселенің бәрін айтып беретін шын мәніндегі тыныштық сағаттарына айналады. Мінажат осындай мәнге ие болған кезде, біз оны сағынып тұратын боламыз және мінажат сағаттарын қуана күтеміз. Осының нәтижесінде біз Құдайымызбен бірігіп әрекет ете аламыз. Сонда бөлмеміз тек демалыс қана емес, сондай-ақ жұмыс орнына да айналады.



## Мінажаттың еңбегі

*«Егіннің Иесінен оны жинап алатын жұмысшылар жіберуін өтініңдер!»*

Өзінің он екі шәкіртін қалдырып, көкке көтерілер кезінде, Иса оларға адамның мүмкіндігінен артық міндет тапсырды: олар бүкіл жер жүзінің түкпір-түкпіріне барып, барлық адамдарды Мәсіхтің ізбасары етуге тиіс болды. Сондай-ақ, Иса оларға сапарларын Иерусалимнен бастауды тапсырды. Қала дәл осы Елеон тауының етегінде жатқан, сондықтан, олар өздері тұрған жерден оны көре алатын еді. Қалада Оның қанын мойнына жүктеген Исаның жеңдеттері тұратын және олар Назареттіктің атын естіртіп айтқан әркімнің көзін жоюға дайын болатын. Тіпті жеңдеттердің қолына түспей кеткен күннің өзінде олар нені жариялауы тиіс? Яһудилер үшін Ол сүріндіру, ал Эллиндер үшін – естен адасу болған Айқышқа керілген Құтқарушыны ма? Егер олар Елеон тауынан Жерорта теңізі арқылы батысқа, әлемнің сол кездегі орталығы Римге қарай көз салатын болса, ондағы көрініс те көңіл қуантарлық емес болатын. Онда дүниедегі ең мықты патшалық, ең жоғары мәдениет, ең бай өзіне тән рухани өмір орталығы күтіп тұрды.

Ғалилеядан шыққан қарапайым қолөнершілерді бүкіл осы қуатты мәдениет әлемін Исаға бағындыруға жіберу – ақылға сиятын іс пе? Рас, кейін олар өзі туралы әлемнің ірі мәдени орталықтарында айқышқа керілген Исадан өзге ешкімді білгісі және Одан өзге ештеңені жариялағысы келмегенін айтқан, Пауыл секілді қызметкерге қол жеткізді. Бірақ бұл адамның қолынан келмес қиын міндет күйінде қала берді. Алайда оларды Жіберуші Өзінің не істейтінін білетін. Бұл міндетті орындау үшін Ол шәкірттерін екі жақты қаруландырды.

Бір жағынан, Иса оларға Мәсіхтің кішкентай Қауымына адамның мүмкіндігінен тыс, бұл дүниелік емес күш берген көрнекі түрдегі Киелі Рухты сыйлады.

Екінші жағынан, Иса шәкірттеріне оның көмегімен осы күштерді жекелеген адамдар мен бүкіл Қауымның игілігіне айналдыруы үшін көрнекі емес түрдегі мінажатты сыйға берді. Бұл қаруды Исаның Өзі қалай бағалайтыны Оның кейбір сөз-

дерінен айқын көрінеді: «Сендерге мынаны да айтамын: жер бетінде екеуің келісіп, қай нәрсені болса да көктегі Әкемнен сұрасаңдар, Ол соны бермек» (Мат 18:19); «Сендерге шындығын айтайын: тіпті тарының түйіріндей ғана сенімдерің болса, мына тауға: «Бұл жерден ана жаққа көш!» десендер, ол көшер еді. Қолдарыңнан келмейтін ештеңе де болмас еді» (Мат 17:20); Осы қарудың еңбек пен күрестегі әрекетін бүкіл өмір бойы сезініп келгендердің бірі былай дейді: «Еш нәрсені уайымдамай, барлық жағдайда өтініштеріңді Құдайға сиынып тілекпен және шүкірлікпен білдіріңдер!» (Флп 4:6);

Елшілерін жіберген Ол бұл қарудың, бұл еңбек құралының оларды жеңілмес ететінін білді: «Қолдарыңнан келмейтін ештеңе де болмас еді», – дейді Ол.

Шәкірттерінің көз алдында көкке көтерілген кезде, Ол Өзінің көзге көрінбейтін қуатты қолдарын кең жайғаны сондай, біз, кішкентай күнәкар байғұстар тіземізді бүккен әрбір сәтте, осы қолдарға жанаса аламыз. Осы қолдарға жанасқан әрбір сәтте, Оның құдіретінен бойымызға күш құйылады және біз арқылы өзгелерге де тарайды.

Бұл күштің молдығының және әрекетінің қуаты сондай, бізге тек мінажатта оған мұқтаж тұлғаларды немесе жағдайларды көрсетсек болды, құдіретті Құдай осы күшті дереу сонда бағыттайды. Бұл күш уақыт пен кеңістікке тәуелді емес. Олар үшін мінажат еткен кезімізде алыс елдердегі немесе кез келген орындағы бауырларымыз бен әпке-қарысндастарымыз осы күшті сол сәтте алады. Бұл қуаттың өнертапқыштардың қиялы жетпес сымсыз берілуі.

Исаның достары үшін бұл қару Исаның дұшпандарына қол жетімді еместігімен де құнды.

Бұл жерде Оның рақымы мен даналығын көреміз. Егер кез келген адам оны өзінің бүлдіруші, жоюшы мақсатына қолдана алғанда қандай сұмдық болар еді! Жоқ, күштің осы сарқылмас көзіне тек Оның достары ғана қол жеткізе алатындай етіп бәрі қарастырылып қойылған. Егер достары осы күшті Исаның еркіне және жоспарларына сай емес қолдануға талпынса Құдай достарының осы күшпен байланысы бірден үзілетіндей етіп қойды. Тек Құдайдың еркіне сай нәрсені сұрағанда ғана мінажатымыздың естілу мүмкіндігі бар.

Мінажат арқылы осы күшке қолымыз жететін біздердің жердегі сапарымыздың барысында, көктің осы күшінің әрекетін оған мұқтаж болып отырған бүкіл дүниеге таратуымыз Құдайдың еркі болып табылады. Құдайдың жоспары бойынша, біздің кішкентай өміріміз Оның батасының мінажатымыз арқылы айналамызға тарайтын үздіксіз ағысы болуы тиіс. Исаның алғашқы достары секілді, «Иерусалимнен» бастап, «жердің шетіне» дейін жетуге тиіспіз.

Осылайша, Оның еркі біздің өз үйімізден бастағанымыз. Егер олардың өмірлері жеңілістерге емес, жеңіске толы болғанын қаласақ, онда жақындарымыздың арасында күн сайын жүрген біздер солар үшін сұраған мінажаттар арқылы оларға осы құдіретті күш туралы айтып отыруға тиіспіз. Құдайға біз: «Ием, оларға бір жақсылық сыйлашы! Менімен бірге тұрып жатқандар оған өте мұқтаж. Оларды жақсы көре тұра, қарымқатынасымда мен кейде оларға өзімшілдік танытамын және жеткілікті дәрежеде құрбандықтарға бармаймын», – деп айтуымыз қажет.

Сонда үйіміз жақсылықтың рухына кенеледі. Өйткені, Құдай біздің мінажаттарымызды естиді және Ол Өзінің рақымын үйімізге төгетін болады. Сонда осында тұратын біздің қателікке бой ұратын, кемелді емес екенімізге қарамастан үйіміз кішкентай жұмаққа айналады.

Бірақ, көптеген сенушілер бұлай ете алмайды. Балалары қуанышты үйден тыс жерлерден іздейді. Құдайдың мұндай үйге айтатын бірінші сөзі мынау болар еді: «Иемденбейсіңдер, өйткені оны Құдайдан сұрамайсыңдар».

Сондай-ақ біздің көршілеріміз жайлы ойлауымыз да Құдайдың еркі болып табылады. Таңертең оларды көрген кезде, біз Құдайға: «Ием, көршілеріме батанды берші; бүгін олардың ең мұқтаж нәрселерін сыйлашы», – деп сиынуымыз қажет.

Егер біз көршілеріміз үшін осылай өтінетін болсақ, көршілеріміз, тіпті онша жағымды адамдар болмаса да, мінажатымыздың әрекетін көреміз.

Норвегияның кейбір жерлерінде «Еңбектеріңе Құдай батасын берсін!» – деп сәлемдесу әлі күнге дейін сақталып қалған. Күнделікті айтыла бергеннен кейін, әбден құлаққа сіңісті болып, адамдар бұл сөздің мағынасын ойламайтын да болуы

мүмкін. Бірақ осылай сәлемдесу алғаш шыққан кезде, адамдар маңайындағылардың еңбектері үшін Құдайдың батасын сұрау тілегін сезінетін. Еңбектің оңай шаруа емес екенін білеміз, сондықтан осы тілекті қазір біздің де сезінуіміз қажет. Кейде ол тіпті өте ауыр болады. Сондықтан жұмыста жақындарымыздың бірін кездестіргенде, біз Құдайдан оның жұмысын жеңілдететін және көбірек табысқа жетуіне көмектесетін қайрат беруін сұрауға тиіспіз.

Біз қайда барсақ та, әйтеуір бірдеңе жетіспейтін адамдарға кезіземіз. Егер Құдай бізге, тіпті жасырын мұқтаждықтарды да көретін сүйіспеншілік көзін сыйға бергенде, онда айналамыздан көргендеріміздің бәрі бізді мінажат етуге жетелеген болар еді. Біз Құдайға сиынып, Оған достарымыз бен дұшпандарымызға не жетіспейтінін айтқан болар едік. Сонда Құдай оларға біздің сұрағандарымызды беретін еді. Ол мінажатты осылай етті. Сондықтан да: «Құдайға үздіксіз сиыныңдар», – делінген (Сал1 5:17);

Густав Дженсон бірде мынандай әңгіме айтты: көп жылдар бұрын, Ослода бір қауымға шағын үй салынады. Үйі қаланың сыртында, ал жұмыс орны қалада орналасқан бір сенуші кәсіпкер, қауымның құрлысы біткенге дейін, күн сайын бірнеше минутқа құрылыс алаңына кіріп шығады. Сол жерде ол жұмысшылар үшін, кейіннен осы қауымда қызмет ететіндер үшін және Құдай Сөзін тыңдауға жиналатындардың бәрі үшін мінажат етеді. Бұл адам мінажат құралын қолдануды үйренді.

Адамдармен кездескен сайын, тіпті оларды танымасақ та, олар үшін сиынуымыз Құдайдың еркі болып табылмай ма? Менің ойымша, Құдай бізден мінажат арқылы табиғидан тыс күш туралы адамдарға хабарлаудың әрбір мүмкіндігін пайдаланғанымызды күтеді.

Біреудің бұл орындалмайды және бұл тым асыра айтылғандық деп қарсылық білдіруі мүмкін. Бірақ біздің көпшілігіміз немқұрайды және тәжірибесіз сиынушы екендігімізден ғана олар осылай ойлайды. Құдай Рухының бойымызды толтыруына ерік берейік, сонда біз өзгелердің сөзін сөйлеп мінажат етуге уақыт та, мүмкіндік те табамыз.

Ой ұшқыр. Көшеде келе жатып, қасымыздан өтіп жатқан адамдарды сынап пікір қалыптастыруымызға қанша уақыт қа-

жет болатыны туралы ойланшы. Осылай болмай тұрмайды, себебі бұл жерде біздің бұзылған болмысымыз көрініс береді. Ал егер Құдай бізге жаңа болмыс орнатқан болса, онда мұның орнына біз Оған солардың сөзін сөйлеп, сұрап мінажат етеміз.

Менің елші достарымның бірі елшілік сапардан қайтып оралды. Біз сөз арасында оның шетелде болған кезіндегі денсаулығы туралы әңгімелестік. Бұл елшілердің көпшілігінің өміріндегі жанды жері. Олардың көбі жас кезінде-ақ індеттен қайтыс болады. Менің досым індет өршіп тұрған бекетте болып келген еді. Біз осы мәселені қозғағанда ол былай деді:

«Елшілік сапарға шығар алдында қоштасу үшін, қаладағы достарымды аралап шықтым. Бір жасы келіп қалған сенуші әйелдің үйіне де бардым. Қоштасып жатқан кезімде, ол қолымнан ұстап, көздеріме тура қарады да, байсалды үнмен: «Енді мен сенің індеттен аман болып, өз күшіңді сондағы еңбекке бағыттауың үшін сиынып жүремін», – деді. Ол жақта мен індетпен бір күн де ауырған жоқпын» – деп ол көзіне жас алды.

Бұл жерде де мінажатты еңбек құралы ретінде пайдалануды үйренген біреу болды. Тіпті біз онда болмасақ та, миссия үшін еңбектенудің көптеген мүмкіндіктері бар. Осы мүмкіндіктерді біліп, оларды қолдана білсек нұр үстіне нұр болар еді!

Мінажат – бұл Құдай Патшалығындағы ең маңызды еңбек. Құдай біздің Өзіне бет бұрған сәтімізден бастап-ақ осы еңбекті қолға алғанымызды қалайды. Өз мінажаттарымыз арқылы біз сенуші әкелеріміз азап шеккен, күрескен және сиынған мәсіхші еңбегіне кірісуге тиіспіз. Бізге бірінші кезекте, мінажат арқылы олардың еңбектеріне кірісіп, оны әрі қарай жалғастыруымыз қажет.

Мінажат біз қолдана алатын жалғыз ғана еңбек құралы болатын кейбір сәттерде атай кеткім келеді.

Бірінші кезекте қызметшілер үшін мінажат етуді айту қажет. Исаның Өзі былай дейді: «Оратын егін көп, бірақ жұмысшылар аз. Сондықтан егіннің Иесінен оны жинап алатын жұмысшылар жіберуін өтініңдер!» Біздің негізгі міндетіміз Құдайдың Өзінің жүзім бағының түрлі бөлімшелеріне қоюы үшін жұмысшылар тауып, оларды Исаға әкелу болып табылады. Бұл тек мінажат арқылы жүзеге асады. Мінажаттық еңбектің бұл бөлігі туралы көпшілік ойлай бермейді. Негізінде біз қазір еңбек етіп

жатқандар үшін сиынамыз. Сондай-ақ жаңадан оқу бітіріп келгендер үшін де сиынуымыз мүмкін. Ал қызметшілердің де, тәлімгерлердің де қатарында әлі жоқ, бірақ Құдай белгілі бір міндеттерді орындау үшін қарастырып қойған адамдар туралы тек кейбіріміз ғана сиынамыз. Исаның жоғарыда келтірілген сөздері бұл адамдардың біздің мінажатымызсыз Құдайға келіп, тапсырмамен жіберілмейтінін көрсетіп тұр.

Мәсіхтің қызметіне Құдай Өзі жібермеген адамдар үлкен қауіп төндіреді. Ол қаншалықты керемет атқарылса да, ол адамның ісі болып қала береді. Елшілік қызмет алқаптарында болуы тиіс емес адамдар жүр. Тіпті олардың арасында әлі тәубеге келмегендері де кездеседі. Ал елші болуы тиіс адамдар бұл кезде үйлерінде отырады. Бұл біздің кінәміз. Біз еңбек етуге тек Құдай жіберген адамдардың ғана шығуы үшін және Құдай белгіленгендердің үйлерінде отырмай, шынымен еңбек етуге шығуы үшін сиынуымыз қажет.

Бұл бағушыларға да қатысты. Біз жаман бағушылар туралы айтып жиі шағымданамыз. Шағым айту, әрине, оңай. Бірақ біздің өзімізге және немқұрайды мінажатымызға шағымдануымыз қажет. Исаның сөзіне сай, біз кімнің бағушы болуы керектігін шешу мәселесіне қатысуға тиіспіз. Мұның орнына, біз қауым басшылары жіберген адамға үнсіз шыдап жүре береміз. Біз жауапкершілікті, қауымымызда кімнің бағушы болу керектігін шешуді қызметшілердің мойнына артып қоямыз. Бұлай болмауы керек. Исаның сөзіне сәйкес, сенушілер кімнің бағушы болуын шешуге қатысуға құқылы ғана емес, олар оған қатысуға міндетті. Бірақ бұл тек тізе бүгіп қана атқарылатын еңбек.

Достар, осы істі қолға алайық!

Құдай жіберген және бүкіл елге таралған мыңдаған бағушылар, нағыз қамқор бағушылар! Мұның біздің қауым үшін және біздің халқымыз үшін қаншалықты маңызды екені туралы ойланайық. Мұндай ойларға біреулер күледі, ал тағы біреулер жабырқай күрсінеді. Бәріміз Исаның: «Оратын егін көп, бірақ жұмысшылар аз. Сондықтан, егіннің Иесінен оны жинап алатын жұмысшылар жіберуін өтініңдер!» «Қолдарыңнан келмейтін ештеңе де болмас еді», – деген сөздері туралы тағы да ойланғанымыз дұрыс болады.

Бұл біздің ұстаздарымызға да қатысты. Бізде жақсы ұстаздар көп. Бірақ, өкінішке орай, өз еңбегін дұрыс атқармай, балаларға тек зияндарын тигізетін ұстаздар да кездеседі. Біз бұл жерде де бір мәселені назардан тыс қалдырдық. Біз сенуші жастар оқу бітіргеннен кейін мектептерімізде маңызды да жауапкершілікті жұмыс атқара алатын жоғарғы оқу орындарына баруы үшін Құдайға мінажат етпедік. Егер ұстазымыз жаман болып, оның үстінен шағым айтатын болсақ, онда Құдай: «Иемденбейсіңдер, өйткені оны Құдайдан сұрамайсыңдар», – дейді.

Бізге өз мінажаттарымыз арқылы барлық жерде рақымдылық сыйлары берілуіне үлес қосуымыз қажет.

Мысалға, қандай да бір ауыл немесе қандай да бір қауым лайықты жетекшіге мұқтаж делік. Жетекшінің жоқтығына шағымданудың орнына, бізге басқару дарыны туралы мінажат ету қажет. Басқа бір жерде осындай қабілетті жетекші бар, бірақ оған уағыз айту дарыны жетіспейді. Бізге бұл жерде де Исаның: «Сондықтан егіннің Иесінен оны жинап алатын жұмысшылар жіберуін өтініңдер!» – деген сөздерін еске алу қажет.

Ақырында, бізге Ізгі хабар таратушыларға мұқтаж рақымдылық сыйлары туралы мінажат ету қажет. Біз осы мінажаттық еңбекті де жиі назардан тыс қалдырамыз. Нәтижесінде бізде ел кезуші уағыздаушылар көп, шындығында олар уағыздаушы болуы тиіс емес. Оларды Құдай емес, адамдар жіберген.

Ал бұл кезде Құдай Өзінің шындықтарын жариялауға белгілеген көптеген шаруалар, балықшылар, қолөнершілер мен кәсіпкерлер әрқайсысы өз мамандықтары бойынша еңбек етіп жүр, бірақ олар «егін жинауға» жіберілген жоқ, себебі біз бұл туралы мінажат етпейміз.

Осыған байланысты қарапайым шаруа қызы Болетта Хиндерлидің атақты уағыздаушы Ларе Ользен Скрефсурд үшін не істегенін айта кеткім келеді.

Бірде ол түрмеде отырған бір тұтқын туралы аян көреді. Ол оның жүзін, дене бітімін анық көреді және бір дауыс оған: «Егер ол үшін ешкім мінажат етпейтін болса, онда ол Оле Хойландтың кебін киеді. Ол үшін мінажат ет, сонда Мен оны өзге халықтарға Менің даңқымды жариялауға жіберемін», – дейді.

Болетта көктен келген аянға құлақ асып, әлгі тұтқын үшін қайғырады және мінажат ете бастайды, өзі білмейтін адам үшін күреседі. Ол Құдайға бет бұрып, Ізгі хабар таратуға шақырылған тұтқын туралы хабар естуді тағатсыздана күтіп жүреді.

Ақыры ол Ставангер қаласына келген кезінде, Құдайға бет бұрған және бүгін осы қалада уағыз айтуы тиіс бір тұтқын туралы естиді. Скрефсурд мінбеге шыққан кезде, әйел оны бірден таниды.

Бұл әйел біздің рақымдылық сыйлары үшін сиынуымыз керектігі жайлы айтқан Исаның сөздерін түсінді.

Құдай сөзінен түсінгенім және Құдай Патшалығының тарихынан білетінім бойынша, бұдан маңызды мінажаттық еңбек жоқ. Мартин Лютер, Ганс Нильсен Хауге, Ларе Ользен Скрефсруд, Ганс Петер Боррезен, Вильям Каррей, Гудзон Тейлор секілді адамдарды еске түсірейік.

Жақия Шомылдырушы туралы былай делінген: «Құдай жіберген Жақия есімді адам болды» (Жох 1:6); Содан кейін бұл адамның дарынды не дарынды еместігіне тәуелсіз іс жүзеге асты.

Әлдекім: «Рақымдылықтың осы сыйларын біз сиынбай-ақ Құдай неге жібермейді?» – деп сұрауы мүмкін. Бұл сұраққа қатысты айтарымды мінажаттың құпиялары туралы бөлімге қалдырдым.

Жетекшілеріміз үшін сиыну да мінажаттық еңбегімізге жатады. Оларға үлкен жауапкершілік жүктелген. Біздің алдымыздағы міндеттерді орындау үшін, оларға даналық пен тәжірибе ғана емес, сондай-ақ көпшіліктің пікіріне емес, өздерінің көзқарастарына сай батыл әрекет ету үшін өжеттік те қажет. Тіпті достары шаршап, ал дұшпандары салтанат құрған секілді көрінген күннің өзінде, Құдайдың еркі болып табылатын істі атқару үшін, бұл жерде қайрат, төзімділік те керек. Сын айту оңай. Бұған бәрінің ақылы жетеді. Қалай істеген дұрыс екені бәрімізге белгілі. Бірақ алдына ала ештеңе біле алмаймыз және бұл жерде жетекшілер әрекет етулері тиіс. Оларды сынаудың орнына, бізге мінажат ету қажет. Бұл жерде мен олардың барлық шешімдерін түгелдей қолдай беруіміз керек деп тұрған жоқпын. Егер олардың әрекеттері дұрыс емес деп санасаң, бұл туралы өздеріне сүйіспеншілікпен айт. Бірақ,



ең бірінші олар үшін сиын! Дұрыс істеп жатпағандарын өздері түсінгенше сиын. Мұндай жағдайда сен дұрыс істеп қана қоймайсың, сондай-ақ үлкен жеңіске жетесің.

Біз уағыздаушылар мен ұстаздар үшін үздіксіз мінажат етуге тиіспіз. Уағыздаушы болу оңай емес. Інжілді уағыздау және Құдай сөзін дұрыс қолдану – бұл бірінші кезектегі үлкен жауапкершілік. Мұның сыртында, уағыздаушы көптеген азғыруларға тап болады. Уағызының табысты, не сәтсіз болғанына қарай, ол үшін әсіресе паңданып кету немесе жасқаншақ болу қаупі зор. Егер сен паңдана бастаған уағыздаушыларды көрсең, оларды тыңдаушыларын қайтадан азықтандыра алатындай дәрежеде рухтарын төмендетуін сұрап, Құдайға сиын. Ал егер сен керісінше, батылдығынан айырыла бастаған бағушыны тыңдасаң, онда Құдайдан оған жігер беруін сұрап сиын.

Өздерін қажетсіз сезінбеуі үшін, әсіресе, қарапайым оқымаған уағыздаушылар үшін сиын. Құдайдан оларға күш беруін сұра! Сонда, тіпті олар аса дарынды немесе қабілетті болмаған күннің өзінде сен олардың көктің қуанышты хабарын дұрыс жеткізе алғанын көресің.

Қауым жиналысы үшін мінажат етудің маңызы ерекше. Бұл жерде біз көп мәселені назардан тыс қалдырамыз. Жиналысты ұйымдастырғанда, көбіне мінажаттық дайындыққа жеткілікті мән бермейміз. Жиналысқа дайындық әдетте қалай болады? Біз жиналыстың қайда және қашан өтетінін белгілейміз және уағыздаушының болғанын ойластырамыз. Егер жиналыс туралы дұрыстап хабарласақ, керектінің бәрін жасадық деп ойлаймыз. Тым болмағанда, әйтеуір жиналысқа барар алдында ол үшін мінажат етеміз. Көпшілігі кеш еді. Басқалары уақытында келеді, бірақ басталғанша, олар жиналыс үшін сиына ма? Жоқ, әдетте олар жиналыс басталғанша, бір-бірімен әңгімелесіп отырады. Сөйте тұра, жиналысымыздың жеміссіз болғанына таңданамыз. Мұндай жиналыстарға тозақ шаттанып, көк жылайды. Иеміздің: «Иемденбейсіңдер, өйткені оны Құдайдан сұрамайсыңдар», – деген сөздері тағы да естіледі. Шіркін, Құдай халқы жиналыстардың алдында орындалуы тиіс мінажат еңбегін көре алса ғой! Сонда сенушілердің өздері де батаға ие болар еді және жиналыстар да қасиетті күштің ғажайып істері жүзеге асатын орнына айналар еді. Мүмкін, уағыздар-

дың түрі бұрынғысынша қалар, бірақ та олардан жаңа күш бой көрсететін еді. Құдай сөзі сенушілердің де, сенбейтіндердің ар-ұждандарына әсер ете бастар еді.

Ал енді тәубеге келмегендер үшін мінажатқа ауысайық. Мінажаттық еңбектің бұл бөлігін біз оңай қабылдаймыз және мұны істеудің қажет екендігімен келісеміз. Өзі тәубеге келген адам өзгелердің де құтқарылғанын көруді қалайды. Бұл үшін көп сиынады. Бірақ, ояныш сирек болады, кейде арада көп жылдар өтеді. Әдетте, олар белгілі бір орындармен шектеледі және рухани күштің жетіспеуімен бейнеленеді. Күш мүлде әрекет етпей қоймайды, кейде бұл жерде үлкен күш көрінеді. Бірақ, ояну барысында немесе ояныштан кейін, бұл жерде Құдайдың емес, пенделік күштің көбірек әрекет еткені анықталады және мұның себебі – мінажаттық еңбектің жеткіліксіздігінде.

Біз ояныш болуын өте қалаймыз, ол туралы айтамыз, ол үшін еңбектенеміз және кейде сиынамыз. Бірақ біз әрбір оянышқа дайындықты, мінажаттық еңбекті бастамаймыз.

Көпшілігіміз Киелі Рухтың тәубеге келмегендерге әрекеті ояныш сәтімен шектеледі деп санаймыз.

Бұл нағыз шатасудың өзі. Киелі Рух үздіксіз еңбек етеді. Оның еңбегі жару жұмысымен айналысатындардың әрекетіне ұқсайды. Киелі Рух күнәкардың тас жүрегін жібітіп, оның Құдайға қарсылығын сындыруы тиіс. Ояныш – бұл зарядтың жарылған сәті. Аралықтағы уақыт қатты жер қабатын тесуге пайдаланылады. Бұл үлкен төзімділікті талап ететін ауыр еңбек. Ал пілтені қойып, оны тұтату, керісінше, оңай әрі қызықты іс. Тесік жасауды білу қажет, ал пілтені тұтату әркімнің де қолынан келеді.

Ояныш кезінде біз өте ынталы боламыз, алайда біркелкі күнделікті өмірдің қамынан көпшілігінің ынталары жоғалады. Бірақ күнделікті қажымас мінажат арқылы, тәубеге келмегендердің жанына қасиетті жарғыш затты салу секілді байқалмайтын, ауыр, әрі төзімділікті талап ететін еңбекке Киелі Рух бізді дәл осы кезде шақырады. Келесі оянышқа дайындық дегеніміз де осының өзі. Егер ояныштардың арасы тым ұзақ кетсе, онда мұның себебі сенушілердің арасынан жарғыштың осы ауыр еңбегін мойнына алғысы келген адамның табылмағандығы. Оянышты бастан өткеруді біздің бәріміз

де қалаймыз, бірақ та жер қабатын бұрғылауды өзгелер істесін дейміз. Қалалар мен ауылдарда осы ауыр еңбекті атқаруға дайын адамдардың болғанына Құдайға шүкір. Бауырлар мен әпке-қарындастар, Құдай сендерді жарылқасын! Ауыр еңбектеріңде Құдай сендерге төзімділік берсін!

Ояныш туралы өтініштерімізді біз қалай дұрыс білдіре аламыз? Киелі Рух жүрегімізге шын мәніндегі қамқорлық пен жан ашуды салған кезде, біз бүкіл дүние жүзінде ояныш болуы үшін сиынамыз. Сол кезде бұл дүниенің бәрінен де осыған мұқтаж екенін көреміз. «Осы бір байлыққа құмарлық, ақша мен билік үшін халықтар арасындағы барған сайын үдеп бара жатқан бітпейтін, осы бір жаппай қарулану мен Құдайдың заңдарына, Құдайдың Ізгі хабарына немқұрайдылықпен қарау бізді неге алып келеді?» – деп өзімізден қаншалықты жиі торығып сұраймыз? Егер біздің жеңілтек және әдепсіз ұрпағымыздың күнеларының лас ағынын тоқтататын және адамдарды Інжілді құрметтеуге үйрететін ұлы да, бәрін қамтитын ояныш болмаса, мұның бәрі бізді қайда алып келеді?

Осылайша, осы дүниенің қазіргі жаман жағдайы бізге барлық елдерде ояныш болуы үшін сиынуымызды міндеттейді. Байлыққа табыну, түрлі құмарлықтарды іздеу, өнегесіздік, маскүнемдік, әділетсіздік пен Құдайдың сөзіне немқұрайдылықпен қарау, бүкіл халықтарды жалмап алу қаупін тудыруда. Бұл үрдісті тоқтату үшін және халықтардың Құдайдан толықтай бас тартып, материализм мен түңілудің батпағына батуына жол бермеу үшін, тыныштықта әрекет ететін күшті, қасиетті ояныштан өзге құрал жоқ.

Бүкіл дүниежүзінің оянуы үшін мінажаттың негізінде, өзіміздің және шағын ортамыздың оянуы жайлы мінажат болуы тиіс. «Иерусалимнен бастап» деген сөз осы жерге де қатысты.

Осыған байланысты біздің әрқайсымыздың мойнымызда үлкен жауапкершілік тұр. Тек болмашы істе адалдығымызды көрсеткен кезімізде ғана, Киелі Рух бізге ұлы да, аумақты міндеттер жүктейді. Біздің ояныш туралы мінажатымыз жеке адамдар үшін сиына бастаған кезімізде ғана барынша әрекетті болады. Тәубеге келген көпшілігіміздің әлі тәубеге келмей тұрғанымызда, біз үшін сиынып, Құдайға жетектеген жеке сиынушыларымыздың болғаны белгілі. Менің ойымша, ең бейша-

ра адам деп өмір бойы ол үшін сиынатын ешкімі жоқ адамды айтуға болады.

Сондықтан, бізге осы істі тез арада қолға алып, жекелеген адамдар үшін, тұрақты сиына бастау қажет. Киелі Рухтан сен мінажат етуге тиіс адамдарды көрсетіп беруін сұра. Егер де сенушілердің бәрі осылай істесе, онда Киелі Рух тәубеге келмегендердің барлығын сенушілерге бөліп беретін еді және сонда сенімді сиынушысы жоқ ешкім қалмас еді. Сонда бұл адамдарға күнәда өмір сүру осыншалықты оңай болмас еді! Қасиетті жарылғыш зат күнделікті олардың жандарына қойылып, тәубеге келмеген өмірлерінің астындағы негіз талқан болар еді. Осы қасиетті мінажаттық қызметтегі сенушілер өмір сүретін жердің бәрінде ояныш жүзеге асады. Ол жасанды жолмен істелмейді. Біз Оның Киелі Рухтың әрекет етуіне орын берген сәтте, оны Құдай жібереді.

Мінажаттық еңбек туралы осы тарауды аяқтамас бұрын, бұл еңбектің Құдай Патшалығындағы өзге ешбір еңбекпен ауыстыруға келмейтінін баса айтқым келеді. Бұл шындық үнемі біздің назарымызда болуы тиіс, өйткені біз лезде өзге қалыпқа түсуге және егер біз үнемі Құдай Патшалығы үшін басқа еңбекпен айналысатын болсақ, онда ешқандай қауіпсіз мінажатқа аз уақыт бөле аламыз деп ойлауға бейімбіз. Бұл бейімділік қанымызда бар және шайтан да оны үнемі қоздырып тұруға тырысады.

Сондықтан, Құдайдың Рухының біз үшін ең маңызды жұмыс – тізерлеп отырып, осы дүниенің шуынан алыс, Құдаймен оңашада атқаратын еңбегіміз екенін жүрегімізге салғанының маңызы зор.

Бұл еңбек Құдай Патшалығындағы уағыз айту, адамдармен жұмыс істеу, жиналыстар өткізу, материалдық құрбандықтарды жинау және басқару секілді өзге еңбектердің алғы шарты болып табылатындықтан да маңызды. Егер де мінажат кез келген қызметтің алдында және онымен бірге жүрмейтін болса, онда бұл қызмет әбігершіліктер мен машақаттармен байланысты болғандықтан, өзімізді де, өзгелерді де шаршататын пенделік болып шығады.

Мінажат еңбегі Құдай Патшалығындағы өзге барша еңбекке алғы шарт болуының себебі өте қарапайым: мінажат

арқылы біз өз әлсіздігімізге көктің күштерін, суды шарапқа айналдыратын, ұйқыдағыларды оятатын, қамалдарды жаулап алатын және мүмкін еместі мүмкін ететін күштерді қосамыз.

Мінажат еңбегін дұрыс бағаламайтын сенушілер аз емес. Жан-жақтарынан қоршап тұрған осы дүние, өздерінің әлсіз, нәзік ішкі өмірін құртпақ болып үнемі қауіп төндіретіндіктен, мінажатқа олар негізінен Құдайдағы өмірлерін сақтап қалудың құралы ретінде қарайды. Олардың мінажаттары өздерінің және жақындарының төңірегінде ғана айналып жүреді. Сенімдегі бауырларымыздың арасында болып, көз алдымызда Құдай Патшалығының ішкі және сыртқы мәселелері ашылған кезде, бұл айналыстың шеңбері сәл де болса кеңейеді. Бірақ күнделікті өмірімізге қайтып оралғанымыз сол екен, біздің мінажаттық мұқтажықтықтарымыздың аясы қайтадан тарылады.

Иә, мінажатты жұмыс құралы ретінде дұрыс қолдана алатынымызды бізге тек мінажаттың Рухы ғана көрсетіп бере алады. Өз мінажатымызға тән өзімшілдікпен кездескен әрбір сәтте, бізге мұқтажығымыз бен әлсіздігімізді сезіне отырып бәрін еш айыптаусыз беретін Одан көмек сұрау қажет. Сонда Ол бізде жоқты жүзеге асырады. Құдайға мың алғыс!

Мінажаттық еңбек кезінде біз мұқтаж кеңестерге сиыну уақытына қатысты кеңестер де жатады.

Кез келген еңбек уақытты талап етеді. Мінажаттың күнделікті өміріміздегі жұмыс бағдарламасының бір бөлігі екенін сезінген кезде күнімізді тамақ ішуге және басқа да қажеттіліктерге бөлген секілді, осы еңбекке де уақыт жететіндей етіп бөлеміз.

Осылайша, бұл мінажатты еңбек уақытты талап етеді. Бұл еңбекті тек оған белгілі бір уақытын құрбан етуге дайын адам ғана атқара алады. Осының өзі ғана бізге мінажатты еңбекті тек мойынсұну рухына ие адамның ғана атқара алатынын көрсетеді. Өзгелер бұл еңбекті атқармау үшін мыңдаған сылтау табады. Олардың уақыты жоқ және оны тапқылары да келмейді. Көбісі жүйесіздігінің себебінен жеміссіз болатын мінажаттық өмірлерін қанағат тұтады. Олардың белгілі бір мінажат сағаттары жоқ және олар уақыты болған кезде мінажат етеді. Олар бәрін жағдайдың еркіне қоя береді. Олардың мінажаттарының мәні де қолдарында бар уақытпен және сол сәтте ойына келген мәселемен айқындалады.

Мінажатты еңбек дұрыс жоспарлауды және мақсатқа ұмтылуды қажет етеді. Дұшпан біздің мінажат етуге уақытымыздың тым аз болғанының және соның кесірінен мінажаттың көмегімен болмашыға ғана қол жеткізуіміздің қамын жейді. Бұған қоса, ол біздің шашыраңқы болып, басқалар үшін сұрайтын мінажатта аса мұқтаж сұрақтарды ұмытып кетуімізге күш салады.

Мұндай мінажаттық еңбек жоспарланбаған, мақсатсыз шара болып шығады. Мінажат еңбегі тек ол мұқият жоспарланған жағдайда ғана жемісті болады.

Мен өзімнің мінажат бөлмемде, неге қол жеткізгім келетінін, оған кірмей тұрып білуге тиіспін. Мен қандай тұлғаларды және Құдайдың орасан зор егістігіне қатысты қандай сұрақтарды мінажатта Оған әкелуім керектігін білуге тиіспін. Киелі Рухтың біздің мінажаттық мұқтаждықтарымыздың аясын қаншалықты кеңіткеніне қарай, сұрақтар өте көп болуы мүмкін. Сондықтан, бұл еңбекте менің ұмытшақтығым маған кедергі болмауы керек. Егер маған жекелеген тұлғаларды немесе мәселелерді еске түсіру қиынға соқса, мен жазбаларымның көмегіне жүгіне аламын.

Иоган Джонсон бірде өзін басқалар үшін сиынуға барған сайын көбірек арнай бастаған бір елші әйел туралы айтты. Оның мінажат етуге тиіс сұрақтарының аясы барған сайын кеңейе түседі. Ақыры, олардың бәрін есте сақтау қиындап кеткен соң, ол кішкентай қойын дәптер алып, бәрін сонда жазып отырады. Ол сол адамдар мен олардың мәселелер үшін мінажатын жалғастыра береді. Жаңадан мұқтаждықтар туындағанда, әйел оларды да қойын дәптеріне жазып қояды. Егер Құдай мінажатына жауап берсе, ол бұл мұқтаждықты сызады және оның тұсына «алғыс айтамын» деп жазады.

Олардың кейбіреулер үшін пайдалы болуы мүмкін болғанымен, мен таңертеңге, кешке және айырықша өмірлік жағдайларға арналған арнайы басылған мінажат кітапшалаарына көп сенім артқан емеспін. Бірақ әркімде осындай кішкентай мінажат кітапшасының болуына кеңес беремін. Сонда мінажаттық еңбектің тәртіпке оңай айналуы мүмкін. Сондықтан мінажаттардың барынша нақты болғаны маңызды. Жалпылама сөздер мінажатты тақырыптан айырады. Егер мен қандай да бір адам үшін мінажат ететін болсам, онда мен оның

өмірінен немесе жағдайынан бір мәселені атап айтуға тиіспін. Қандай да бір қоғам үшін сиынғанда оның жұмысымен тығыз байланысты жекелеген тұлғаларды немесе осы кезде пайда болған қиындықтар мен мәселелерді атауым қажет. Осының бәрі біз үшін мінажат еңбегін жеңілдетеді. Бұл шындықтар Лютерге де белгілі болды, ол біздің мінажаттарымызда нақты жайт туралы сұрауымыз керектігін баса айтты.

Егер біз мінажаттық еңбекті осылай атқаратын болсақ, онда бұған уақыттың көп қажет болатыны сондай, күн сайын бар өтініштерімізді айтып үлгермейтініміз анық. Сондықтан, өтініштерімізді аптаның алты күніне бөліп қойғанымыз дұрыс болады. Ал жексенбі күні олардың бәрін біріктіруге болады, өйткені бұл күні біздің мінажат етуге уақытымыз жеткілікті болады. Әрине, біздің әрқайсымыздың жүрегімізге айырықша жақын және олар үшін күнделікті сиынатын жандарымыз бен мұқтаждықтардың болатыны өзінен-өзі түсінікті.

Біздің заманымыздың мәсіхшілері – бұлар ыждағатты адамдар. Біз еңбек ету ғасырында бекерге өмір сүріп жатқан жоқпыз. Құдай Қауымының тарихында адамдар ешқашан дәл қазіргідей еңбектенген емес және ешқашан осынша көп қызметшілер болған емес. Еңбек бұрын ешқашан дәл осындай ұйымдасқан және мамандандырылған болған емес. Ауыр, қызу еңбек! Үнемі бір денені құрбан ету қажет. Күшті, уақытты, мүдделерді, қаржыны құрбан ету керек.

Механизация үрдісі қатты дамыды және көпшілік оған шектеу қоюға шақыруда. Олар әрі қарай жаңа технологиялар енгізуден бас тартуды және конвейерлік жұмысқа мүмкіндігінше шектеу қоюды талап етеді. Өзгелері бұдан да артық ұйымдастыруды қалайды. Өйткені, біз ұйымдастыру дамыған ғасырда өмір сүріп жатырмыз және көпшілік жақсы ұйымдас-тырылған жұмыстың игілік әкелетініне сенеді.

Біздің ерікті мәсіхші еңбегіміздің саласының қазіргі жағдайын қарастырған кезде, жоғарыда айтылған ойлардың ешқайсысына менің көңілім қонбайды.

Механизация мен қозғаушы күштің арасында сәйкессіздіктің бар екені жайлы бәріміз бір пікірдеміз. Бірақ, бұл сәйкессіздікті жою үшін қозғаушы күшті ұлғайтудың орнына, механизацияны азайту маған дұрыс емес секілді болып көрінеді.

Менің отанымда астық бастыратын машинаның қолмен қозғалысқа келетіні есімде. Өте ауыр жұмыс болғандықтан, мұны бірнеше адам ауысып істейтін. Қазір бәрі басқаша. Бәрі механикаландырылғандықтан қазір күнінен жүз есе көп бидай бастырылады. Бұған күш бұрынғыдан аз жұмсалады. Бұл жерде шешуші рөлді мотордың күші атқарады. Ол бидайды бірден бастырып, дөнді тазартады. Бұл адам санын да, уақытты да үнемдейді.

Мәсіхші еңбегіміздің қазіргі жағдайына қарап, мен осыны жиі еске аламын.

Механизмнің шаршататын себебі, біз көктің күшін қолданудың орнына адамдардың күшіне үміт артамыз. Білем, біз оңашада да, бірлесіп те мінажат етеміз. Бірақ бұл жерде қажетті нәрсені істемейміз бе немесе үмітімізді Құдайдың құдіретіне артпаймыз ба деп қорқамын. Біздің еңбегіміз сол себептен ауыр.

Бізде көктің күштеріне жүгінетін мүмкіндік бар! Мәселе тек біздің орнымен байланысымыз дұрыс па, жоқ па, сонда ғана. Бізге мінажат Рухын сұрау қажет. Ол күш өткізуші тұрған шеберханада. Бұл ғимараттың есігінің маңдайшасына мынандай сөздер жазылған: «Қолдарыңнан келмейтін нәрсе болмайды».

Біздің күрделі мәсіхші еңбегімізден алатынымыз шектеуге немесе ұйымдастыруға емес, Құдайдың Рухы бізді мінажаттық еңбекке баурай ма, жоқ па, соған байланысты болады.

## **Мінажаттық күрес I**

Мінажатқа қатысты қиындықтар мен азаптар біздің көпшілігіміз үшін түсініксіз нәрсе болып көрінеді.

Мінажат неліктен азаппен байланысты болуы тиіс? Біздің мінажаттық өміріміз неліктен азаптың толастамайтын ағыны болуы керек?

Осы туралы ойланған кезімізде, бізге мұның негізінен басқаша болуы мүмкін де емес екендігін ұғамыз. Көріп отыр-



ғанымыздай, егер де мінажат біздің жаңа өміріміздің орталық діңгегі болса, Құдайдағы өміріміздің жүрек соғысы болса, онда мінажаттық өміріміз шайтан оған өзінің бар мықты қаруын бағыттайтын нысана болып табылатыны айқын. Мінажаттың бізге және өзгелер үшін қандай мәнге ие екенін ол бізден жақсы біледі. Сондықтан, ол негізгі соққысын дәл мінажатқа бағыттайды. Егер ол қандай да бір жолмен біздің назарымызды мінажаттан басқа нәрсеге аударса, онда біздің Құдайдың алдында жүруімізге оның кедергі келтіруіне мүмкіндік туады және мұны байқамай да қаламыз. Бұл бізге байқалмайтын, ал шайтанның біздің рухани өмірімізді жаулап алуына ең жақсы тәсіл. Ол өздерін Құдайға тиесіліміз деп ойлайтын және өзгелер де оларға Құдайдың балалары ретінде қарайтын қызметшілерді оңай тауып алады.

Сондықтан шайтан мінажаттық өмірімізге кедергі келтіру үшін қолында бардың бәрін пайдаланады. Біздің бойымызда оның мықты одақтасы: біздің ескі күнәкар болмысымыз бар. Жазбаға және біздің ащы тәжірибемізге сәйкес, оның ниеті Құдайға қас (Рим 8:7) және біз мінажатта Құдайға жақындаған кезде, ол өлердей қорқады. Бұл бізге айқын болуы тиіс. Бұл жерде біз кейде көбірек, ал кейде ақырын сезінетін және әдетте өзімізге түсініксіз сиынбау тілегінің құпиясы жасырынып жатыр. Бұл бізді қорқытпауы да, абыржытпауы да тиіс. Бұл тек «тән Рухқа қарсы тұрады» деген көне шындықты тағы бір рет дәлелдейді. Біз тәнде өмір сүреміз және сол себептен азап тартуға тиіспіз.

Тәннің мінажатқа қатысты осы қарсылығымен оның өзге де күнәкар тілектерімен баратын жеріме, яғни – бәрін Оған табыстау үшін Құдайға баруға тиіспін. Сонда Иса Мәсіхтің қаны мені осы күнәдан да, өзге күнәлардан да тазартады.

Мінажаттық өміріміз өшіп қалмауы үшін, біз сиынуға деген өз кеудеміздегі кедергіні үнемі назарда ұстауымыз қажет. Бойымыздағы ескі, Құдайға қас болмысымыз сиынудан ашық бас тартпайды. Бұлай болған жағдайда ескі болмысымызбен күресіміз осыншалықты азапты болмас еді. Мінажатқа қарсы күресті асқан айлакерлікпен жүргізеді. Дәл қазір сиынбау үшін ол неше түрлі сылтаулар ойлап табады. Сен асығасың, ояларың шашыраңқы, жүрегің мінажатқа дайын емес, кейінірек

іштей жиналасың, сиынуға қолайлы сәт туады. Осылайша бәрі мінажатқа дайын болған кезде сенің басыңа кенет: тағы бір шаруаны істеп тастау керек деген ой келеді. Осының бәрін бітірсем, асықпай сиынуға болады деп ойлайсың. Ақыры бәрі істеліп болды. Бірақ мұның бәрін істеп болғанда ойларың бытырап кетті, жинақтылық жоқ. Сөйтіп, көзді ашып-жұмғанша бұл күн де өтіп кетті. Құдаймен тыныштықта болатын мінажат сағатынсыз.

Ескі болмысымыз күнделікті мінажатқа осылай қарсыласады. Мұны түсінбеген адам міндетті түрде алдауға түседі. Сиынуға уақыт әлі «болады» деп жүргеніміз, біздің бойымыздағы ескі болмысымызды әлі күнге дұрыс танымағанымыз да.

Күнделікті мінажатымызға қарсы тұратын сыртқы кедергілерге назар аударған кезімізде, біз бұл жерде адам баласына емес, зұлым рухтарға қарсы (Еф 6:12) күрес жүргізіп жатқанымызды анық көреміз.

Құдаймен кездесуге белгілеген уақытымыз жақындаған кезде, бәрі біздің осы әрекетімізге кедергі келтіруге уәделесіп қойғандай жағдайлар жиі орын алады: бізге адамдар, жануарлар, тіпті, телефон кедергі болады. Бұл жерде дұшпанның көзге көрінбейтін қолының жұмыс істеп жатқанын түсіну қиын емес. Ал осыны түсінбеген мәсіхшінің жағдайы қиын-ақ!

Бірінші және ең кесімді шайқас – әр күні Құдаймен тыныштықта кездесу үшін, белгілі бір уақытты бөліп алу. Бірақ мінажат сағаты үшін бұл шайқаста жеңіске жеткен күннің өзінде күрес мұнымен әлі аяқталған жоқ. Дұшпанымыз мінажат бөлмесіне артымыздан кіреді. Сол жерде олар – ескі күнәкар болмысымыз бен шайтан күресті әрі қарай жалғастырады. Мінажат бөлмесіне кірер алдында қалай қорықса, Құдаймен кездесуден ескі күнәкар болмысымыз сол жерде де дәл солай қорқады. Енді ол мінажат уақытын барынша қысқартуға немесе Құдаймен кездесу туралы әңгіме болуының өзі мүмкін болмайтындай дәрежеде ойымызды жаулап алуға тырысады.

Досым, мұндай шайқастар саған таныс па? Құдаймен сөйлесу үшін тізе бүгіп отырған кезінде, дәл сол сәтте істеуге тиіс шаруаларың көз алдыңа келеді. Олар саған қаншалықты маңызды және шұғыл шаруалар болып көрінеді десеңші! Бұл ойлар сені барған сайын мазалай түседі. Бар назарыңды

Құдаймен әңгімеге аударғың келеді, бірақ бұдан онша ештеңе шыға қоймайды.

Сенің ойларың Құдай мен өзінді күтіп тұрған шұғыл жұмыстың арасында шарқ ұрады. Мінажат сәті сен үшін күннің ең мазасыз мезгіліне айналады. Шығыс батыстан қандай алыс болса, қуаныш пен тыныштық сенен дәл солай алыстайды. Сен тізерлеп қаншалықты көбірек отырсаң, алда күтіп тұрған жұмыстарың көз алдыңа соншалықты анығырақ елестейді. Саған осыншалықты ұзақ уақыт тізе бүгіп отыру уақытты текке жоғалту секілді болып көріне бастайды. Сол себептен сен мінажат етуіңді тоқтатасың.

Шайқаста дұшпан жеңіске жетті. Біз өзімізден күшті болып көрінетін дұшпанға қарсы тұрамыз. Егер де Исаға есікті ашып, Оны мұқтаждықтарымызға ендіру туралы мінажат құпиясын әлі білмейтін болсақ, онда біз міндетті түрде жеңілеміз. Жоғарыда айтқанымыздай, мінажат дәрменсіздер үшін бекітілген. Дәрменсіздік – бұл мінажатқа кедергі емес, ол оған дем беруші. Егер Киелі Рух бізді дәрменсіздік Құдайдың бізге көмектескісі келетінін білдіретін белгі екендігі туралы мінажаттың маңызды құпиясына үйреткен болса, онда мазасыз ойлар мен шашыраңқылықтан ерекшелігі, дәрменсіздік біздің мінажатымызға кедергі бола алмайды.

Ол біздің жүгенсіз ойларымызға да билігін жүргізе алады. Ол дауылдарға бұйрығын жүргізіп, оларды және оның ішінде менің жүрегімді де тыныштандыра алады. Бұл туралы Філіпіліктерге арналған хатта (4:7) жақсы айтылған: «Сонда Құдайдың адам ақылынан асқан керемет тыныштығы сендердің жүректерің мен ой-саналарыңды Мәсіх Исада сақтайды».

Иә, шашыраңқы ойларымызды жинақтап, оларды сондай қалыпта сақтауға, тек Мәсіх қана мүмкіндік бере алады. Бұл Мәсіхтің бүкіл болмысымызға иелік ететінін білдіреді. Тек осылай болғанда ғана біздің мінажатымыз шын мәнінде Құдаймен кездесу болады. Дөңгелектің шилерінің оның ортасында бірігетіні секілді, біздің барлық ойларымыз да Құдайға бағытталады. Елші біздің мазасыз ойларымызға Құдайдың тыныштығы осылай әрекет жасайтынын айтады. Мінажат кезіндегі мазасыздық пен шашыраңқылық ойларымды ерік күшіммен өзім Құдайға бағыттауым керек деген кезде бойды жайлайды.

Ойларыма қатысты дәрменсіздігімді түсініп, осал емес дұшпаныма қарсы күресіме көмектесуі үшін құдіретті Досым – Исаны ендірген кезде, бойым Құдайдың тыныштығына кенеледі. Сонда Құдайдың Рухы бізге қайтадан Мәсіхті ашып бере алады және Оны мадақтай алады. Тек сонда ғана менің ойларым Иса Мәсіхте сақталатын болады.

Бізге мінажаттың осы белгілі бір уақытын неліктен ұстап тұру қажет?

Бұл қандай да бір заңның қалдығы емес пе? Бұл католиктікке тән ұстаным емес пе екен? Күніне бірнеше рет мінажат ету арқылы Құдайға өз ынтымағды дәлелдегіміз келмей ме? Құдіретті Құдайдың алдына жиі келу арқылы Құдайдан сыйлық аламыз деп үміттенбейміз бе?

Бұған қатысты былай дегім келеді: мінажаттың бұл екі түрі бір-бірін жоққа шығару емес, біріншісін екіншісі толықтырып тұруы қажет. Бұл жайында «мінажаттың түрі» деген тарауда кеңірек айтатын боламын. Ал қазір мінажат үшін белгілі бір уақытты сақтаудың қажеттілігі туралы азырақ айта кеткім келеді.

Егер біз жұмыс кезінде немесе кез келген өзге жерде Құдаймен байланыста болып, Оған жүрегімізде жатқан мәселелерді айтатын болсақ, бұл дұрыс және жақсы болады. Бірақ ондай кезде қол жеткізе алмайтынымыз – бұл тыныштық.

Тіпті күннің кез келген уақытында Әкесімен үздіксіз байланыста болған Исаның Өзі оңаша жалғыз қалу үшін адамдар мен у-шудан аулақ кететін (Мар 1:35; Мат 14:23; Лұқ 6:12; 22:41). Осы дүние, адамдар біздің рухымызды ыдыратады. Сондықтан жанымыз тыныштықта Құдайдың үнін естуге қажетті жинақылыққа қол жеткізе алуы үшін, бізге белгілі бір уақытта оңаша қалу қажет. Біз тек рух қана емеспіз, сондықтан да, сыртқы жағдайларға тәуелдіміз. Оңаша қалудың өзі ғана біз үшін өте маңызды. Бізді ешкім көріп, естімейтін кезде, Құдаймен оңаша боламыз. Сонда адамдардың назары мен көңіл бөлгені бізге әсер етпейді.

Сонымен тыныштық, таза сыртқы тыныштық жанымыздың жинақылығы үшін өте маңызды. Әдетте көңіліміз бөлінетін жайт болмаған кезде, жанымыз ішкі белсенділік үшін азат болады немесе мұны ішкі баяулық, тебірену деп атауға болады. Сыртқы жағдайлар жанымызды басқаға бұратын күші-

нен айырылған сәтте, Құдай бізді тебіреніп, жанымызды мінажатқа дайындайды. Бұл күйді бізге Оның келе жатқанын жеткізетін Құдайдың хабаршысына теңеуге болады. Осы рақымдылықты ұғайықшы! Осы Құдайдың жақындығы біздің бытыраңқы және осы дүниеліктің қамындағы жанымызды мінажатқа дайындайды.

Сиынушылардың көпшілігі мұны назарға алмайды. Олар бөлмелеріне кіре сала бірден Құдаймен сөйлесе бастайды. Жоқ, достым, сөйлемес бұрын біраз уақыт аялда! Тыныштық пен оңашалық саған өзінің игілікті әрекетімен әсер етсін! Жаныңның барша сыртқы әсер атаулыдан азаттық алуына уақыт бер. Сенің бытыраңқы көңіліңе Құдайдың әсер етуіне мұрша бер! Осы қасиетті тебіреністің жүрегіңнің барша есіктерін мәңгілік өмірге айқара ашуына мүмкіндік бер!

Біз мінажаттың белсенді жағына көбірек мән беріп үйренгенбіз. Біз мінажаттың басынан бастап аяғына дейін көпіртіп, Құдайға бәрін айтуға барынша тырысамыз. Егер мінажатымыз Құдаймен қисынды әңгіме болып шықпайтын болса, онда бұл бізге кемшілік немесе қателік болып көрінеді. Әрине, мінажат – бұл белсенді күш және ол Құдаймен сөйлесуді де білдіреді. Бірақ тек бұл ғана емес. Осы қасиетті тыныштық сағаттарында біз жандардың Емшісінің тексеруіне дайын болуымыз қажет. Ішкі ақаулымыздың қай тұста екені көрінуі үшін, біз Оның киелі, құдіретті сәулесінің астына тұруымыз қажет. Табиғи сәуленің де, жасанды сәуленің де сауықтырушы қасиетке ие екенін бәріміз білеміз. Қазіргі кезде сәуленің бұл қасиеті түрлі ауруларды емдеуге пайдаланылады. Емханаларда ауыратын мүшеге сәуле түсіріп емдейтін тәсіл бар.

Дәл осы секілді біздің жанымыздың дерттері де сәуленің әрекетінсіз жазыла алмайды. Көктің сәулесі жанымызға еніп, ондағы ауру мүшеге жарығын түсіруі тиіс. Тәубеге келген кезімізде, осы сәулемен емдеу арқылы өткеніміз және сәуленің жанымыздың барша түкпіріне еніп, ескі және жаңа күнәларымыздың барлығын көрсетіп бергені жеткіліксіз. Ол кезде жанымыздың дерті жазылған жоқ, тек тоқтатылды. Бұл сәулемен емделу әлі жерде өмір сүріп жатқан кезімізде күнделікті жүзеге асуы тиіс. Құдаймен өткізетін тыныш уақыттарымызда күнделікті сәулемен емделуден өтуге тиіспіз. Өкінішке

орай, бұл көп жағдайда олай емес. Құдайға біз барлығын айтамыз, және тоқтамай сөйлей береміз. Сөйлесіп болғаннан кейін, «аумин» дейміз де, жүре береміз.

Дәрігердің алдына келгеніңді көз алдыңа елестетші. Сен кабинетіне кіресің, ол саған орындық ұсынады. Сен орындыққа отырасың да, өзіңнің дертің туралы айта бастайсың. Содан соң, бәрін айтып болған соң, орныңнан тұрып, кетіп қаласың. Сонда дәрігер не ойлайды? Әрине, ол сені есі ауысқан біреу екен дейді.

Осындай науқастар Құдайға күнге топ-тобымен келеді. Сондықтан да, мінажат сағаттарымыздың біз үшін маңызы төмен. Қалай келсек, сол күйімізде кетеміз. Құдай қайырымды Дәрігерден не кеңес, не дәрі алмай кетіп бара жатқан біздерге қамкөңіл боп қарап қалады.

Құдайға барған кезімізде, біз жан-жақты тексеруден өтіп, қажетті ем алуға барған сырқат секілді болуымыз қажет.

Қай жерің ауыратынын білсең, соны көрсет. Егер қай жеріңнің ауыратынын білмей, мазаланып тұрсаң, онда уақытыңды аяма, Ол сені Өзінің сәулесімен тексеруден өткізсін.

Оған Забур жырларын жазушыға ұқсап: «Уа, Құдай, жүрегімнің түкпірлерін тексере гөр, Мені мазалаған ойларымды біле гөр, Қауіпті жолдамын ба, сынай көрсеңші, Мәңгілік өмір жолымен мені жүргізсеңші!» (Жыр 138:23-24), – деп айт. Егер осылай істейтін болсаң, онда мінажат кезінде өзгеріс жүзеге асады.

Сонда саған Құдаймен қарым-қатынасыңа немесе Оған қызмет етуіңе, өмірінде немесе жүрегіңде не кедергі келтіретіні айқын болады. Сонда сен көз жасыңды төгіп, Оған жүрегіңді айқара ашып, қызметіңе жаңа тыныштық пен сенімділікпен ғана емес, сондай-ақ жаңарған күшпен кірісесің. Себебі: «Жаратқан Ие Өзіне шын жүректен бағышталып, адал болып жүргендерді күш-қуат беріп қолдау үшін, бүкіл жер жүзін назарында ұстап отырады» (Шеж2 16:9).

Бірақ бұл күрессіз жүрмейді. Киелі Рухтың әрекеті біздің күнәларымызды әшкерелеу. Ал біздің мінажат сағаттарымыз Оның бізден есеп талап етуіне қолайлы мүмкіндік туғызады. Қасиетті Құдайдың алдындағы тыныш оңашада, біздің жанымыз тыңдауға барынша қабілетті болады. Бұл жерде Ол бізге

өзіміз бәрінен артық көретін күнеларымыз жайлы айтады. Күнәмен ашық одақтас болуға ешбір Құдай баласының батылы бармайды. Сондықтан, бізді мазалап жүрген мәселе мүлде күнә емес деп өз-өзімізді сендіруге тырысамыз. Біз өзімізді кешіреміз және ақтаймыз. Мысалы, әңгіме Киелі Рухтың сенімен сөйлесуді қалайтыны ақша жайлы болып тұр делік. Сенің қаржылық мәселең біртіндеп ретсіздікке ұшырады. Ал Киелі Рух саған бұл туралы табандылықпен ұзақ уақыт бойы айтады. Құдай Сөзін оқып отырған кезде, сен қандай да бір аяттың, ақша жайлы айырықша мәнге ие болғанын байқайсың. Құдай сөзін тыңдағанда да дәл осылай болады. Уағыздаушылардың бәрі тек байлық туралы ғана айтуға ақылдасып алған секілді. Бірақ бәрінен де мінажат кезінде жаман болады. Киелі Рух одан өзге ештеңе айтпайтындай тәрізді. Сен әдеттегідей әрі қарай мінажат ете бересің, бірақ Киелі Рух саған: «Ақша! Ақша! Сенің мінажатыңның Құдай үшін де, өзің үшін де құны жоқ. Құдай сенімен тек ақша жайлы сөйлескісі келеді. Егер ол туралы сөйлескің келмесе, онда сиынбай-ақ қоюыңа болады», – дейді.

Сенің жан дүниенде осыған ұқсас күрес болды ма?

Әрине, Киелі Рухтың айтқаны дұрыс болатын. Бірақ сенің берілгің келмеді. Сен өзіңнің қаражаттық мәселелеріңді ақтауға тырыстың. Бұл сараңдық емес, жай ғана үнемшілдік болатын дедің. Киелі Рухпен күрес сен үшін жан төзгісіз бола бастаған сәтте саған шайтанның қулығы көмекке келді: азапты әшкерелеу-ден құтылу үшін, басқа адамның сөзін сөйлейтін мінажатқа ауыстың. Сен өзгелер үшін сиына бастадың. Иә, адамның жүрегі адасуға тез ұрынады!

Мінажат бөлмесі шайқас алаңының өзі болып табылады. Бұл жерде тағдырыңа тиетін күшті соққылар беріледі. Көрермендерсіз және тыңдаушыларсыз осы тыныштықта жанның уақытша және мәңгіліктегі тағдыры шешіледі.

Мінажат ету – бұл өзіңді Исаға ашу. Егер Киелі Рух арұжданыма көрсетіп берген күнеларымның тым болмағанда біреуін жасырып қалатын болсам, онда мен сол арқылы Исаның жаныма енуіне кедергі жасаймын.

Жанымның мазасыздығы мен ауруын жеңілдетуге тырысып, оны мінажат деп санап, сөзімді жалғастыра бергеніммен онда мен үшін мінажат тоқтайды.

Көптеген сиынушылар осы майданда жеңіліс тапты; мінажаттың Рухы оларды тастап кетуге мәжбүр болды, сөйтіп, олар мінажат қайраткерлерінің қатарынан шығып қалды.

Егер бұл кітап аса қажет еткен адамның қолына түсетін болса, онда осы кітаптың басында айтқан сөздерді оның есіне қайтада сала кеткім келеді: Иса есікті қағып тұр. Оның қайтадан кіргісі келеді. Ол сені көтергісі келеді. Саған өз күнәң тым ауыр болып көрінгендіктен оны жасырып қалмақ болдың. Бірақ бұл жерде не айтылатынын тыңда: «Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын. Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса, Мен оның жан дүниесіне еніп, онымен бірге «дастарқандас» боламын; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады». Сен есікті ашқың келе ме? Әрине, бұл жерде Исаның нені меңзеп тұрғанын сен түсінесің: бұған дейін ақтап және құптап келген күнәнді мойындағың келе ме? Онда сен өзінді қинаған мұқтаждығыңа және күнәға қатысты дәрменсіздігіңе Исаны енгізесің, сонда құдіреті мықты Ол күшті дұшпаныңды бейшара жаныңнан қуып шығарады.

Қорытындылай келе, біз мінажатқа қатысты қиындықтардың бәріне тек біздің мінажат Рухына қарсы шыққандығымыздан ұшыраймыз. Иә, кейде біздің мінажатымыз сиыну Рухына деген қарсы күрес. Әрине, мұндай кездері, мінажатымыз қиын, арпалыс болады да, көбіне жауапсыз қалады. Ақырғысы: егер біздің мінажатымыз сиыну Рухына қарсы үздіксіз күрес болатын болса, онда бұл Рух бізді тастап кетеді және біздің барша мінажаттық өміріміз өшеді. Сайып келгенде, мінажаттық күресіміздің мәні біздің тәни және рухани мұқтаждықтарға ғана қатысты әлсіз болатынымызда емес. Біздің жалпы мінажатқа қабілеттілігімізге қатысты әлсізденетініміз сондай, мінажатымыз тек сиыну Рухына жалбарыну болып қалады. Ішкі немесе сыртқы, үлкен немесе шағын мәселелер үшін, өзіміз немесе өзгелер үшін сиынсақ та – мінажатымыз сиыну Рухының енді біздің не туралы сиыну керектігін қалайтынына ақырын құлақ асуға айналады.

Бірінші кезекте сиыну Рухының шақыруына құлақ асуға тиіспіз. Бұл жерде Иса (Мар 14:38) аятында айтатын күрес қажет, себебі, Рух сиынғысы келеді, ал тән оған қарсылық көрсетеді. Өрі қарай, мінажат кезінде Киелі Рухтың бізге не айтқысы келетінін есту үшін күресу қажет.



Әрине, үйреншікті күнеларымызды ашу біз үшін қиын. Сондай-ақ, Киелі Рухтың белгілі бір адамдар үшін қалай сиынуымыз керектігі туралы ескертпелеріне құлақ асу үшін бізге күнделікті күрес және сергектік қажет. Егер біз Киелі Рухқа мінажаттарымызда әрекет етуіне ерік беретін болсақ, онда біз шынайы мінажаттың тек таңдаулыларға ғана емес, қарапайым адамдар үшін де мүмкін екенін бастан өткереміз. Сонда біз мінажаттың шын мәнісінде сиыну Рухын сұрау керектігін түсінеміз.

## Мінажаттық күрес II

«Бауырластарым, сендерден Иеміз Иса Мәсіхтің атымен және Киелі Рухтың сүйіспеншілігімен өтінемін: Құдайға мен үшін сиына отырып, рухани күресіме атсалысыңдар! Ол мені Яһудея аймағындағы сенбеушілерден құтқарсын».

Елшінің бұл сөздері бізге мінажаттық күрестің жаңа қырын көрсетеді. Бұл жерде ол күрес сипатын қабылдайтын басқа мінажат туралы сұрайды. Қолостықтарға жазған хатында ол осы ойларын басқа сөздермен жеткізеді: «Мәсіх Исаның қызметшісі, әрі сендердің жерлестерің – Епафрас та сәлем айтып отыр. Ол сендердің рухани жағынан жетіліп, берік сеніммен Құдайдың бүкіл еркін орындауларың үшін үздіксіз мінажат етіп күресуде. Оның сендерді және Лаудики мен Иераполдағы бауырластарды қатты уайымдап жүргеніне куәмін» (Қол 4:12-13). Осы мінажаттық күресті көп адамдар дұрыс түсінбейді. Оны Құдайға сиындағы пікірталас деп қабылдайды. Мұндай түсінік, Құдай Өзінің сыйларын беруді барынша соза береді, сондықтан, оларды қандай да бір жолмен иелену қажет деген ойға жол беріледі. Осылайша, олар мінажатты Құдайдың тарапынан болатын қарсылыққа төтеп беру және Құдайды біздің өтініштерімізді орындауға шақыратын құрал деп есептейді. Егер де мінажат орындалса, онда тек сиынушының мінажатта Құдаймен таласып, Оған өзінің өтініштерін үздіксіз

айтып, мұқтаждықтың күрделі екеніне сендіргенше Одан қалмағандықтан деп санайды. Мұндай түсініктің мәсіхшінікі емес пұтқа табынушылық екеніне көз жеткізу үшін, тіпті Киелі кітапты жақсы білудің де қажеті жоқ.

Құдай ізгі. Бұл жерде мәселе біздің табанды өтініштеріміз бен күресіміз арқылы Оның бетін бері қаратуда емес. «Тәңір Иеміз еш жазғырмай-ақ бәріне жомарттықпен бере салады» (Жақ 1:5); Ол ізгі ғана емес, сондай-ақ, Ол бәрін білуші және бізге ненің қажет екенін барлық уақытта біледі. Бізге не дәлелдің, не үгіттің көмегімен өзімізге бәрінен де ненің жақсы екеніне Оны үйретудің қажеті жоқ.

Мінажаттық күреске адамның Құдаймен тайталасы ретінде қарау, Жазбаның белгілі бір тұстарына, әсіресе Жақыптың Құдаймен күрескен тұсына негізделген (Жар 32:22-32). Жақып туралы оның Құдаймен күресіп: «Маған батаңды бермейінше сені жібермеймін», – дегені айтылады және ол шынымен де Құдайдан сұраған батасын алады. Бірақ осы күрестің нәтижесінде ол аяғынан жарақат алды.

Жаңа Өсиетте, әдетте, қанахандық жесірдің оқиғасы келтіріледі (Мат 15:21-28). Бұл жерде Исамен Тир қаласы маңында кездескен жат жерлік әйел туралы айтылады. Ол Исадан өзінің жын соққан қызын сауықтыруын өтінді. Бірақ Иса оған жауап берген жоқ. Сонда шәкірттері: «Мынаның тілегін орындап, жібере салыңыз. Ол соңымыздан қалмастан айқайлап келеді», – деп өтінді. Бірақ Иса оларға: «Мен тек адасып кеткен қойларға ұқсас Исраил халқына ғана жіберілгенмін», – деп жауап қайырды. Бірақ жағдайы қиын әйел берілген жоқ. Ол Исаның аяғына жығылып: «Тақсыр, маған көмектесе көріңіз!» – деп жалынды. Бірақ та, Иса оның өтінішіне әлі де құлақ аспады. Ол тіпті: «Балалардың нанын алып қойып, үй күшіктеріне тастау дұрыс емес», – деп қатал жауап берді. Бірақ әйел сұрауын қоймады. Ол Исаның осы мысалын тапқырлықпен және зор мойынсұнушылықпен пайдаланып: «Айтқаныңыз дұрыс, Тақсыр! Дегенмен «үй күшіктері» де иелерінің дастарқанынан түскен ұсақ-түйек қалдықтармен қоректенеді ғой», – деді. Тек сонда ғана Иса оның тілегін орындады.

Сырттай қарағанда бұл екі мысалдың да сиынушының Құдайдың тарапынан болатын қарсылықтан құтылып, Оны

мінажатты орындауға мәжбүрлеуі тиіс деген пікірді дәлелдегендей болатынын теріске шығаруға болмайды. Бірақ бұл екі жайтты осылай түсіну Киелі кітаптың Құдай туралы және минажаттың мәні туралы іліміне қайшы келетіндіктен, біз Құдайдың рақымымен де, минажаттың мәнімен де сәйкес келетін түсіндірме табуға тырысуға тиіспіз.

Әйел көмек көрсетуін жалынып сұраған кезде Иса неге жауап бермеді? Бұл әйелдің мұқтаждығына Оның көңіл бөлмегендігі ме? Жоқ, олай емес! Шәкірттері әйелге көмектесуін өтінген кезде, Ол неге Өзінің тек таңдап алынған халық үшін жіберілгенін айтты? Бұрын Оның осындайда көмектескен сәттері болып еді ғой (Мат 8:5).

Исаны білетін әркімге көмектескісі келмегендіктен айтпағаны түсінікті. Ал егер бұл жерде Ол Өзін әдеттен тыс ұтаса, онда Оның бұған қатысты өзгеше ниеті болғандығынан. Минажаттық өмірден аздаған тәжірибесі бар әркім сенушінің өмірінде осылай болып тұратынын біледі.

Иса үнсіз...

Біз тағы да зарлап, қоймастан минажат етеміз. Ешқандай жауап жоқ. Тек арада біраз уақыт өткенде ғана, Ол сөйлей бастайды. Бірақ Оның бұл сөздері қанахандық әйелге немесе Қанадағы үйлену тойында анасына айтқан: «Апа, Маған оны не үшін айтасыз?» – дегені секілді қатал жауап. Қапарнаумдағы патша қызметкеріне Ол былай деді: «Құдіретімді дәлелдейтін кереметтерімді көрмесеңдер, сендер еш сенбейсіңдер» (Жох 4:48). Иса неліктен осылай қатал сөйлейді? «Тәңір Иеміз еш жазғырмай-ақ бәріне жомарттықпен бере салады», – деп айтылған еді ғой (Жақ 1:5). Иә, Ол еш жазғырмай-ақ бәріне жомарттықпен бере салады. Оның сөздері қатал, бірақ Ол біздің жанымызды ауырту үшін айтпайды. Көп жағдайда түсініксіз іс-әрекеті Оның бізге деген сүйіспеншілігінен туындайды. Оның сүйіспеншілігінің молдығы сондай, ол біздің сұрағанымызды ғана емес, одан әлдеқайда артық бергісі келеді. Лютер айтпақшы: «Біз күміс сұраймыз, ал Құдай көбіне оның орнына бізге алтын береді».

Бізге сұрағанымыздан артықты берудің мүмкіндігін көрген сайын Иса осылай істейді. Бірақ бұл жағдайда Ол осындай бізге түсініксіз әрекет жасауға мәжбүр.

Ол біздің өтініштерімізге жауап қайырмайды. Бұл Оның бізді есітігісі келмейтінін білдіре ме? Жоқ, Ол бізді барлық уақытта естиді; егер Ол бізге керектіні сұраған сайын бере берсе, онда біз үшін дайындап қойғанына жете алмаймыз. Мұның қарапайым мысалын Жохан жазған Ізгі хабардың 11-ші тарауынан көре аламыз. Елазар қатты науқастанып жатты, сол кезде оның апасы мен сіңлісі: «Мырза, Сіз жақсы көретін кісі ауырып жатыр», – деп Исаға хабар жіберді. Исаның дереу келіп, ауырып жатқан бауырын сауықтыратынына дәмеленіп олар алдын ала қуанды. Бірақ Иса келе қоймады. Елазардың жағдайы ауырлай берді де, ақыры ол өліп қалды. Апалы-сіңілілі екеу үшін бұл өте ауыр сәттер еді. Иса неге келмеді? Ол Өзінен көмек сұрағандарға жанашырлықпен қараушы еді ғой. Иса оларға неліктен келмеді? Иса енді олардың қамын ойламай ма? Елазардың жазылып кетуінің олар үшін қаншалықты маңызды екенін Ол түсінбей ме? Ал енді болар іс болды! Бауырлары өліп, жерленіп қойды, тіпті, денесі бұзыла бастады.

Олар мұны түсіне алмады.

Олар Исаның осылай неге істегенін ұға алмады.

Ол бұлай болуына неге жол берді? Исаның оларға бірден көмектесу ниеті болды. Бірақ Оның ниеті – оларға сұрағандарынан да артық беру болатын. Сондықтан да Ол Елазардың қайтыс болып, жерленгенін күтті. Ол оны өліден қайта тірілтіп алуды қалады.

Оның неге осылай еткісі келді? Біріншіден, осы кереметі арқылы оларға Өзінің құдіретін немесе Өзі айтқандай «Құдайдың құдіретті ұлылығын» (40-аят) көрсету үшін. Осылайша олар өз сұрағандары – бауырының сауығуына қол жеткізіп қана қойған жоқ, сонымен қатар, олардың Исаға деген сенімдері одан әрмен нығая түсті.

Екіншіден, осының арқасында олардың мойынсұнуы күшейді. Иса оларға қаншалықты шыдамсыз және бірбеткей болғандарын көрсетіп бере алды. Осы күндердің ішінде олар Оны қалай жазғырды десеңші! Ойша да, сөздермен де! Иса келген кезде де, олар Оны жазғыра қарсы алды: «Ием, Сіз осында болсаңыз, бауырым өлмес еді!» (21-32 аяттар).

Исамен жақын таныстығы, бұл отбасындағыларды Онымен айырықша қарым-қатынастамыз деген сезімге бөлегені

әбден мүмкін. Иса олардың Өзіне деген сенімі мен сүйіспеншілігін бағалайтынын көрсетті. Бірақ осы қиын күндерде олардың сенімі мен сүйіспеншілігінің әлсіз іргетасқа қаланғаны байқалды. Олар барынша мойынсұнды. Бірақ дәл сол себептен де, мінажаттарының орындалуы мен қайта тірілу кереметінің олар үшін маңызы зор еді.

Қанахандық жесір әйелмен қатысты оқиғада да осыған ұқсас жайт орын алды. Алғашында ол үшін азапты үнсіздік арқылы, содан соң қатал сөздері арқылы Иса оның өтінішін орындауға асықпады. Әйелге Ол қызын сауықтырғаннан да артықты беруді қалады. Сүйіспеншіліктен туындаған ауыр да, қатал сөздері арқылы, Ол әйелдің жүрегінің есігін қақты және оның Өзіне жүрегін ашуына қол жеткізді.

Әйел Оның үнсіздігіне де, қатал сөздеріне де ренжіген жоқ, бұл екеуі де тек оның өзінің күйіне көзін жеткізді. Сонда әйел Иса көргісі келетін қалыпқа түсті. Ол Исаның аяғына жығылып, жалынышқа толы: «Тақсыр, маған көмектесе көріңіз!» – деген қарапайым сөздер арқылы, Оның рақымдылығына жүгінді. Сол жерде, Исаның аяғының алдында жатып, үй күшіктері туралы қатал сөздерді естіді. Бұл жерде біз шын мәнінде «Құдайдың құдіретті қолының астына бой ұсынған» өкінген жанды көріп тұрмыз. Ал Иса қызын сауықтырған кезде, ол өзінің уақытша мұқтаждығынан арылып қана қойған жоқ, бұған қоса ол өзінің бірбеткей, талап қойғыш болмысынан азат болды. Мойынсұнған күнәкар ретінде ол Құдайдың мейірімділігіне толықтай сенім артты.

Жақыптың Құдаймен «күресін» де осылай түсінуіміз қажет. Біз Жақыппен кездесуді Құдайдың іздегенін және адам кейпінде онымен күрескенін түсінуге тиіспіз. Жақып Есаумен кездесуден қорқады, бірақ Құдай оған ол үшін одан да үлкен қауіптің төніп тұрғанын көрсеткісі келеді: Құдайдың өзі оған қарсы. Осылайша, сол түні Жақыптың Құдайға берген есебі іспетті. Құдай Жақыпқа батасын бергісі келді. Ол оны таңдалған халықтың басы етуге арнады. Бірақ Жақыптың Құдайға қарсы, Есауға және қартайған әкесіне қарсы жасаған күнәларының кесірінен бұл бата тоқтап қалған болатын. Енді Құдай Жақыппен оның осы күнәлары туралы сөйлесуді қалайды. Сырттай Құдаймен күресте көрініп, бұл жаза тарту, сірә, Жақыптың жан дүниесінде жүрген болуы тиіс.

Біздің бәріміз секілді, Жақып та, Құдай Өзінің сыйларын бергісі келмейді, сондықтан күресу қажет деп ойлаған болар. Ол: «Маған батаңды бермейінше сені жібермеймін», – дейді. Бірақ Құдайдың Жақыпқа батасы ол күнәларынан қол үзген сәтте-ақ, дайын болған еді. Жоғарыда айтылған адамдар секілді, ол да өзі сұрағанынан артық алды. Ол Құдайдың батасын және өзі, отбасы үшін көмек сұрады. Себебі, алда болатын кездесуде Есаудың оны да, оның бүкіл отбасын да құртып жіберуі мүмкін еді. Құдай Жақыпты Есаумен татуластырып қана қойған жоқ, Ол Жақыптың есінен ешқашан кетпеуі тиіс Өзімен кездесуін ұйымдастырды. Бұл оқиға бүкіл Исраил халқына ерекше әсер етті. Сол түні Жақыптың жамбасы зақымданғанын ескеріп, олар күні бүгінге дейін жамбастағы сіңірді жемейді.

Құдай оның бүкіл өміріне түбегейлі мойынсұну сыйлады. Ол Жақыпты өзінің көз алдында кішкентай және толықтай Құдайға тәуелді етті. Өлсіздігі ол үшін, өзінің өжет және айлакер мінезімен тауып алған дұшпандарынан жақсы қорған болды.

Бұл зерттеуімізді аяқтап, елшінің шақыруына сай бізге енді өзгелер үшін, өтініш жасауға ат салысу қажет. Жоғарыда айтылғандардың бәрінен кейін, біздің күресіміздің мәні Құдайды Оның бізге бергісі келмейтіндерін беруге мәжбүрлеу емес екені бізге айқын болуы тиіс. Біздің күресіміз қазіргі айтқан күреске өте ұқсайды, бірақ жалғыз айырмашылығы – бұл күресте мінажат біздің өзімізге қатысты болды, ал елшінің айтқан мінажаты өзгелер үшін өтініш жасауға қатысты. Сондықтан, егер өзгелер үшін өтініш күреспен байланысты болса, онда ол да біз дәл қазір айтқан негізге ие. Біздің өзгелер үшін мінажаттарымызда Құдайға қатысты біз үшін қиын және түсініксіз бір жағы бар және күресті шақыратын да сол. Бірақ та, бұл Құдаймен емес, өз-өзімізбен күрес. Біздің бойымызда өзгелер үшін өтініш жасауымызға кедергі келтіретін жайт бар. Мінажат Рухы осы кедергілерді көрсетеді де, күрес басталады. Мен екі кедергіні атай кеткім келеді.

Ең бірінші, бұл біздің өз-өзімізді жақсы көруіміз.

Біздің өзгелер үшін өтініш жасауымызға басты кедергі, бұл біздің тек өзіміздің қамымыз. Сол себептен, Киелі Рухтың біздің жүрегімізде өзгелерге деген жанашырлық сезімін оята

алмайды. Осылайша, өзгелер үшін өтініш тежеліп, тіпті тоқтап қалады. Бірақ Киелі Рух біздің бұл күнәмізді әшкерелеп береді және Оған өз-өзімді жақсы көру мен өзгелерге жаным ашмайтынды мойындасам болды, мен олардан азат боламын. Киелі Рух менің жүрегімді басқаларға қамқор болуға кенелтеді және өзгелердің мұқтаждығы үшін мінажат етуді күн сайын есіме салып тұрады.

Бірақ осындай күйде болу да күресті талап етеді.

Иса былай дейді: «Азғырылмау үшін сергек болып сиынып мінажат етіңдер! Рух дайын болғанмен, тән осал». Қасиетті сергектіксіз өзгелердің қамын ойлау сезімін жоғалтамыз. Сергек сиынушы өз-өзін біледі және сондықтан жүрегін күнделікті сүйіспеншілікпен өзгелердің қамын ойлап, кенелу сезіміне мықтап ұстанады.

Екінші кедергі ретінде мен өзіне ыңғайлы болуға бейімділігімізді айтар едім. Бұл қауіптілікті Иса өте айқын көрді. Бұл туралы Ол Лұқа жазған Ізгі хабарда айтады (18:1-8). Бұл үзінді былай басталады: «Иса шәкірттеріне әрқашан үмітін үзбей Құдайдан сұрай берудің керектігін де астарлы әңгімемен түсіндіріп былай деді...» (немісше аудармасында: шаршамай). Бұл жерде менің есіме Гетсиман бағында Оның: «Сонда ең болмағанда бір сағат Менімен бірге ұйықтамай отыра алмағаның ба?» – деп шәкірттерін жазғырғаны түседі. Бұл түні Оның шәкірттері шаршауға бой алдырды. Біз де жиі шаршаймыз. Өзіміз немесе өзгелер үшін сұрай бастаймыз. Біз өзімізді жайсыз сезіне бастағанға дейін, бәрі жақсы келе жатады. Біз шаршай бастаймыз және мінажатымыз біртіндеп әлсірей береді. Бізді мойынсұндыратын осындай сәттердің қаншамасы артта қалды десеңші!

Сондықтан Иса бізді мінажатта сергек болуға шақырады. Қолостағы сенушілер үшін үздіксіз сиынып күресіп жатқан Епафрас туралы айтқанда елші де осыны меңзейді. Басқалардың мұқтаждықтары мен қажеттіліктері үшін өтініш айтуымызға түрткі болғандарға сиынуға бел байлаған кезімізде, бұл күрессіз және қиындықсыз болмайды.

Қиындықтардың көпшілігі жауап алғанға дейін созылатын, ұзақ мінажаттармен байланысты. Егер біз мінажатта әлдебір адам немесе әлдебір іс үшін күресетін болсақ, онда бірінші ке-

зекте бұл біздің сол адаммен немесе сол іспен бірге өмір сүретінімізді, оған қайғырып жанымыздың ашитынын білдіреді. Әжептәуір күрес бізді туыстық немесе достық қатынастар байланыстырмайтын кезде болады. Мінажатта күресу – бұл біздің мінажатымызға кедергі келтіретіннің бәрін жоюды білдіреді. Бізге сергек болып, бұл мұқтаждықты да біздің барша қиындықтарымызға енетін мінажат Рухының алдында жайып салуымыз қажет.

Бұл бізді жұбатады және жігерлендіруге тиіс: егер Оның алдында мінажаттан шаршайтынымызды ашық мойындасақ, онда Киелі Рухтың Өзі біздің жүрегімізге түрлі мұқтаждықтарды салып, Өзі қолдау көрсетіп назар аудартады. Мінажаттық еңбек пен мінажаттағы күрестің арасындағы ішкі байланысқа назар аудар.

Егер де біз мінажаттағы күресті де мойнымызға алуға дайын болмасақ, онда Киелі Рух біздің ешқайсымызды мінажаттық еңбекке кірісуге баурай алмайды. Құдайдың мінажаттық еңбекті атқаратын адамдарды тым аз табатынының себебі осында. Бұл туралы біз «мінажат мектебі» тарауында кеңірек талқылайтын боламыз.

## **Мінажат және ораза**

Иса былай дейді: «Мұндай жындарды тек Құдайға сиынып мінажат ету (және ораза ұстау) арқылы ғана қуып шығаруға болады» (Мар 9:29). Бұл жерде Иса бізді ең қиын мінажаттық күреске әкеледі. Онымен бірге үш елшісі Өзгеру тауында болған кезде, бір адам өзінің жын соққан баласын Исаның өзге шәкірттеріне алып келді. Олар баланың бойынан жынды қуып шығуға тырысты, бірақ қолдарынан ештеңе келмеді. Ал Иса қайтып оралған кезде, ол кісі ұлын Исаға алып келді және Иса баланы сауықтырды. Исамен оңаша қалған кезде, шәкірттері Одан өздерінің жынды неге қуып шыға алмағаны туралы сұрады. Сонда Иса оларға былай деді: «Мұндай жындарды тек Құдайға сиынып мінажат ету (және ораза ұстау) арқылы ғана



қуып шығаруға болады». Мінажат пен оразаның арасындағы байланысты қарастырмас бұрын, бізге «ораза» дегеннің не екенін қысқаша түсіндіре кету қажет.

Ораза ұстау – бұл қысқа немесе ұзақ мерзімге ішіп-жеуден тыйылу. Ораза Исраилде заңдастырылған. Бүкіл халық жылына бір рет ораза ұстауға тиіс болды (Леу 16:29). Тұтқынға алынғаннан кейін, оразаның түрлі күндері белгіленді (Зәк 8:19). Парызшылдар, тіпті аптасына екі рет ораза ұстады (Лұқ 18:12). Бұл еврей сөзі қасиетті Құдайдың алдында жанның мойынсұнушылықпен өкінуі дегенді білдіреді. Сол себептен халық Құдайға жылдық есеп беретін ұлы ақталу күнінде және халықтың басына күн туған кезінде ораза ұстай бастады (Би 20:26; Жое 2:12; Жүн 3:5; Пат1 31:13).

Иса оразаны жоққа шығармайды, бірақ Ол оны Көне Өсиеттің заңды міндетінен Жаңа Өсиеттің еркіндігіне өткізеді. Ораза – бұл оны ұстауға ішкі қажеттілік болған кезде атқарылатын сыртқы әрекет (Мат 9:14-15). Мұның сыртында, Иса ораза тұтуды адамдардың алдында өзінің сенуші екенін жариялай үшін пайдаланудан сақтандырады (Мат 9:14-15).

Сонымен, бізге ораза ұстау қажет пе? Кейбір мәсіхшілерді осы сұрақ толғандырады. Олар оразаны Көне Өсиет заңына негізделген, тек сырт көзге тақуа түр көрсететін католиктер секілді жария қылып, сырттай орындау деп санайды. Бірақ та, оразаның азат інжілші мәсіхшілерге қажет оларға мүлде жат, тіпті мүмкін емес ой секілді болып көрінеді.

Бұл пунктте біз Мәсіхтен және Оның елшілерінен тым алшақтап кеттік. Енді қуатсыз, еркі әлсіз және рақат құмар мәсіхшілерге біздің киеленуімізге және мінажаттық өмірімізге қатысы бар бұл рәсім туралы Жазбаның не дейтінін білуге ұмтылатын уақыт келді. Ораза – бұл тек ауыз бекіту емес. Ораза ұстау – тамақ жеу, сусын ішу, ұйықтау, демалу, адамдармен араласу және т.б секілді өмір қажеттіліктерінен өз еркімізбен, мақсатты түрде бас тартуды білдіреді. Бұл бас тартудың мәні – жанымыздың барша күштерін көзге көрінбейтін, мәңгілікке бағыттау үшін, бізді осы жалған дүниемен, қоршаған ортамен байланысты белгілі бір уақытқа үзу.

Осылайша, мәсіхшінің оразасы біз осы өмірлік қажеттіліктерді лас, қасиетсіз екен деп қараймыз дегенге негізделмеген.

Жоқ, біз Елшімен бірге ешқандай астың арам емес екеніне (Рим 14:14), сол тағамдарды шүкірлік ете отырып, жеуіміз үшін, Құдайдың Өзі жаратқаны туралы білдік (Тім1 4:3). Ораза ара-тұра жанымыздың бар күшін қандай да бір қиын мәселеге бағыттап, сол себептен өзіміз үшін пайдалы және рұқсат етілген астан уақытша бас тарта тұруға негізделген.

Осылайша, тыныш мінажат сағаттарына қатысты айтқандарымыздың бәрі де оразаға қатысты, шын мәнінде, бұл оның жалғасы. Оның екеуі де бізге Құдай үшін емес, біздің өзіміз үшін қажет. Ораза ұстауға біз мұқтажбыз. Ол туралы көп айтуға болады, алайда біз тек оразаның мінажат үшін маңызы жайлы мәселемен ғана шектелейік.

Біз мінажаттың ұлы құпиясы – мінажат Рухы екенін ұғынамыз. Сондықтан біз үшін мінажатымызда осы Рухпен байланысқа түсу өте маңызды.

Сайып келгенде, мінажаттағы күрес біздің осы мінажат Рухымен байланысымызды бұзуға тырысатын, ішкі және сыртқы кедергілермен күресу. Ал ораза мінажат үшін ең қауіпті кедергілерге қарсы Құдай қарастырып қойған құрал. Иса оның ерікті түрде болуы керектігін айтады. Сондықтан мінажатына кедергі жасайтын айырықша мәселенің бар екенін көргенде мәсіхші ораза ұстайды. Бұл кедергі ретінде сезінетін қандай да бір айырықша қиындық, немесе ол түсінбейтін бір жайт болуы мүмкін. Ол тек өзінің Құдаймен мінажаттағы қарым-қатынасына кедергі бар екенін сезінеді. Өзінің сыртқы дүниеге көңілі ауған жанын жалған дүние мен төңірегінен бір мезгіл үзіп, сол арқылы Киелі Рухтың ішкі дүниесіне нұрын түсіріп, оның мінажат Рухын несімен ренжіткенін көрсетіп беруіне, Онымен кедергісіз байланысты қайта қалпына келтіруіне және Құдайдың құдіретінің аясында болуға мүмкіндік беру үшін ол ораза ұстайды.

Ал енді біз мәсіхшіні ораза ұстауға әкелетін кейбір жағдайларды қарастырайық.

Біріншіден, бұл айырықша азғырулар кезеңі.

Шомылдыру рәсімінен өткеннен кейін, бойына Киелі Рух қонып, қызметін бастарында, Киелі Рух Исаны шайтанның сынағынан өтуі үшін айдалаға алып барған кезде, Ол ораза ұстады. Ол ұзақ уақыт – қырық күн бойы ораза ұстады. Азғы-

рушылықпен күреске Иса осылай салмақты қарады. Өзіміздің азғыруларға қаншалықты жеңілтектікпен қарайтынымызды біз осыған қарап түсіне аламыз. Осылайша, шайтанмен күрес алдында, ораза арқылы жанды жинақтауға тырысу, күнәсіз Исаға да таныс болды. Сондай-ақ, біз құлазыған далада бес мың адамды тамақтандырғаннан кейін, халық Оны өздеріне Патша етіп сайламақ болған кезде де, Исаның басқаша және қысқа болса да ораза ұстағанын көреміз. Көктегі Әкесіне оңашада сиынып, осы жерде де соңынан қалмай жүрген дұшпанмен күреске күш алу үшін Ол түнгі ұйқыдан бас тартты (Мат 14:23). Кейде бізді азғырулар меңдеп алса, бұл біздің азғырушыға қарсы қарулану үшін, ораза арқылы Құдайға жақындауды іздемейтіндігіміз.

Екіншіден, маңызды шешімдер қабылдар алдында, біз ораза ұстаудың қажеттігін сезінеміз.

Елшілерін таңдамас бұрын, Иса түні бойы оңаша сиынды (Лұқ 6:12). Көктегі Әкесімен үздіксіз қарым-қатынаста болғанына және рухани санасының ешқандай күнәмен ластанбағанына қарамастан, Ол таңдау жасайтын ертеңгі күні, Әкесінің кеңесі мен жетегінде болу үшін, Онымен мінажатта кездесіп, жанын нығайтудың қажет екенін сезінді.

Осыған байланысты, Елшілердің істері кітабында баяндалатын бір оқиғаны (13:2) еске ала кеткім келеді: «Олар Иемізге ғибадат етіп, ораза тұтып отырғанда Киелі Рух: «Мен арнайы шақырған іске Барнаба мен Саулды Өзіме бағыштап шығарып беріңдер!» – деді». Осылайша, олар ораза тұтып отырған кезде, Киелі Рух Пауылды оның жат елдерге Ізгі хабар таратудың негізін салған алғашқы елшілік сапарына бағыттаған шешуші сөзді айтты.

Егер ораза ұстау арқылы әдетте Ол үшін ұдайы шаруаның қамындағы және ену қиын жанымызды, Киелі Рухтың Өз қарамағына алуына мүмкіндік берсек, онда жиі асығыс шешім қабылдамас едік және қиын таңдаудың алдында шарасыз болып тұрмайтын едік.

Үшіншіден, ерекше қиын міндеттерге дайындалу және орындау кезеңінде.

Киелі кітаптан біз алғашқы мәсіхшілердің Қауымдағы маңызды қызмет – жетекші таңдау мен елшілерді атандыру ісіне

ораза ұстап дайындалғандары туралы оқимыз (Елш 13:2; 14:23). Мінажаттары мен үстеріне қойған қолдары арқылы, Киелі Рухтың осы бауырларға дарытқасы келген рақымы қону үшін, оларға тек жандарын жұмылдыру және өздерін толықтай Киелі Рухтың қарамағына табыстау қажет болды. Киелі Рухқа кенелген алғашқы мәсіхшілер осы қажеттілікті сезінді, ал Рухқа кедей қазіргі сенушілер оразаны мүлде қажетсінбейді.

Әрине, біздің ораза ұстауымыз ерікті түрде болуы тиіс. Құдай дарытқан сыйлардың барлығын шүкіршілікпен пайдаланатындай дәрежеде бізді тек Киелі Рух қана мойынсұндыра алады.

Төртіншіден, қара күштердің ерекше әрекеттенген кезеңдерінде.

Иса: «Мұндай жындарды тек Құдайға сиынып мінажат ету (және ораза ұстау) арқылы ғана қуып шығаруға болады», – дейді.

Жынды қуып шығаруға қатысты шәкірттерінің шарасыздығын ол осымен түсіндіреді. Сонымен қатар, бізге қара күштердің арпалысатын кездері орын алатыны туралы айтылады. Бұл жоғарыдан ерекше көмек күшін талап етеді. Иса оразаны сенушілердің осы күшке қол жеткізу тәсілі ретінде көрсетеді.

Оразаны электр тоғын өткізетін сымтемірмен салыстыруға болады. Біз қаншалықты көп энергия жіберуге тиіс болсақ, қуат бекетімен жалғаныс соншалықты мықты болуы керек, яғни, бізде қалыңырақ кабель болуы тиіс.

Көріп отырғанымыздай, мінажат көктің күштерін жерге жеткізетін өткізгіш. Иса жіберу қажет қуат қаншалықты зор болса, жанның Құдаймен мінажаттағы байланысы да соншалықты қуатты болу керектігін айтады.

Біренеше мәрте көргеніміздей, бәрі мінажат Рухына байланысты. Сиыну кезінде, мінажат Рухының бізді жетелегісі келген бағыттан қаншалықты ауытқысақ, мінажатымыз да соншалықты дәрежеде әлсірейді. Ал егер бұған қоса, біз мінажаттың Рухымен сөз таластырып, Оны ренжітетін болсақ, онда мінажатымыз одан бетер әлсірейді.

Осылайша, ораза Киелі Рухтың бізді қайда бағыттауынын және осы ерекше қиын жағдайда не үшін сиынуымыз қажеттігін түсінуіміз үшін, жанымыздың қуатын осылай жинақтауға

арналған. Сонымен қатар, ол бізді зор қуат сұраған кезімізде пайда болуы мүмкін барша теріс пиғылымыздан тазартады. Бұл тазару былай жүреді: біз ораның тыныштығы мен жинақылығында бойымыздан атаққұмарлық пен мінажатымызға кірісетін өзге де себептерді байқаймыз. Біз толықтай Иемізге берілуге және Құдайға: «Өзімнің атаққұмарлығыммен Сенің атыңа кір келтіріп, мінажатты қара басым үшін пайдалғанымда керемет болмай-ақ қойсын. Ал егер Сенің атыңа кір келтірмегенімде кереметті жүзеге асырсаң, Өзіңнің еркінде», – деп айта алатындай қуат аламыз.

## **Мінажатты қара басының қамы үшін пайдалану**

*«Сұрасаңдар да, ие бола алмайсыңдар, себебі ізгі ниетпен емес, арам құмарлықтарыңды қанағаттандыру үшін сұрайсыңдар.»*

Бәрінен бұрын, біздің барлығымыз мінажат жөнінде біршама қате пікірдеміз. Біздің өзімшілдігімізде шек жоқ. Айналамыздағының бәрі біз үшін арнайы дайындалған және оларды өз пайдамыз үшін қызмет еткізе аламыз деп қабылдаймыз.

Біз түрлі заттарға, өсімдіктерге, жануарларға, кісілерге, өз дене мүшелерімізге, тіпті жанымызға да, өз мақсатымызға қол жеткізудің құралы ретінде қараймыз.

Тіпті Құдайды да сол тізімге қосамыз. Оны кездестірген сәттен бастап, біз Оған өз тілектерімізді қанағаттандырушы ретінде қараймыз. Адамның Құдаймен қарым-қатынасы, көбіне Құдайды өз басыма қалай жақсырақ пайдалансам екен дегенге негізделеді. Қазір және болашақта Ол маған қалай көмектесе алады? Адам мінажатқа да осылай қарайды. Оны барынша бас пайдасына қалай жаратсам деп ойлайды. Дәл осы себептен ол ұдайы сиынуды қажетсінбейді. Көп күштенуді және уақытты талап ететіндіктен, оны орындалмас іс деп, ол туралы жай ғана ұмытып кетесің.

Бірақ қандай да бір мұқтаждықтарға тап болып, оны шешу не өздерінің қолынан келмеген, не өзгелерден көмек ала алма-

ған кезде, дәл осы адамдар Құдайдан көмек сұрау қажет деп шешеді. Сонда олар мінажат етіп, өз мұқтаждықтары туралы Құдайға жалбарына бастайды және Құдай дереу көмектеспесе олар қатты ренжиді. Өзіне мұқтаждарға көмектеспейтін болса, онда Құдай не үшін керек деп ойлайды. Құдайдың басқа бір мәселе үшін бар болуы мүмкін деген ой олардың бастарына кіріп шықпайды. Мінажаттарының осындай нәтижесінен кейін, көпшілігі сиынуларын мүлде доғарады. Егер сұрағаныңды ала алмасаң, онда сиынудың қажеті қанша?

Бойымызда мінажат Рухын ашқан және мінажатқа қатысты біраз жайтты үйренген біздерге, бұл адамдардың мінажат туралы дұрыс пікірде емес екенін түсіну қиын емес. Олардың мінажатты бұлай қолдануы нағыз бас пайдасының қамын жеу. Мінажатты бұлай қолдану оның мәнісіне мүлде қайшы келеді. Мұның еш пайда әкелмейтіні анық және түңілуге әкеліп соғады. Бірақ мінажатты тек қарапайым адамдар ғана қара басына пайдаланғысы келмейді; біздер, сенушілер де кейде кінәлі боламыз. Біздің бойымызда ескі күнәкар болмысымыз өмір сүреді. Егер қандай да бір пайда көрсе немесе азаптарынан құтылса, ол мінажатқа қарсы болмайды. Керісінше, ол мінажатқа ерекше ынталылық танытады. Бізге мінажатты бас пайдамызға жаратуға бәріміздің бейім екенімізді және оның әрбір сенушінің бойынан әп-сәтте көрінетінін байқаймыз.

Матай жазған Ізгі хабардың 20:20-23 аяттарынан біз осындай дұрыс емес, орындалмаған мінажаттың әдеттегі мысалын көреміз. Зебедейдің әйелі Исадан екі ұлына олар үміт артқандай Оның алда құрылатын Патшалығынан жоғары қызмет беруін сұрады. Әрине, олардың тілектері аңғалдық болатын. Бұл екеуі Петірмен бірге Исаның өзге шәкірттерінің арасында ерекше дәрежеге ие болатын. Енді олар алда болатын Патшалығында өздерінің жоғары қызметке ие болатындарына Исаның қазірден кепілдік бергенін қалайды. Қалған он шәкірті мұны естігенде ағайынды екі жігітке қатты наразы болды (24-аят);

Ал Иса бұған басқаша қарайды. Ол жай ғана олардың тілектерін орындамайтынын айтады. Өзінің неге олай істей алмайтынын оларға достық пейілмен түсіндіреді. Оның үніндегі жылылық пен мейірімділікке біздің де жанымыз жадырай-

ды. Бұл жерде біз Исадан барлық мұқтаждықтарымызды қанағаттандырып, қиындық пен қауіптілік атаулыны алып тастауын өтінген кезіде, Оның бізге қалай қарайтынын көреміз. Ол біздің күткеніміздей ашуланбайды. Ол бізді түсінеді және мінажатты қалай пайдалану керектігін түсіндіруге тырысады. Өзімізден мінажатта бас пайдамыз үшін сұраған кезімізде мінажаттың Рухы да дәл осыны істейді. Мінажаттың мәнісі бұл емес екенін, Ол достық пейілмен, мейірімділікпен есімізге салады және біздің дұрыс сиынбағанымызды көрсетіп береді. Ол саусағын дәл біздің ауырып тұрған жерімізге тигізеді. Алғашында біз Оны түсінбеуіміз мүмкін. Біз тек мінажат кезінде және соңынан ішкі мазасыздықты сезінеміз. Ал содан соң мінажатымыздың орындалмағанына күә боламыз.

Адал сиынушы үшін бұл жеткілікті. Ол өзін және мінажатын тексере бастайды. Рухта онымен сөйлесе бастайды. Ол мінажатты бас пайдасына жаратып жүргенін ұғады және Жақыптың: «Сұрасаңдар да, ие бола алмайсыңдар, себебі ізгі ниетпен емес, арам құмарлықтарыңды қанағаттандыру үшін сұрайсыңдар», – деген сөзінің өзіне қатысты екенін түсінеді. Осыны түсінген сәтте, ол таңданып қалады және сонымен бір мезгілде, Құдайдың ісі мен мәсіхшілер еңбегін мұқтаждықтары туралы өтініштерінің оның өзінің қатысуына тәуелді екенін сезініп, алаңдай бастайды. Мысалы, өз үйінде жиын болар алдында, ол мұның Құдай батасын берген игілікті сағаттар болуын сұрап үлкен ынталықпен сиынар еді! Ал егер дәл осындай жиын көршісінде болар алдында, ол бұл үшін сиынуды ұмытып кетеді. Егер жиналыста уағыз айтуға немесе куәлік етуге тиіс болса, онда ол қайта-қайта мінажат етеді. Ал егер уағызды басқа біреу айтуға тиіс болса, оның мінажатындағы жалын жеткіліксіз.

Немесе бір маңызды шешім қабылдануы тиіс. Сол кісі Құдайдың еркін танып, оны орындауы үшін осы шешімді қабылдағанда кезде, өзін Құдайдың жетелеуін сұрап мінажат етеді. Бірақ содан соң ол өз мінажатының Құдайдың еркін тануға емес, Құдайды осы іске қатысты өз жоспары мен өз еркін орындауға және батасын беруге оны құптауға бағытталғанын байқайды. Мінажатты қара басы үшін пайдаланғысы келетінін бірнеше рет байқағаннан кейін, мінажаттық өмірінде өзін те-

рең мойынсұнған күйге түседі. Ол жүрегінің өзіншілдігін көреді және мінажаттық өмірін осы сезімнің қаншалықты жайлап алғанын сезінеді. Бұл оны бар жүрегімен: «Тәңірім, маған сиынуды үйретші!» – деп дауыстауға мәжбүрлейді.

Сонда оның мінажаттық өмірінде өзгеріс болады. Ол өз сөзін сөйлемей, барша дәрменсіздігімен, мінажаттың Рухына ұмтылады. Оның жүрегі мінажатты қара басы үшін пайдаланудан құтылуды аңсайды.

Енді жол ашық. Мінажаттың мәні не екенін және оны Құдайдың еркіне сай қалай қолдану керектігін Киелі Рух оған үнемі көрсетіп отырады.

## **Мінажатпен Құдайды даңқтау**

*“Менің атымнан Әкемненне сұрасаңдарда, орындаймын, сонда Әкенің ұлылығы Өзінің рухани Ұлы арқылы көрінеді”.*

Көп жылдар бұрын мен Германияда студент болдым. Ұзақ уақытқа созылған тынымсыз еңбектен кейін, біраз демалғым келді де, Маннедорфтегі қарт сенуші Самуил Целлерге жолығу үшін, Швейцарияға барып қайтуға бел будым. Сонда ол тәні үшін ғана емес, жаны үшін де демалыс іздегендерге «рухани демалыс орнын» ашқан болатын. Целлер табиғи және рухани қабілеттері өте жоғары адам еді. Сондай-ақ, ол кішкентай мекемені біртіндеп рухани және жүйкесі ауыратын адамдарға арналған үлкен орталыққа айналдыра білген мықты ұйымдастырушы да болатын.

Ол керемет шешен болатын. Мен табиғатынан сөздің майын тамызатын талай адамды көрдім, бірақ Құдай сөзін уағыздауда Целлерге ешкім тең келмейтін. Ол Құдай сөзінің көмегімен, тыңдаушысын Құдайдың алдына әкеле алатын. Бұл шын мәнінде, әрбір уағыздаушының міндеті ғой! Целлер сөйлеген кезде, айналадағының бәрі ғайып болып, бізге тек Құдайдың қасымызда екені сезілетін.



Бұған қоса, ол өз алдына керемет жан қамқоршысы болатын. Қалай дегенмен де, мен адам болмысын терең білуі адамдарға деген жанашыр сүйіспеншілігімен осыншалықты үйлескен өзге адамды кездестірген емеспін. Сонымен бірге, ол ерекше мінажат дарынына ие еді. Мінажатқа деген сенім арқылы ол көп адамға тәни де, рухани де сырқаттарына шипа алуына көмектесті. Бірақ маған қатты әсер еткен бұл емес. Әсіресе Целлердің мінажатынан мен ерекше әсер алдым. Басқалардың дәл осылай сиыңғанын мен ешқашан көрген емеспін. Өте мәнерлі, зор ынтамен сиынатындар бар. Сиыңғанда Целлер өте байсалды және сенімді болатын. Ол Құдайды жақсы білетін және сондықтан да нық сенімді болды. Мен Құдайдан сенімділікпен бәрін күткен, ал өз мінажатынан соншалықты аз күткен өзге ешкімді көрген емеспін. Ол Құдайға тек бар мұқтаждықты айтатын және Құдайдың бәрін ретке келтіретініне сенімді болатын. Оның мінажаты Құдаймен Ол дәл қарсы алдындағы орындықта отырғандай, құрметке толы және сонымен бірге жай алаңсыз әңгіме болатын. Таңертең бізді мінажат сағатына жинаған кезде, Целлердің мінажат мұқтаждықтары жеткілікті болатын. Алдымен біздің жиналысымыз үшін, орталықтағы сырқаттар мен қарт адамдар үшін, содан соң хат жолдап өтінген көптеген ауру, бейбақтар үшін сиынатын. Мен сонда болған аз уақыт ішінде, Еуропаның барлық елдерінен көптеген хаттар келді. Ол күн сайын талай кісі үшін және көп іс үшін сиынатын. Оның мінажаттарын тыңдаған осы мерзім ішінде мен: ол негезінен бір ғана мінажатты, атап айтқанда – Құдайдың аты даңқталуын көздейді деген қорытындыға келдім. Целлер жиі керемет жасауды сұрайтын, бірақ міндетті түрде: «Егер осы арқылы Есімің даңқталатын болса», – деген сөздерді қосатын. Ол дереу сауықтыруды сұраудан қорықпайтын, бірақ тек осы көзқарасты сүйеніп ұстанатын.

Бұл жерде Құдайға бұйрық айту немесе Оны уәделері мәжбүрлеу деген жоқ. Керемет немесе мінажат Целлер үшін, азаптан арылтудың жолы емес, Құдайдың атын дәріптеудің мүмкіндігі деуге болар еді. Ол жиі: «Егер Сенің есімің осы арқылы көбірек дәріптелетін болса, онда ол сырқат күйінде қала берсін және оның өз сырқаты арқылы Сені дәріптеуіне

күш бер», – деген сөздерді жиі айтатын. Целлер тек өзгелер үшін ғана сиынған жоқ. Ол арқылы көптеген өзге адамдар сауықтыруға қол жеткізген оның өзі қатерлі науқас болатын. Ол өз сырқаты арқылы, Құдайды дәріптеуі тиіс екенін білді.

Мінажаттың мәні мен мақсаты алғаш рет маған осы жерде ашылды. Осы жерде мен мінажаттың не үшін қолданылуы тиіс екенін анық көрдім. Ол Құдайды дәріптеу үшін: Көзім ашылғандай болып, мінажатқа қатысты қиындықтар мен оны бас пайда үшін қолдануды жаңа қырынан көрдім.

Кез келген өмір секілді, мінажаттық өмірдің де өз заңдары бар. Бұл жердегі негізгі заң мынау: мінажат Құдайды дәріптеу үшін бекітілген. Ол Исаға Өзінің құдіретті күшін қолдануына мүмкіндік беруге тиіс болды. Мінажатымыз арқылы, біз Исаның жанымызға, тәнімізге, үйімізге, көршілерімізге, елімізге, бүкіл дүниеге және әлі құтқарылмағандарға енуіне мүмкіндік беруге тиіспіз.

Егер біз мінажатты өзімізге және жақындарымызға қандай да бір пайда келтіру немесе азаптар мен қиындықтардан құтылу үшін емес, өзіміз бен жақындарымыз үшін Құдайды дәріптеуді сұрау үшін қолданатын болсақ, онда әлсіз болса да, мінажаттық өмірімізде біз Киелі кітаптағы Құдайдың мінажатқа қатысты уәделерінің орындалғанын көреміз. Сонда біз мінажаттан мүмкін еместің, ойымызға да келмегеннің орындалғанына күә боламыз.

Былай деп жазылған: «Біз Оның еркіне сай бір нәрсе сұрасақ, Құдай тілегімізге құлақ салады деп нық сенеміз. Не сұрасақ та, Құдай бізге құлақ салады деп білсек, Оның тілегенімізді беретінін де білеміз» (Жох1 5:14-15);

Осылайша, Елші өзінің мінажаттық тәжірибесіне сүйеніп, былай деп тұжырымдайды: егер біз Құдайдың еркіне сай нәрсені сұрайтын болсақ, сол сәтте ол орындалады, тек ол көктен келе жатыр, біз тек оның келіп жететін уақытын ғана білмейміз. Құдайды жақсы білетін адам мұны да Құдайдың қолына табыстап үйренеді. Мінажаттың орындалуының ерте ме, кеш пе жүзеге асатынына қарамастан, ол қуана күтумен болады.

Сиынушылардың кейбірі, сірә, абдырап қалатын болар. Осы жерде айтылғандардың бәрінен кейін, ол мінажаттың қасиетін бұрыс қолдандым деп ойлай бастайды. Ол Құдаймен

күнделікті үлкенді-кішілі қиындықтар туралы сөйлесті және болмашы мәселе үшін де сиынды. Ал енді ол мінажатты қара басым үшін пайдаландым деген ойдан сескенеді және бұдан былай сиынуға батылы бармайды. Осы себептен оның жаны ауырады.

Жоқ, достым, бұл олай емес! Керісінше, Құдайдан Онымен күнделікті қарым-қатынасыңда бұдан да қарапайым болуды сұра. Күнделікті өміріңде Оған бәрін айтуды жалғастыруың үшін, Оған сенім артуың сақталып қалуын өтін. Ол сенен дәл осыны көргісі келеді. Мына сөздерді есіңе ал: «Еш нәрсені уайымдамай, барлық жағдайда өтініштеріңді Құдайға сиынып тілекпен және шүкірлікпен білдіріңдер!» (Флп 4:6)

Күнделікті өмірде не нәрседен оп-оңай көңіліміз қалуы мүмкін екенін Ол біледі! Сондай-ақ, Ол біздің тұрмысымыз ұсақ-түйектен тұратынын да біледі. Сондықтан да Ол бізге достық пейілмен жігер беріп: «Осы ұсақ-түйектеріңнің бәрін Маған алып кел, Мен саған көмектескім келеді», – дейді. Күнделікті өміріңде Құдай көмектескісі келмейтін маңызсыз, болмашы жайттың жоқ екені туралы ойла.

Мысалы, сен кілтінді іздеп әуресің. Ол саған өте қажет, сен асығып тұрсың және оны таба алар емессің. Құдайға келіп, Оған осы қиыншылығың туралы айтып бер немесе тапсырманды орындауы тиіс ұлынды іздейсің. Сен оны таба алмадың, ал уақыт қысып тұр. Бұл жағдайда да сен оны өзіңнің Көктегі Әкеңе айтып бере аласың.

Бірақ жоғарыда айтқандарымызды ұмытпа. Мінажат Құдайды дәріптеу үшін бекітілген. Үлкен мәселені сұрасаң да, болмашыны сұрасаң да Құдайға: «Егер бұл Сенің атыңды дәріптейтін болса, онда шағын кереметіңмен маған көмектесші! Ал егер бұл Сенің атыңды дәріптемейтін болса, онда мені осы қиындығымда қалдыра бер! Тек осы күйімде де Сенсің атыңды мадақтауыма күш бер!» – деп айт.

Өлдекім бұл мінажаттың күші мен әрекетін әлсіретеді деп ойлауы мүмкін. Бірақ бұл бұрыс түсінік. Өйткені мінажат ету – Исаны біздің мұқтаждығымызға енгізу. Тек жоғарыда айтқандай сиынғанда ғана мақсатқа қол жетеді. Тек сонда ғана Ол Өзінің күшін Өзі қалағандай ғана емес, қалаған кезінде де қолдана алады.

Сонда бойымызға жан тыныштығы ұялайды. Мінажат кезіндегі мазасыздық, қашан да біздің мінажат Рухын ренжітуіміздің кесірінен болады. Тек Құдайдың есімін дәріптеуді қалаған кезімізде ғана, біз осы Рухпен толықтай үйлесімге келеміз. Сонда біз мінажат үстінде де, одан кейін де тыныштыққа ие боламыз және сонда Құдайды күте аламыз.

Оның есімін дәріптеуге мінажаттың бірден немесе кейінірек орындалуының қайсысының көбірек әрекет ететінін Құдайдың Өзі шешеді. Осы жерде сиынушы кісі өзінің Құдайды дәріптеуден өзге ештеңе қаламайтын кезде, мінажаттың қаншалықты ашық және табанды болатын мысалын келтіре кеткім келеді. 1540 жылы Лютердің жақын досы Фридрих Мукониус ауыр науқас еді. Жақында көз жұматынын оның өзі де, өзгелер де білді. Бірде ол түнделетіп дірілдеген қолдарымен өзінің жақсы көретін досы Лютерге қоштасу хатын жазды. Хатты алған Лютер оған дереу былай деп жауап жазды: «Құдайдың атымен саған өмір сүруді бұйырамын, өйткені сен маған реформация ісінде қажетсің. Құдай сені қайтыс болды деген хабарды естуден мені сақтасын! Сен менен ұзақ өмір сүресің. Осы үшін мінажат етемін және тілегімнің орындалатынына сенемін, себебі мен тек Құдайдың есімінің дәріптелуін қалаймын». Бұл хатты алған кезде, Мукониус ендігі тілі байланып қалған болатын. Бірақ көп ұзамай ол құлан-таза сауығып кетті және шынында да Лютерден екі ай ұзақ өмір сүрді!

Құдайға келіп: «Сен менің өз пайдам үшін немесе мәселелерім жеңілдеуі, сондай-ақ, менің еркімнің орындалуы үшін емес, бұл істе Сенің есімің дәріптелсін деген жалғыз тілекпен сұрап тұрғанымды білесің!» – деп айтқанымыздан өзге ештеңе де біздің мінажатымызды осылай шын жүректен аша алмайды.

Осылай сиынған кезде біз, тіпті мінажатымыз орындалмаса да жан тыныштығына ие боламыз.

Осы жерде мен естілмеген мінажат туралы бір-екі ауыз сөз айта кеткім келеді. Оның біз үшін, әсіресе балаларымыз үшін белгілі бір қиындық туғызатынын жоққа шығаруға болмайды. Сиынуды үйреніп жүрген балаларымыз бізден Исаның жақсы, әрі қайырымды екені және жердегі өмірінде Оның Өзіне бет бұрғандардың бәріне көмектескені туралы естиді. Сөйтіп, біздің алаларымыз өздерінің үлкенді-кішілі мәселелерімен сенім

арта Исаға келеді және балалық сенгіштікпен өтініштерінің орындалуын күтеді. Содан соң дағдарыс орын алады: олар Исадан сұрағанын ала алмады.

Бұл жерде балаға жедел көмектесіп, неге осылай болатынын түсіндіргеннің маңызы зор. Балалармен сөйлескенде көрнекілік қажет, әйтпесе сөз олардың бір құлағынан кіріп, екінші құлағынан шығып кетеді. Мысалы, біз оларға балалардың мылтықпен ойнап, нәтижесінде өмір бойына мүгедек болып, тіпті мерт болғаны туралы газеттен оқығанымызды айтып бере аламыз. Неліктен осылай болды? Балалар ата-анасынан мылтық сұрады және олар оны бере салды. Егер де әкесі мен шешесі ақылдырақ болып, оларға мылтықты бермегенде, мұндай қайғылы жайт орын алмас еді. Сонда балалар осы мысалдан, Құдайдың олардың сұрағанын бермеуі Оның тарапынан көрсетілген мейірімділік болуы мүмкін екенін түсіне алады.

Оңай ұмытып кететін біздер, ересектер де осыны қайта-қайта пысықтауға тиіспіз! Біз тумысымыздан өзімізге сенім артамыз және бізге не пайдалы екенін бәрінен де өзіміз жақсы түсінеміз деп ойлаймыз. Егер Құдай басқа пікірде болса, Ол біздің қамымызды ойламайды деп жазғырамыз.

Естілмеген мінажаттар, тіпті елшілерге де мәлім болған. Пауыл бізге өзінің бір іс туралы үш рет сиынғанын, бірақ соған қарамастан сұрағанына қол жеткізе алмағанын айтады (Қор2 12:8-10). Әңгіме оның елшілік қызметінде үлкен қиындықтар туғызған тәніндегі шаншу жайында болған еді. Пауыл Құдайдан өзін осы азаптардан азат етуін өтінді. Бірақ Құдай оның өтінішін орындамады. Әрине, Оның бұл өтінішті орындамауы Пауылдың мінажатты дұрыс қолданбағандығынан емес еді. Пауыл ауырудан құтылу үшін емес, бұны ол елшілік қызметі үшін сұрады. Осылайша, оның мінажаты Құдайдың есімінің дәріптелуіне негізделді. Бірақ, ол орындалмады. Пауыл өзінің азабына мойынсұна шыдап, Құдайдың күшінің құйылуына үнемі ашық болғанда, Құдайдың есімі бұдан да артық дәріптелетіндіктен ғана осылай болғаны күмәнсіз. Мінажаттағы күресте ол Құдаймен бірге болатын өмірдің ұлы құпиясына қанықты және мұны: «Себебі өзім күшсіз болғанымда Ол арқылы күштімін», – деген сөздермен білдірді.

Құдай, тіпті Мәсіхтің Өзі үш рет жасаған мінажатын орындаған жоқ: «О, Абба, Әкем! Сенің қолыңнан бәрі де келеді. (Қаһарыңа толы) осы «тостағанды» Маған жолатпай алып кете гөр!» Бұл Гетсиман бағында болған еді. Бізді құтқару үшін, Ол азап шегіп өлуге тиіс екенін, жер бетіндегі өмірінде көз алдында ұдайы ұстаса да, шайтанға соңғы сағаттарды азғырып, болатын жайтты түнертуге рұқсат етілді. Бірақ азғырудың осы қара түнегінде де Исаның таза, мойынсұнған Рухы жеңіп шығады. Иә, Ол Әкесінің алдында Өзінің ауыр мұқтаждығын айтады, бірақ осыған қарамастан, Оның ең үлкен тілегі мынау еді: «Бірақ Менің емес, Сенің еркің болсын!» Бұл бізге мінажат кезінде не үшін сиынуымыз керектігіне күмәнданған күніміздің өзінде, белгілі бір өтініш айтудан қорықпауымызды көрсетеді. Бұл жағдайда да біз керегімізді сұрауға тиіспіз және Исаға ұқсап: «Бірақ Менің емес, Сенің еркің болсын!» – деп қосуымыз қажет.

## Мінажаттың түрі

### *Оның алдында жүректеріңді ашып беріңдер*

Мінажат – біздің Құдайдағы өміріміздің бір бөлігі және өмірдің өзі секілді ол сан қырлы және айтып жеткізгісіз. Мінажаттың түрлері мен айтылуы момындықпен табыну мен ынталы, тіпті қызу күрестің арасында құбылып тұрады.

Мінажат – бұл терең ойлардан, күрсіністерден немесе дауыстап айтылған сөздерден көрінетініне қарамастан, оны сиыну деп қабылдайтын жүректің күйі. Мінажат Құдаймен қарым-қатынастағы жеке өмірдің сипаты болғандықтан, оның түрі адамның жеке тұлғасымен байланысты. Екі тұлғаның арасындағы күнделікті әңгіме ереже немесе белгілі бір шарттармен жүрмейді, ол әңгіменің тақырыбына қарай еш қысылып-қымтырылусыз, еркін болады. Бұл әңгімені өзара дербес және уақытқа сай сұхбат етеді. Сұхбат қаншалықты еркін си-

патта болса, ол әріптестердің арасындағы шынайы өмірлік байланысты соншалықты анық көрсетеді.

Мінажатпен де дәл осылай. Ол жаратылған адам мен оны Жаратушының арасындағы еркін әдеттегі өмірлік байланысты көрсетуі тиіс. Мінажат қаншалықты дәрежеде біздің жүрегімізде толып тұрған еркін, табиғи көрініс болса, ол соншалықты дәрежеде шынайы мінажат болады.

Осылайша, адам жаны мен Құдайдың арасындағы бетпелі қарым-қатынас болғандықтан мінажат алуан түрлі болуы мүмкін. Бұл Құдайдан келетін жан тыныштығы немесе ауыр күрсіністер, не қуаныштың, шаттықтың, табынудың күтпеген көрінісі болуы мүмкін. Бұл жай ғана: «Ием! Иса!» – деген сыбыр, минуттарға немесе сағаттарға созылған тыныштықтағы сұхбат болуы мүмкін. Бірақ зор жан тебіренісі де, ішкі күрес те мінажаттың түрін айқындай алады. Мінажаттың осындай сан түрлілігін біз төмендегі негізгі топтарға бөле аламыз:

## 1. Мінажаттық өтініш

Бұл біздің Құдайға бет бұрып, бірдеңе сұрағымыз келетін тілегіміз. Мінажаттың бұл түрінің бірінші орында тұруы түсінікті. Киелі кітапта мінажатқа қатысты көп қолданылатын сөз негізінен біздің тілегімізді білдіреді. Өз тілегіңді білдіру мүмкіндігінің болуы – бұл барынша құнды артықшылық. Балалаларымыз өз тілектерін айтып бізге қалай еркін келсе, Көктегі Әкеміз де біздің тілектерімізді айтып, Өзіне дәл солай еркін келгенімізді қалайды.

Жоғарыда айтылғандардың ешқайсысы қандай да бір жолмен мінажаттың осы бір батаға кенелген, керемет қырынан басып кетпейді деп үміттенем. Былай деп жазылған: «Еш нәрсені уайымдамай, барлық жағдайда өтініштеріңді Құдайға сиынып тілекпен және шүкірлікпен білдіріңдер!» (Флп 4:6);

Осыған біз өзіміз мінажатты қара басымыз үшін пайдаландық-ау деп санаған сиыну да жатады. Бірақ бұдан Құдайға өз тілектерімізді айтуды мүлде қойып кететіндей дәрежеде

сескенудің қажеті жоқ. Құдаймен сұхбат кезінде біз мінажатты бас пайдамыз үшін қолданамыз деген үрейге тұншықтырмай, жүрегіміздің қалауларын Оған еркін айтуымызға болады.

Балаларымыз өз тілектерімен бізге келгенде, ата-анасы ретінде қуанып қаламыз. Біз оларды орындай аламыз ба, жоқ па, шешуге тиіспіз. Тіпті олардың тілектерін ұдайы орындай алмасақ та, біз бұдан әрі қарай да өз тілектерімен бізге келе бергендерін қалаймыз.

Достым! Кейде, тіпті мінажатты дұрыс қолданбай жүрсең де, сен Құдайға өз тілектеріңді айтуды тоқтатпауға тиіссің. Құдаймен бәрін айтып, сөйлесуге болады. Сен сұрағаныңды алуға тиіссің бе, жоқ па, оны Ол Өзі шешеді. Егер сенің сұрағаныңды бермесе, онда Ол саған қатысты Зебедейдің ұлдарына немесе Пауылға айтқанын істейді (Мат 20:20-23; Қор2 12:7-10). Ол тілегіңді орындамайтынын түсінгеніңе дейін, сенімен мейірімділікпен және жанашырлықпен әңгімелесетін болады. Оның үстіне, сен Құдайдың саған қатысты терең, көреген қамқорлығын, өзіңнің ақылсыздығың мен өзімшілдігіңді түсіне-сің және сондай-ақ, өзіңнің барша өтініштеріңді Құдайға жеткізе алатын еркіндікті көресің.

## **2. Алғыс мінажаты**

Бұл мінажаттық өтініштің табиғи жалғасы. Егер біз Құдайдан сұрағанымызды алған болсақ, онда бұл үшін Оған разы болатынымыз анық. Жазбадан біз Құдайға алғыс білдіруге шақырудың тікелей және жанама көптеген мысалдарын көреміз. Олардың ең анығы мынау: «Иеміз Иса Мәсіхтің атымен Құдай Өкеге қай нәрсе үшін де ұдайы шүкірлік етіңдер!» (Еф 5:20). Алғыс білдіру мінажатына қатысты, Құдайдың еркі осындай. Бұл жерден біз алғыс білдіру, мінажатымыздың маңызды бөлігі деген қорытынды шығарамыз. Бірақ бұл қиын бөлік.

Бізге жалпы мінажат айтуды үйрену оңай емес, ал алғыс білдіруді үйрену – әсіресе қиын. Тағы да балаларымызға қарайық. Бізге оларға тілектерін айтып өзімізге келуді үйретудің



қажеті жоқ. Ал оларды алғыс айтуға үйрету үшін қаншама еңбектену қажет десеңші!

Әдетте Құдайды сондай құдіретті, асқақ елестетінімізден, біздің алғыс айтқан, айтпағанымыз Оған бәрібір деп ойлаймыз. Бірақ бізге Оның жүрегіне қарау қажет. Оның жүрегі дүниедегі ең сүйіспеншілікке толы жүрек. Бұл жақсы, не жаман болсын, Ол үшін еш әсер етпейтін ешқандай болмашы, ешқандай ұсақ-түйек мәселе жоқ. Иса Өзіне сүйіспеншілікпен берілген бір тостаған салқын суды да ұмытпайтынын айтады.

Исаның алғысты қалай бағалайтынын, Оның алапеспен ауыратындарды сауықтырғаны жайлы әңгімеден жақсы көре аламыз (Лұқ 17:11-19). Ауруларды сауықтыру үшін былай жасады: Иса оларды алапестен тазарғанын куәландыру үшін діни қызметкерлерге жіберді. Сонда бара жатқан жолда, олардың бәрі дертінен сауығып кетті. Тоғызы сапарларын жалғастырды. Олар Исаның: «Діни қызметкерлерге барып, қаралыңдар!» – дегеніне тіл алып, орындады.

Бірақ олардың біреуі кейін оралып, Құдайды қатты дауыстап дәріптеп келді де, Исаның аяғына жығылып, Оған алғыс айтты. Бұл Исаға қалай әсер етті десеңші! Оның сөздеріне назар аудар: «Сауыққандар он кісі емес пе еді, тоғызы қайда? Құдайға мақтау айту үшін мына шетелдіктен басқа ешкім қайтып келмеді ме?»

Бұл жерде біз алғыс айтудың – Құдайды дәріптеуді білдіретінін Исаның Өз аузынан естиміз. Тіпті біз жақсылап алғыс айта білмегеннің өзінде, осы біздің жүрегімізді шаттандырады. Бұл жерде мәселе біздің осы жердегі өмірімізде де, мәңгілікте де Құдайды дәріптеу үшін жаратылғандығымызда. Осылайша, Құдайды дәріптеген әрбір кезде біз өміріміздің мәнімен және мақсатымен үйлесімдік табамыз. Бұл жағдайда біз шын мәнінде жанымыз жадырап, өзімізге сай орында боламыз.

Алғыс айту бізді шаттандырып қана қоймайды; ол біздің бүкіл мінажаттық өміріміз үшін шешуші мәнге ие. Мінажаттарымыздың орындалуына мұқият қарап, Одан алғандарымыз үшін Құдайға алғыс айтқан кезде бізге одан да көбірек сиыну жеңілдей түсті. Сондықтан, мінажаттарымыздың бәрін алғыс айтудан бастағанымыз дұрыс болады, оның үстіне, Жазбаға сәйкес, біз Құдайдан «сұрағаннан немесе ойлағаннан

әлдеқайда көп нәрселерді» аламыз (Еф 3:20). Күнделікті мұқтаждықтарымызды сұрауға біздің ақылымыз да, ерік-күшіміз де жетпейді. Бірақ, осыған қарамастан, Құдай бізге қажеттінің бәрін береді. Бұл біздің бойымызды қандай алғыс сезіміне кенелтуі тиіс десеңші! Сен сонда да Құдайға разы болмасаң, онда саған мынандай кеңес беремін: Құдайға алғысыңды Одан алған осы дүниелік игіліктерің: тәни саулығың үшін, ақыл-есің үшін, жұмысың үшін, баспанаң үшін, ас пен киім үшін, сені сүйетін, өзің оларды сүйетін жақындарың үшін алғыс айтудан баста. Осыдан бастайтын болсаң, онда Құдайдың өзіңе берген рухани игіліктерін сезіну және олар үшін алғыс айтудың оңайға түсетінін байқайсың.

Егер қиын сәтте біреу саған зор көмегін тигізсе, сен оның қолын қатты қысып шын жүректен: «Мен үшін осыны істегеніңе ризамын», – деп айтуды қалайсың.

Иса дәл осылай істе! Ол сен үшін талай нәрсе істегенін ұққаныңда, ол әркез өте қуанады. Оның шеге тескен қолынан ұстап, шын көңіліңмен: «Құтқарушым, менің күнәларыма бола өлгенің үшін, Саған алғысымды айтамын» де. Құдайға Оның өзіңе күнделікті дарытып тұратын ырысы үшін де дәл осылай алғыс айта аласың. Мұны күні бойы, жұмыс кезінде де, демалыс уақытында да жиі істе. Осылай істегенде сен Исаны қуантасың және өзің де қуанышты боласың.

### **3. Мадақ**

Адамдар Құдайды мадақтауды Көне Өсиет кезінде-ақ үйренген. Құдайды сүйші адамдар сол кезде-ақ, Құдайды мадақтау жырларын айта білген, бұл Забур жырларынан анық көрінеді. Забур жырларының басым бөлігі Құдайды мадақтау жырларынан тұрады және қалған бөліктері осының кіріспесі немесе қорытындысы. «Әділдер, қуана мақтаңдар Жаратқанды, Адал жандардың мақтауы жарасымды» (Жыр 32:1). «Жан-тәніммен Жаратқан Иені мадақтаймын, Шын жүректен қасиетті атын ардақтаймын» (Жыр 102:1). «Тірі жүргенімде

Жаратқанды даңқтаймын, Өмір бақи Құдайыма ән-жырымды арнаймын» (Жыр 145:2). «Келіңдер, бірге Жаратқанды мадақтайықшы, Бірігіп Оның есімін марапаттайықшы!» (Жыр 33:4). «Мадақтаңдар Оны керемет істері үшін, Мадақтаңдар Оны зор ұлылығымен!» (Жыр 150:2).

Мадақ пен алғыс айту бір-бірімен тығыз байланысты. Сырттай оларды ажыратудың өзі қиын. Олардың мәні – Құдайдың даңқына құрметпен қарау.

Бірақ ежелден оларда айырмашылық болды. Алғыс айтқан сәтте, мен өзіме істегендері үшін Құдайды дәріптеймін. Ал Құдайға табынған немесе мадақтаған сәтте мен Оның тек бар болғаны үшін дәріптеймін. Сондықтан мадақтау алғыс айтудан жоғары тұр. Алғыс айтқан сәтте менің ойларым өзімді шыркөбелек айналады. Мадақ айтқан сәтте жан асқар биікке көтеріліп, Құдайдың құдіреті мен Оның құрбандықты рақымына тебірене мадақтау жырын айтады.

Бірақ біз Құдайдың құдіреті мен рақымын тек Ол өзімізге ашып берген дәрежеде ғана сезінетін болғандықтан, мадақ пен алғыс айтудың бір-біріне ауысып тұратынын түсінуге болады. Біздің алғысымыз мадақтаудан көрінеді.

Біздің мадағымыз өзінің мазмұнын жүзеге асқаны үшін алғыс айтқан игі істерден алады.

Мадақтауды біз Исаның аузынан екі рет естиміз. Оның бірі Өкесіне табыну: «Көк пен жердің Иесі – Өке! Осы жайттарды данышпандар мен білгіштерден жасырып қалып, оларды ашып көрсеткенің үшін Сені дәріптеймін. Иә, Өке, Саған осылай болғаны ұнап тұр» (Мат 11:25-26); Екінші мадақтау «Көктегі Өкеміз» мінажатын аяқтайды: «Патшалық, құдірет және ұлылық мәңгі бақи Сенікі! Аумин» (Мат 6:13);

Жаңа Өсиетте мадақтау, бірінші кезекте, біздің күнеларымыз үшін азап шегіп, мерт болуы үшін, Ол Өзінің Ұлын берді деген Құдайдың ұлы рақымы туралы аянмен байланысты: «Бізге берген баға жетпес сыйы үшін Құдайға лайым шүкірлік етейік!» (Қор2 9:15);

Аян кітабынан біз мадақтың мәңгі бақи айтылатынын оқимыз. Мәңгілік мадақтың нысаны бұл жерде былай бейнеленген: «Тақта Отырған және Тоқты Дәріптелу мен құрметке, Ұлылық пен құдіретке мәңгі бақи лайықты!» (Аян 9:15);

Мадақ кемеліне жеткен көктегі Құдайға Оған лайықты мақтау айтылады. Сонда біздің дауысымыз осы бір мадақтау жырмен тамаша үйлесімде бірігеді. Осы дүниедегі мадақтау кемелді емес. Бірақ, Құдайға мадақ жырын айтуды осында, жерде үйренбеген адам көктегі мадақ жырына қосыла алмайды. «Ол жаңа ән-жырды маған айтқызды, мадақтаймын әрдайым Құдайымызды» (Жыр 39:4). Құдайдың сарқылмас игіліктеріне көбірек ие болған сайын, біз осы мадақ жырын соншалықты ынтамен, дұрыс айтуға тиіспіз. Сондықтан да, Елші бізді Құдайды мадақтауды үйренуге шақырады.

«Бір-біріңді Забур жырлары, мадақтау өлеңдері және Киелі Рух дарытқан әндер арқылы жігерлендіріп, Иемізді әнқүймен шын жүректен дәріптеңдер» (Еф 5:19; Қол 3:16);

Маған мадақтау жырларын айтуға біздің жиналыстарымызда және жүректерімізде жеткілікті дәрежеде мән берілмейтін секілді болып көрінеді. Ән жинақтарына қарайтын болсақ, біздің әкелеріміз мадақ жырларына көбірек мән берген секілді.

Қауым жиналыстарында көне мадақтау әнұранын көбірек айту қажет. Олар біздің жүректерімізді жылап-сықтау алқабынан осы дүниеде басымызға түскен мәселелерді түсіну оңайға түсетін мәңгілік биіктікке көтереді. Құдайды өзгелер құрастырған жырлар арқылы мадақтағаннан кейін, Оған өз сөздерімізбен мадақ айту оңай болады.

#### **4. Сұхбат**

Көріп отырғанымыздай, егер де мінажат адам жаны мен Құдайдың арасындағы қарым-қатынастың табиғи сипаты болса, онда, әрине, оның құрамына сұхбат та кіреді. Сұхбат жеке тұлғалар арасындағы еркін ой алмасуды білдіреді.

Мінажат ету – бұл жан дүниемізге Исаны ендіру. Ол есікті қағып тұр және ішке енгісі келеді. Сен оңаша кезінде немесе жиналыста бірлесіп сиынған ерекше сағаттарда ғана емес. Жоқ, Ол сенің жұмыстағы кездерінде және уайымдап жүрген сәттерінде есікті қағып, енгісі келеді. Осы кезінде сен Оған

көбірек мұқтажсың және Ол сенімен бірге болуды қалайды. Өзіңнің жігерленуіңе сенің әсіресе күнделікті күресінде мұқтаж болатыныңды Иса біледі. Сондықтан күнделікті жұмыс кезінде Ол есік қаққанда мұқият бол. Киелі Рухтың жетегіне ілес және өзіңнің күрсіністерінді күні-түні көріп тұратын Оған бағытта.

Мінажат ету – бұл тек сұрай беру емес.

Бізге мінажатты бергендіктен, тіпті қоймай сұрай берсек те бізді тыңдаудан жалықпайды. Бірақ, Ол бізді мінажатта Өзімен сөйлесуге үйретуді қалайды. Мен мұны балалы болған соң түсіне бастадым. Ойыншықтары сынып қалса, олар маған келеді, әкелерінің оны оңдайтынына сенімі мол. Достарының қолынан өздерінде жоқ затты көргенде, олар маған келіп, өздеріне соны алып беруімді өтінеді. Сынғандарын жөндеп немесе оларда жоқты алып бере алмасам да, маған келгендері тамаша. Алайда, олар ентелеп келіп, өздерінің уайымын айта бастаған кезде мен әсіресе қуанамын.

Жердегі балалары, біздер күні бойы мәселелерімізді айтқанымызда Құдай да дәл осылай қуанады.

Бір-бірін сүйетін екі адам бір-бірімен өздерінің бар қуаныштары мен қайғыларын қалай бөліссе, Құдай да сенің тұрмыстағы барша ұсақ-түйегінде Өзіне сенім артқаныңды күтеді. Сүйіспеншілікті дәл осы мол, әрі қуанышты етеді.

Сондықтан да, күні бойғы мәселелеріңнің бәрін Құдайға айтып бер! Бұлар зор, маңызды жайттар болмай-ақ қойсын. Тіпті өзіңнің күнделікті өміріңді құрайтын ұсақ-түйектерді жайып сал. Оған өзіңнің қуанышыңды айтып, Оны да қуанышқа бөле. Ол сенен дәл осыны күтеді. Егер сен қайғырып жүрсең, кеңеске зәру болсаң, бір нәрседен қорықсаң, соның бәрін Оған айтып бер. Ол сенен осыны да күтеді, себебі Ол сені сүйеді. Сондықтан, саған қатысты мәселелерге Ол немқұрайды қарамайды. Ол үшін бәрі маңызды. Біздің мәсіхші ретіндегі өмірімізді басқаша өткізгенімізді Құдай мүлде қаламайды. Күнделікті Мәсіхтегі өмірімізде рухымыздың өзімізді ойламай, өзгелерге қызмет етуге, реніштерге төзуге және соңғы сөзді өзгелердің еншісіне қалдыруға дайын және қабілетті ететін құдіреттен күш алып отырмаса болмайды. Мұның сыртында, Құдай біздің күнделікті өміріміздегі күрестеріміз бен қам-қарекеттерімізге араласуды қалайды. Сондай-ақ, жеңілдетіп, көмектесу үшін,

Ол біздің күнделікті еңбегімізде бізбен бірге болғысы келеді. Ол үнемі бізбен бірге және Ол бәрін бізбен бөлісуді қалайды және біз үшін бүкіл Мәсіхтегі өміріміздің ең тамашасы осы. Құдаймен тыныштықтағы үздіксіз қарым-қатынас бізді бақытты етуге қабілетті. Құдайдың жақындығын сезіну, әдетте, біздің қуанышымыз бен тыныштығымызға, іштей қанағат тұтуымызға және бәрімен татулығымызға жағдай жасайтын мәселенің бәрінен асып түседі. Біз Құдаймен бөліскен кезімізде, тіпті сорласақта, уайымдасақта олар күшін жоғалтады. Иә, Құдай біздің жағымызда болғанда бәрі басқаша көрінеді. Жұмысымыз жеңілдей түседі, қиындықтар енді бізді қорқытпайды. Бізді жаратпайтын және өресі төмен адамдар татушылығымызды бұза алмайды. Біз, тіпті оған жылы шыраймен: «Мені ренжіте бер, ал мен сонда да Құдаймен бақыттымын», – дей аламыз.

Бәрімен тату-тәтті, қуанышты және жеңімпаз мәсіхшінің өмірі Құдайдан үнемі жаңа, тың күш алатындардың үлесіне ғана тиесілі. Егер күнделікті Мәсіхтегі өмірімізде көпшілігіміз әлсіз болсақ, онда мінажаттың осы қырында дұрыс емес жайт бар. Мінажат – бұл жанның тыныс алуы. Тыныс алу біздің жанымыз үшін үздіксіз жаңаруды білдіреді. Біз күніне үш – төрт мәрте тамақтанамыз. Ал тынысты күні-түні аламыз. Біз таңертең түске дейін жететіндей тыныс ала алмаймыз және таңертең түске дейін жететіндей дәрежеде сиына алмаймыз. Сондықтан, Елші былай дейді: «Құдайға үздіксіз сиыныңдар» (Сал1 5:17); Күрсіністеріңді жағдайға қарай дауыстап немесе сыбырлап көкке қарай бағытта!

## **Үндемей мінажат ету**

Көріп отырғанымыздай, мінажат – бұл жүректің Құдай алдындағы күйі. Бұл жағдай бір-бірін сүйетін адамдардың арасында болатыны секілді сөзбен немесе үндемей жеткізіледі. Алайда, ойларымызды өзгеге жеткізу үшін, оларды сөзге айналдыруымыз қажет. Бұл қабілет бізбен бірге тұратын жақындарымызбен өмірімізді байытады және биікке көтереді.

Дегенмен, біз өмірдің сөзбен айтып жеткізгісіз екенін білеміз. Біздің өмірімізде, оның ішінде басқалармен бірлескен өміріміздің сөзбен жеткізе алмайтын жағы бар. Тіпті бұл бастан бірге өткізген оқиға болса да. Сол секілді мінажат арқылы Құдаймен қарым-қатынасымызда сөзге айналдыруға болатын және солай ету қажет жайттар көп. Кейде біз осы жайттарға қатысты сөз таба алмауымыз мүмкін. Сірә, сөзбен айта алмас күрсіністер туралы Елші осыны меңзеген болар (Рим 8:26);

Бірде менің жұмыс бөлмеме кішкентай ұлым кіріп келді. Бұл уақытта менің бос емес екенімді және маған кедергі жасауға болмайтынын ол жақсы білетін. Бірақ маған өзінің балалық жанарымен қараған ол: «Әке, мен тыныш отырамын, тек жаныңда болуға рұқсат етсең болды», – деді. Әрине, менің рұқсат еткенімді әрбір әке түсінеді.

Көктегі Әкемізге қатысты осындай тілек бізге таныс па? Біз де Оның жанында болғымыз келеді және қанша жиі келсек те, Оған кедергі жасамаймыз.

Біз сиынып, жүрегімізді толғандыратын өзімізге және өзгелерге қатысты мәселенің бәрін айтып бердік. Кейде Құдаймен сөйлесетіндей менде ештеңе жоқ жағдайлар бола-ды. Егер мен сөзімді мінажатта жалғастыра берсем, онда енді айтқандарымды қайталауға мәжбүр болатын едім. Сондай сәтте Құдайға: «Саған басқа айтатын ештеңем жоқ, бірақ Сенің жақындығыңды сезініп, жаныңда тып-тыныш отыра бергім келеді!» – деу керемет қой!

Біз өзіміз жақсы білетін адамдармен үндемей араласа аламыз. Бөтен адамдармен қызықты, терең мағыналы тақы-рыпқа әңгімелесеміз. Ал жақындарымызбен болмашы жайт туралы еркін сөйлесе аламыз, кейде мүлдем үнсіз отыра аламыз. Бізге Құдаймен ресми сұхбат құрудың қажеті жоқ. Біз шаршап-шалдыққан жанымызға тыным үндемей Оның алдында отыра аламыз. Оған баратын айтқымаған күрсіністер, біздің Оған мұқтаж екендігімізді сөзден артық жеткізеді.

Біз өзімізден, осы дүниеден, өмірден, бәрінен қатты өлімші болып шаршап кетеміз. Сондықтан шаршаған жүрегіміз бен басымызды иіп: «Бұдан әрі төзе алмаймын. Тіпті сөйлеуге шамам жоқ. Осы тыныштықта біраз дамылдап алуыма рұқсат етші. Бұл да өтер де кетер; мен тек осында аздап тынығып

алсам болды», – деп айта алатын сүйенетін орнымыздың болғаны қандай жақсы.

Біздің бәріміз үнсіз мінажат ете аламыз, бәріміз осыған мұқтажбыз. Қазір болмаса да, өлім өзінің азаптарымен қуатымызды сарқыған кезде. Бұл ең соңғы сәтте болмайды; ажал алдындағы жанталасу көп жағдайда, жан тапсырғаннан бұрын тоқтайды. Маған қауым мүшелерінің ажал алдындағы жанталастарын жиі көруіме тура келді. Азап жанды да, тәнді де қинайды. Бірақ ең жаманы бұл емес. Олар маған тесіле қарап, үреймен: «Енді маған не болады? Сиынбақ түгілі, дұрыс ойлауға қауқарсызбын», – дейтін. Құдайға бет бұруды қайта-қайта кейінге қалдыра беретін адамдар бастарын қандай қатерге тігетіндерін біле ме? Өлім алдындағы жанталаста, азап пен ауырудың салдарынан жан мен тәннің бар күші арпалысқа түседі. Маған сене гәр және бет бұруыңды кейінге қалдырма!

Өліммен арпалысып жатқан досымның төсегінің басында оған: «Енді сиына алмайтыныңды уайымдама. Құдай үшін сен енді өзің тұтас мінажатсың. Бойыңдағының бәрі Оған зарлауда жән айта алмай жатқан күрсіністеріңді Ол естиді. Жаның тыныштық тапқан кезде, Құдаймен қарым-қатынасыңды дер кезінде ретке келтіре алғаның үшін және енді бәрін Оның қасиетті қолына тапсыра алатының үшін, Оған алғысыңды айт», – дей алсам жақсы.



## Мінажаттың сыры

*«Тіпті тарының түйіріндей ғана сенімдерің болса, мына тауға: «Бұл жерден ана жаққа көш!» десеңдер, ол көшер еді. Қолдарыңнан келмейтін ештеңе де болмас еді.»*

Өмірдің қыр-сыры мол. Оның ішінде мінажаттық өмір де сырға толы. Солардың кейбіріне қысқаша тоқтала кетейін.

### **1. Өзі сондай әлсіз бола тұра мінажат қалайша ұлы істерді жүзеге асыра алады?**

Бір қарағанда, бұл сұрақ орынсыз болып көрінеді. Өйткені, сенім тауларды қозғалта алады деп айтылған ғой. Осылайша, бәрі сенімге негізделген. Сиынушының сенімі мықты болса, мінажат та мықты болады. Ал егер сиынушының сенімі аз болса, онда оның мінажатының әрекеті де болмашы ғана. Иә, бұл кейбіреулерге оп-оңай болып көрінеді. Бірақ мінажаттық өмірде азды-көпті тәжірибесі бар адамдарға бұл түсіндірме жеткіліксіз. Әрине, нық сеніммен айтылған мінажаттың ұлы істерді жүзеге асыратынын олар да біледі. Алайда, мінажаттың ең керемет орындалуының өздерінің бойында мінажат кезінде де, одан кейін табандылық, не айқындық жоқ және сенімді сияқты болып көрінген сәттерде жүзеге асқанын олар өз тәжірибесінен біледі. Дәл сондай кездері Құдай оларға құдіреттілікпен және таң қаларлық жауап қайырды. Осындайлар үшін бұл шынымен де жұмбақ: өзі сондай әлсіз бола тұра, мінажат қалайша осыншалықты ұлы істерді жүзеге асырды? Бұның шешімі мінажаттың мәнісінде жатыр. Мінажат жүрегімізге тек Исаны ендіруді білдіреді, сол себептен Иса Өзінің бар құдіретімен бойымызға ене алады. Мінажаттың табысты болуы сиынушының табандылығына, жасырмай айтқаныңа немесе осыған ұқсас басқа мәселеге байланысты болмауы тиіс, бұл жерде әңгіменің тоқ етері: өзіңді Исаға ашу.

Мәселе мұнда мықтылықта емес, ерікте: Исаны мұқтаждығыма енгізгім келе ме? Бұл мәселе өз кезегінде менің дәрменсіздігіме тәуелді. Өзінің мәніне сай, тек мүлде дәрмен-

сіз адамдар ғана керемет жауап алатындықтан да, мінажат осындай жұмбақ.

Көрнекілік үшін біз оны электр қуатымен жалғасуға теңейік. Электр қуаты жеткілікті болуы мүмкін. Бірақ жалғанбаса қуатта жоқ. Электр түймесін жай ғана басу арқылы біз бүкіл үйге жарық береміз. Электр түймесін басу үшін көп күштің қажет еместігі бәрімізге мәлім.

Күнәмен құлдыраудың салдарынан Құдайдан жанымыз ғана «ажырап» қойған жоқ, сондай-ақ, бүкіл қуат беру жүйесіне ақау түсті. Оны қайтадан қалпына келтіру үшін Иса азап шегіп, өлуге тиіс болды. Бірақ жүйе енді қалпына келді. Енді бәріміз көктің қуатына қосыла аламыз.

Мінажат – қосылу жүзеге асатын кішкентай құпия құралдың дәл өзі, құтқаратын қуат күштері сол арқылы біздің жанымызға, тәнімізге енеді және қамқорлығымыз бен төзімділігіміздің шамасына байланысты бізден әрі қарай өзге адамдарға өтеді.

## **2. Бізге неліктен мінажат ету қажет?**

Кейбіреулерге бұл сұрақтың да жауабы оңай секілді болып көрінеді: мінажатымыз арқылы біз Құдайды өзімізге қажеттіні беруге итермелегіміз келеді! Бұл жай ғана түсінік тәрізді. Егер азырақ ойланатын болсақ, онда бізге мұның Мәсіх ілімі емес, пұтқа табынушылық түсінік екені анықталады. Бәріміздің бойымыз пұтқа табынушылыққа толы болғандықтан, мінажатқа біздің тілектерімізді орындауы үшін Құдайдың көңілін табу тәсілі ретінде қараймыз. Бірақ Құдай сөзі мұның Құдайды да, мінажатты да мүлде қате түсіну екенін айтады. Құдай адамдар Оған сиынуды бастамай тұрып, мәңгі-бақи ізгі, мейірімді Құдай болатын. Әрі қарай, Жазба бізге Құдайдың Ол біздің мінажатымызды орындағанына, не орындамағанына қарамастан әрқашан ізгі және қайырымды Құдай екенін айтады.

Егер Ол біздің мінажатымызды орындаса – бұл Оның бізге деген сүйіспеншілігі; ал егер өтінішімізді орындамаса – бұл да Оның бізге деген сүйіспеншілігі.

Кейбіреулер бізге сиынудың қажет екенінің себебі біз өз мұқтаждығымызды Құдайға айтуымыз керек дейді. Бірақ мұндай түсінік те мәсіхшінің мінажатының мәнісіне сай келмейді. Мәсіхшілер, бізге не қажет екенін білу үшін, түсіндіруімізге Құдай мүлде мұқтаж емес екенін білеміз. Жекелеген әрбір жағдайда неге мұқтаж екенімізді Құдай бізден жақсы біледі. Өзіміз мұны білмейміз және кейде сұрағанымызды алсақ, бізге зияны тиюі мүмкін. Бұл бізге тек кейінірек белгілі болады. Құдай дана және ізгі, Ол бізге мұндайды жалынып сұрасақ та бермейді.

Алайда, егер Құдай игіліктерін Өзі беруді қалайтын болса және бізге өз мұқтаждығымызды Оған айтудың қажеті болмаса, онда жалпы мінажат етудің қажеті қанша?

Құдайды және мінажатты түсінуіміз үшін бұл сұрақтың теориялық қана емес, сондай-ақ үлкен практикалық та мәні бар. Негізі ол былай айтылуы тиіс: біздің білетініміздей ізгі болса және біз айтпай-ақ беруді Өзі қалайтын болса, онда Құдай өзінің сыйларын неге біз сиынып бастамай, тіпті мінажатсыз бере салмайды?

Егер де біз бұл сұраққа тұжырымды жауап алғымыз келсе, онда Жазбадағы Исаның мына сөздеріне жүгінуге тиіспіз: «Ол жамандарға да, жақсыларға да күн сәулесін бірдей түсіріп, әділдерге де, әділетсіздерге де жаңбырды бірдей жауғызады» (Мат 5:45). Осы сөздер арқылы Иса бізге Құдайдың кемелінен асқан сүйіспеншілігін ашып көрсетуді қалайды. Зұлымдар Одан сұрамайды, бірақ та Ол соларға да береді. Әділдер сұрайды, бірақ та егер олар тек сұрағандарын алса, онда бұл тым аз болар еді. Осылайша, олардың бәрі де сұрамай-ақ, Құдайдан көптеген игіліктер алады. Осының бәрі Құдайдың сүйіспеншілік екендігінен. Ал сүйіспеншіліктің мәні – сүйетін адамына зиян келтірмей, оған сұрағандарының бәрін, өзінде бардың бәрін беру.

Егер кейбір сыйлар адамдарға олардың сұрауынсыз берілетін болса, басқаларын мінажаттың нәтижесінде ғана алады. Бұл сыйдың түріне байланысты. Көптеген сыйлар, әсіресе осы дүниелік сыйлар бәріне бірдей беріледі.

Алайда кейбір сыйлардың, әсіресе ақталуға қатысы бар сыйлардың алдында адамдар есікті жауып алады. Бұл

сыйларды Құдай бізге өзіміз ерікті түрде есікті ашпай, бере алмайды. Ал біз мінажаттың Құдайға есікті ашып, Оны жанымызға енгізетін құрал екенін анықтадық. Сондықтан, мінажат ету қажет. Ол Құдайдың көңілін табуға арналмаған; Құдай мәңгілікке өзгермейді. Сондай-ақ, Құдайға біздің неге мұқтаж екенімізді мінажат хабарламайды. Ол мұны бізден жақсы біледі. Ол Құдайдың сыйларын көктен жерге тасуға арналмаған. Ол сыйларын Өзі алып келеді және жүрегіміздің есігін қағу арқылы, оны бізге бергісі келетінін білдіреді.

Біздің мінажатымыз Ол есікті қаққан сәтте, Оған «иә» деуге, Оны ішке енгізіп, бізге көмектесуіне мүмкіндік беруімізге арналған. Осы жерде бізге мінажаттағы күрес пен еңбек және сондай-ақ, оразаның мәні анықтала бастайды. Осының бәрі бір мақсатты: кедергілердің бәрін жою үшін, Исаның бізге бергісі келетіндердің ішкі дүниеміздің ашылуын көздейді. Сонда біз сиынуымызға тиіс түрлі мұқтаждықтарды айтатын мінажат Рухын ести аламыз.

### **3. Құдай біздің басқалар үшін сұрайтын мінажаттарымызға мұқтаж ба?**

Біздің мінажатымыз жеке басымыз Құдайдың алдында адал жүруіміз тығыз байланыста болуы үшін қажет екенін көрдік. Ал басқалар үшін сұрайтын мінажаттарға көшейік.

Біз: «Құдай Өзінің осы дүниедегі еңбегі үшін біздің басқалар үшін сұрайтын мінажаттарымызға мұқтаж ба?» – деп ойланамыз.

Бірінші кезекте біз былай дей аламыз: Құдай осы дүниені Өзінің белгіліген мақсатына жеткізуге адамдардың қатысуынсыз әкеле алмайды. Осы дүние бұл мақсатқа жете ме, жоқ па, бұл адамдарға байланысты. Дүниені басқаруында Құдай Өзін өз еркімен адамдармен байланыстырды. Аянның тарихының басынан бастап біз Құдайдың билігінің Оның өз қарамағына өз еріктерімен берілген адамдарды тауып жүргенімен байланысты болғанын көреміз.

Будан Құдай Өз еркімен біздің мінажаттарымызға Өзін тәуелді етті деген қорытынды шығады. Себебі, өзін Құдайдың қарамағына берген әркім үшін мінажат шешуші фактор болып табылады. Оның Патшалығында не істейтініміз, қандай екендігімізге байланысты. Біздің қандай екендігіміз, өз кезегінде не сый алатынымызға байланысты. Ал біздің не алатынымыз мінажатымызға негізделген. Бұл Құдайдың бойымызда жүзеге асырған әрекеттеріне ғана емес, сондай-ақ, Оның біз арқылы басқаға істеген әрекеттеріне де қатысты.

Бұл жерде тек Исаның мына сөздерін естеріңізге сала кетейін: «Оратын егін көп, бірақ жұмысшылар аз. Сондықтан егіннің Иесінен оны жинап алатын жұмысшылар жіберуін өтініңдер!» (Мат 9:37-38). Бұл жерде Иса Құдайдың жұмысшылар жіберетінін айтып тұр, бірақ Ол біздің мінажатымызға тәуелді. Ол мұны біздің мінажатымызға жауап ретінде жүзеге асырады.

Бұл жерде Иса Құдайды, Оның осы дүниеге және біздің басқалар үшін сұраған мінажаттарымызға деген қарым-қатынасын көрсетеді. Көктегі Патшалыққа лайықты өзгеру үшін бұл күнәкар ұрпақтың мәңгілікке ақтаушы күштердің үздіксіз әсеріне мұқтаж екенін білеміз. Бұл құдірет Исаның Тұлғасында шоғырланған. Бірақ ол күштер Исадан адамзатқа өтуі тиіс. Бұл Мәсіх ақтап алған және осылайша Оның ақтаушы күшіне қосылған адамдар арқылы тындырылады.

Көне Әсиетте осындай адамдар Құдай осы күштерді жіберу үшін пайдаланған бірен-саран пайғамбарлар еді. Алғашқы өнім мейрамынан бастап, Ол Өзін қабылдаған адамдардың барлығын пайдаланады және әрбір сенуші Киелі Рухқа кенеліп, көктің мәңгілік күштерінің тасқынын күн сайын осы дүниеге өткізеді. Киелі Рухтың әркімнің жеке өміріне әсері осы дүниенің Құдай Патшалығына айналуына біртіндеп табандылықпен ықпал ететін көктің күштерінің жеткізіліп тұрғанының нәтижесі.

Бірақ осы күштердің молынан жеткізілуі мінажатта сенушінің басқалар үшін сұрағаны бойынша жүзеге асады. Сенушінің мінажаты Мәсіхтің екінші рет келуі мен мыңжылдықтық патшалықтың орнауын мүмкін ететін Құдай мәңгіліктің күштерін осы дүниеге қысқа уақыт ішінде жібере алатын құралы екені күмәнсіз.

Құдайдың Қауымы қашан оянып, өзінің жауапкершілігін ұғады? Оның бүкіл дүниені мінажат арқылы басқару билігі бар. Ол өзін қашан да шағын отар ретінде ғана көрсетуде, ал егер ол біртұтас алып дене ретінде әрекет етсе, онда ол мінажат белмесінде отырып дүниежүзілік саясатты басқаратын еді.

#### **4. Мінажат пен оның орындалуы Құдайдың дүниені басқаруымен қалай екі жақты келісім табады?**

Жазбаға және өз тәжірибемізге сәйкес, біз бір адамның мінажаты Құдайдың басқаруына, өзінің жеке өмірі саласында ғана емес, бүкіл қоғамда, елдер мен ғаламдық ірі мемлекеттерде өзгеріс жасай алатынына сенімдіміз.

Сондықтан көпшілік: «Егер әрбір адам мінажаты арқылы, Құдайдың Өз жоспарын өзгертуіне ықпал ете алса, онда Құдай осы дүниені белгілі бір жоспар бойынша басқарып, оны белгілі бір мақсатқа жетелей ала ма? Бұл жерде бәрі шатасып кетпей ме?» – деп сұрайды. Өйткені, біреу жаңбыр сұрайды, екіншісі – ауа райының ашық болғанын қалайды, біреу – желді, екіншісі – жанға жайлы тыныш ауа райын сұрайды.

Құдайдың мінажатқа ешқашан бұлай қарамағанын баса айтуға болады. Біріншіден, Ол адамдардың бәрінің мінажаттарын орындаймын деп ешқашан уәде берген жоқ. Ол тек Өз балаларының және Оған бала болуды сұрап сиынғандардың мінажаттарын орындаймын деді.

Екіншіден, Ол Өз балаларының барлық мінажаттарын емес, тек Исаның атымен сиынғандардың ғана тілектерін орындайды: «Біз Оның еркіне сай бір нәрсе сұрасақ, Құдай тілегімізге құлақ салады деп нық сенеміз» (Жох1 5:14). Осылайша, Құдайдың дүниені басқаруына адамдардың мінажат арқылы жасайтын ықпалдарының шекарасы белгіленген, яғни, Құдай тек жүректері Мәсіхтің Рухына кенелген және сол себептен Оның Патшалығының ұлы жоспарына енгізіле алатын сенушілердің ғана мінажаттарын орындайды. Егер Құдай

біздің мінажатымызға бола Өзінің дүниені басқару жоспарын өзгертетін болса, онда бұл Оның дүниені басқаруының соншалықты солқылдақ екенін, Оның араласуының қашан да, мейлі, ол жақсылық не жамандық болсын, дәл қазір осы жерде болып жатқан нәрселерге сәйкес болатынын көрсетер еді. Осылайша, Ол Өзінің дүниені басқару жоспарын емес, тек солардың көмегі арқылы оны жүзеге асырғысы келетін жекелеген әрекеттерін ғана өзгертеді. Сондықтан да, адамның мінажаты Құдай оны дәл осы уақытта Өзінің жоспарын орындауға пайдаланып жатқан құрал болып табылады. Осылайша, мінажат арқылы онсыз болуы мүмкін емес жайт жүзеге асады. Иә, қазір ғана көргеніміздей, адамның мінажаты Құдай оны осы дүниені белгілі бір мақсатқа – Құдайдың Патшалығына әкелу үшін қолданатын ең тиімді құралының бірі.

## **5. Құдай Өзіне әлі бет бұрмаған адамдардың да мінажаттарын орындай ма?**

Құдайға әлі бет бұрмаған адамдар да мінажаттарының орындалуын бастан өткереді және мұны өздерінің Құдай балалары екенінің дәлелі деп есептейді.

Мінажаттың бұл орындалуы көбінесе талай адам үшін шешілмес жұмбақ. Сенушілер де әлі бет бұрмай тұрған кездерінде, мұны өз басынан өткерді. Ал бет бұрғаннан кейін олар: «Сиынушының Өзіне бет бұрған, не бет бұрмаған адам екенінің Құдай үшін маңызы бар ма?» – деп ойлана бастайды. Олардың күмәндары ұлғая түседі: «Егер Құдайға бет бұрмаған адамдардың өздері өтініштеріне жауап алатын болса, онда мінажат өзі нені білдіреді?»

Бұған мен Құдайдың бөтен адамдардың мінажаттарын орындауға уәде бермегенін айтып жауап қайыруға тиіспін. Ол мұны тек Өзінің жоғарыдан қайта туылған балаларына ғана уәде етті.

Алайда, Құдай уәде еткенінен көп бере алады. Осылайша, егер Ол қаласа бет бұрмаған адамдардың да өтініштерін орындайды. Оның мұны істегенін Жазба жеткілікті дәрежеде

айқын дәлелдейді (Жар 4:13-16). Тәубеге келмей, тек күнәсінің азабына шыдамағандықтан ғана Өзіне жүгінгенде, Құдай Қабылды естіді.

Құдайдың неліктен әлі бет бұрмаған адамдардың мінажаттарын орындағанының бірнеше себебін келтіруге болады. Мен тек олардың ең бастысына ғана тоқталайын: Құдай сүйгендіктен және құтқарғысы келетіндіктен ғана әлі тәубеге келмеген адамға да Өзінің игіліктерін дарытады. Мінажаттың орындалуы Құдайдың солардың көмегі арқылы адамды ойлануға жетелейтін рақымдылық құралдарының бірі.

Мен мінажаттарының осылай орындалуының арқасында көздері ашылып, құтқарылған адамдарды білемін. Сол секілді мен мінажаттарына жауап алғаннан кейін, Қабыл секілді одан әрмен қатігезденіп кеткен адамдарды да білемін. Құдайдың құтқару жоспарына сай, екі мүмкіндік бар: құтқарылуды қабылдау, не одан бас тарту.

## **Мінажат мектебі**

*Ием, маған сиынуды үйретші!*

Үлкенді-кішілі дәрежедегі, өзіміздің сиынуға қабілетсіздігімізді біздің бәріміз ұғынамыз және алғашқы шәкірттерге ұқсап күрсіне былай дейміз: «Мырза, Жақия шәкірттеріне мінажат етуді үйреткендей, Сіз де бізге үйретсеңізші!»

Бірақ Құдай өтінішімізді орындай отырып, қандай да бір уайымдар жіберген сәтте біз қалай қобалжимыз десеңші! Негізінде, сиынуды үйренудің ең қарапайым тәсілі осы.

Ол бізден Өзінің жүзін уақытша жасыра отырып, бізге рухани мұқтаждық жібереді және сол арқылы мәсіхшіл болудың құндылығы қандай екенін ұғуға мүмкіндік береді. Сонда біз мінажатты, сенімді, сүйіспеншілікті, өкінішті, өзімшілдіктен бастартқанды, күнәнің алдындағы қорқынышты қалай жоғалтып жатқанымызды сезінеміз. Ақ пейіл жан өзін мүлде саудасы біткен, сорлы сезінеді. Ешбір әрекеті сәтті болмайды және



сонда ол батпақтан өз өзін шашынан тартып шығаруға арпалысқан адамға ұқсап барған сайын тереңге бата түседі.

Сонымен қатар, кейде Құдай бізге ауру, басқаның қамы үшін алаңдау, сәтсіздіктер немесе материалдық қиындықтар секілді мәселелерді жібереді. Тек осы рухани және материалдық қиындықтар бір жерге тоғысқанда ғана шара ернеуіне жетіп толады.

Міне, дәл осы кезде жан бұрын өзіне беймәлім болған жайтты, атап айтқанда, мінажаттың дәрменсіздерге арналғанын басынан өткереді. Сонда ол оңашада Құдай алдында бір ауыз сөз айтпастан, мойынсұна бас июді үйренеді. Мінажат ету – бұл біздің осындай бейшара күйімізде Оның Өз құдіретін көрсетуі үшін, өзімізді Исаға ашып беруімізді білдіретінін ол тек сонда ғана түсіне бастайды.

Егер де Құдайдан сиынуды үйретуін сұрасаң, онда сен сол арқылы уайымдар мен мұқтаждықты да сұрайтыныңды анық түсінуге тиіссің. Сенің: «Ием, маған сиынуды үйретші», – деп сұрауға батылың әлі де бара ма?

Шыныңды айт. Сен азап шегіп, мұқтаждық көруге дайынсың ба? Біз Құдайдың өзімізге қаталдық көрсетуі мүмкін екенінен түйсігімізбен қорқамыз. Өзіміз үшін ненің пайдалы және зиян екенін білетінімізді дәл осылай түйсігімізбен сеземіз.

Алайда бізге Исаның жаралы қолына жармасып: «Иса, сенің қалағаның болсын; менің тірегім мен қолдаушым тек Өзің болшы», – деп айтпайынша ешқайсымыздың тыным таппайтынымызды ұмытпау қажет.

Осылай деуіміз арқылы өз еркімізбен Киелі Рух біз секілді сиынуды білмейтіндер үшін орнатқан мінажат мектебіне барамыз.

Арамызда бірен-саран тәжірибелі мінажат етушілердің бар екенінің себебі, біздің сол мектепте еместігімізде. Бұл оңай мектеп емес. Қиындықтар тек жоғарыда айтқан рухани және материалдық мәселелермен бітпейді. Біз осы мектепке шыдамайтындықтан да арамызда тәжірибелі мінажат етушілер аз. Бұл мектепте сенім сыналады. Бұл туралы Исаның Өзі бірнеше рет айтты: «Иса шәкірттеріне әрқашан үмітін үзбей Құдайдан сұрай берудің керектігін де астарлы әңгімемен түсіндірді» (Лұқ 18:1-8) (немісше аудармасында: «жалықпай»).

Бірақ біз жолығып кетеміз. Біз шын жүректен талай рет әлде бір адам немесе әлде бір іс үшін мінажат етуді қаладық! Бірақ та біз тез жалығатынбыз. Сөйтіп, біздің басқалар үшін болған мінажатымыз біртіндеп сөне берді.

Мектептегі сабақтарды мінажат Рухы басқарады. Келіңдер, табанды, тәжірибелі сиынушының болу үшін не талап етілетінін көрейік.

Бірінші: Рух біздің жүрегімізге күнделікті үздіксіз Исаны ашып беруге тиіс. Бұл ең бастысы.

Бұл біз Оны «көрген» сәтте жүрегімізде мінажаттың туындауы үшін қажет. Еркін де, ашық мінажат. Біз Мәсіхтің мінажатты орындай алатынын білеміз. Сондай-ақ, біз Ол үшін мұның қандай қуаныш екенін де білеміз. Мінажат Мәсіх пен сиынушының арасында қуанышты және тығыз қарым-қатынас орнатады.

Киелі Рух жүрекке Мәсіхті ашып беруіне кедергі келтіретіннің бәрін жояды. «Мінажаттық күрес» бөлімінде бұл туралы не жазылғанын оқы.

Екінші: Рухтың кеңесі сонымен қатар, біздің бойымызда өзгелерге деген шынайы жанашырлық сезімін ояту. Басқалар үшін мінажат ету – екі жақты тұғырда: Мәсіх пен мұқтаждықты айналып тұратын эллипске ұқсайды. Киелі Рухтың мінажаттағы көмегі бізге осы тұғырдың екеуін де ұдайы көрсетуі және әр күн сайын бізге Мәсіхті және мұқтаждықты көз алдымызда ұстауы.

Киелі Рухтың бойыңда күнделікті еңбек етіп жатқанынан жұбаныш тап.

Саған Мәсіхке және осы дүниенің мұқтаждықтарына көздеріңді алмай қарап тұруға өз күшіңмен тырысуыңның қажеті жоқ. Одан да Киелі Рухтың Мәсіхті және мұқтаждықтары сөзде және мінажатта күнделікті айтатындарына құлақ ас. Сонда сен көп ұзамай мінажаттарыңда және басқалар үшін сұрағанда прогресті байқайсың.

Үшінші: Киелі Рух бізді мінажатта тек өзімізді ойламауды үйретеді. Мінажат еңбегі мен басқалар үшін сұрау өзге еңбектерге қарағанда көбірек табандылықты қажет етеді және Киелі Рух бізді осыған жетелейді. Өйткені бұл еңбек құпия атқарылады. Бізге бұл істе өзгелер көріп тұрған әрекеттен гөрі

тұрақтылық таныту қиынға түседі. Істеп жатқандарымызды өзгелердің көргені біз үшін соншалықты маңызды екені таң қалдырады. Бірақ бұл жерде мәселе біздің сүйгіштігімізде ғана емес; еңбегіміз құпталып, бағаланған кезде бұл біздің ынтамызды күшейтеді. Өз еңбегіміздің жемісін тезірек көруді қалайтынымыз да осыған жатады. Бірақ мінажаттық еңбектің мынандай бір қасиеті бар: орындалған жайт біздің басқалар үшін сұраған мінажатымыздың немесе өзге біреудің мінажатының жемісі ме, біз ешқашан анық айта алмаймыз. Бұл жағдайлар мінажаттық еңбек кезінде өзіңнің тілектеріңді қоя тұруды талап етеді. Сондақтан біз осы еңбекті атқаруға жеткілікті дәрежеде адамдар табудың қиын екенін көреміз. Сенушілердің көбі уағыз айтқылары келеді және олар өздерін бұл еңбекке шақырмаса ренжиді. Ал бұған шақырылған адамның көбіне үлкен ынтамен кірісетіні сондай, оны мінбеден аз уақытқа түсірудің өзі қиынға түседі. Ал өз қамың үшін емес, басқаның қамы үшін мінажат ету еңбегі туралы сөз болса әдетте оны атқаруға ынталы адамдар аз болады; себебі бұл еңбек ешкімге көрінбейді және лайықты түрде ешкім бағаламайды.

Мүмкін, сен тәубеге келмеген бір адам үшін ұзақ жылдар бойы сиынған боларсың. Міне, бір күні жиналысқа әлгі адам келіп, бірінші болып тәубеге келеді. Бірақ ол үшін сенің ұзақ жылдар бойы сиынғаныңды ешкім білмейді. Сондықтан ешкім сен туралы және сенің істегенің туралы ештеңе айтпайды. Керісінше, «қандай күшті уағызшыдан қандай ояныш болды» деп бәрі уағызшыны мақтайды.

Достым, егер сен өзіңнің тыныш, елеусіз еңбегіңнен жалыға бастасаң, онда «құпия істердің бәрін көретін Әкеңнің» саған беретін сыйын есіңе ал. Ол сенің барлық мінажаттарыңды естіді және осы жанның құтқарылуы үшін не істегеніңді анық біледі. Сондықтан егер қазір болмаса да, өнім жинайтын ұлы күнде сен өз тәжіңді иеленесің.

Нәзік те, қиын мінажат өнерінде басқалар үшін сұраған сиыну, әрине, ең қиыны. Бұл еңбек маған адамдарға бәрінен де қажет секілді. «Мінажаттық еңбек» бөлімінен көргеніміздей, ол сондықтан да ең маңызды еңбек.

Жоғарыда айтылған Маннедорфтегі орталыққа барғандардың ешқайсысы онда күнделікті атқарылып жатқан сан

қырлы еңбекте Целлердің басқарушы тұлға екендігіне күмәнданған жоқ. Біздің осылай ойлайтынымызды сезгендей, бір күні Целлер осы еңбекте кімнің басты рөл атқаратыны туралы әңгімелеп берді. Бұл осы еңбектің ең басынан ат салысқан кейуана еді. Ол әр қашан мойынсұнып үздіксіз мінажат етеді. Қазір ол әбден қартайып, тіпті жүруден қалыпты. Целлер көзіне жас алып, оның қандай сиынушы болғанын, күнбе-күн қызметшілердің бәрін мінажатымен қолдап жүргені туралы әңгімеледі.

Егер мінажатта өзгенің қамы үшін сиыну осындай жоғары өнер болса, онда оның ұзақ үйренуді талап ететініне таңданбайсың. Бірақ Құдай достарын әр түрлі жетелейді. Бұл жерде белгілі бір ереже орнатудан сақ болуымыз қажет. Біз тек өзіміздің көргенімізді айта аламыз. Бұл жерде мен өзім кездестірген ең табанды, нағыз сенуші сиынушылар мінажатта басқалар үшін сұраудың осы қасиетті өнерін көптеген қайғы-қасіреттер мен ауыр азаптар арқылы үйренгендерін айта кетуге тиіспін. Маннедорфтегі әйел секілді, олардың кейбірі соңында тек төсек тартқан күйінде де сиына берді.

Иә, олар сиына білетін еді! Адамдардың назарынан тыс, оңашада олар өздерінің қарапайым және тұрақты мінажаттары арқылы көршілеріне, қалаларына, елдеріне және бүкіл дүние жүзіне әрекет еткен рухани күштің діңгегі болды.

Осындай жұрттың назарынан тыс сиынушыларды көрген кезде мен оларды ұдайы қуатты электр бекетімен салыстыратынмын. Ол бекеттер де белгілі бір шектеулі алқаптарда орналасқан. Алайда олардың біз үшін қаншалықты маңызды екенін, қандай да бір себептермен жұмысы тоқтағанда түсінеміз. Сонда біздің үйлерімізді қараңғылық басады, зауыттардың жұмысы тоқтайды.

Менің әкемнің шаруа қожалығында осындай бір адал сиынушы болды. Оның аты Джон болатын. Оның көздері тұғаннан нашар көретін, сондықтан, оның күнкөрісі қиын еді. Бірақ, осыған қарамастан, оның істері табысты болды. Новчег уағыздаушысы хаугенің жолындағылар оған хаугиандар ұйымының мүшесі болғандықтан, ешбір мүше кедейлерге арналған кассадан тәуелді болмауын олар көздейтін. Бірақ Джонның басында қараңғы күндер де көп болып, талай азап пен дертті басынан кешті.

Бірақ ол Құдайдың қуатты қолының астында мойынсұнды. Осы мектепте ол мінажаттың қасиетті өнерін үздіксіз үйренді. Ол өзінің қауымын күндіз-түні мінажатта Құдайға әкелді. Құдай да оған өз уақытында жауап беріп көмектесті. Ол бүкіл қауымның жан айналды. Оның кішкентай лашығына жан-жақтан адамдар келіп, керекті ақыл-кеңестері мен көмектерін алатын. Оларға басқа ештеңемен көмектесе алмайтын жағдайда, Джон олар үшін Құдайға шын жүректен сиынатын. Оның лашығынан көптеген адамдардың жүректері жеңілдеп қайтатын. Өмірінің соңғы жылдарында ол қатты әлсіреді. Оны бағып жүрген екі сенуші әйел маған оның ұзақ түндер бойы ұйықтамай, сергек жататынын айтты. Оның бүкіл қауым үшін сиынып жататынын олар еститін. Бұл әдетегі біздің мінажатымыз секілді үстіртін емес еді. Жоқ, Джон рухта бір үйден екінші үйге өтіп, олардың бәрінің аттарын атап сиынатын. Тіпті өзі ешқашан көрмеген, бірақ олардың дүниеге келгендерін білетін балаларды да рақымдылық тағына әкелетін.

Шіркін, осындай адамдар бізге қандай қажет десеңші! Олар қайтқан кезде бұл дүние қаңырап қалғандай болады. Күні таяған кезде, бәрі оның өлімі айырықша болуы тиіс, тіпті көкке көтеріліп кетумен бірдей болады деп күтті. Сенушілер оның жанынан табылуға тырысты. Бірақ Құдай басқаша шешті. Джон ешкім көрмеген жағдайда, басында отырған әйел ас әкелу үшін ас үйге шығып кеткен кезде қайтыс болды. Оның жерленуі бұрын соңды біздің аймақта болмаған ерекше жерлеу болды. Джонның туыстары жоқ болатын, бірақ оны жерлеуге адамдар жан-жақтан келді. Олар табыттың басында тұрып, дәл өз әкесі өлгендей жылады. Оның өліміне, тіпті Құдай сөзіне ешқашан ынта танытпаған сенбеушілер де жылады.

Құдай оған өлім сәтінде де, басқалар үшін бата болуын сыйлады. Оның өмірі де, өлімі де Жазбаның: «Құдайдан сұраңдар, сонда ол сендерге (мұқтаждарыңды) береді», – деген сөздерінің орындалуы болды.

## Мінажаттың рухы

*«Мен Дәуіттің әулеті мен Иерусалимнің халқына мейірім мен мінажат ету рухын дарытамын».*

*Тәңір Иеден не тілейтінімізді дұрыстап білмесек те, Киелі Рухтың Өзі біз үшін өтініш етіп, сөзбен айта алмас ыңқыл, күрсінісімізді Оған жеткізеді».*

Осы кітаптың барлық бөлімінде мен мінажат Рухы туралы айттым. Мен бұл ойдың біздің мінажат туралы барша пікірлерімізді бір жерге жинақтайтын негізгі тұжырым болғанын қаладым. Ал қазір бұрынғы айтқандарымның бәрін бір ойға: мінажат Рухына түйістіргім келеді. Осы еңбекті аяқтамас бұрын, біздің мінажаттық өмірімізге жан-жағынан осы мінажат Рухы нұрын шашатынын баса айтқым келеді. Ол біздің ойларымызға ғана емес, мінажаттың қолданылуына және оған жаттығуға нұрын дарытады.

Егер сен мінажат әлемін әлі жақсы білмейтін болсаң, онда балаша мінажат Рухын сұра, күнде сұрай бер, сонда осы дүниедегі таңқаларлық сәтті мінажат әлемінде болуды басыңнан өткересің.

Егер мінажатқа қатысты қиындықтар саған жеңу мүмкін емес болып көрініп, еңсең түсе бастаса, Құдайдан мінажат Рухын сұра. Өлсіздігіңде Ол саған көмекке келеді және қиындықтың неде екенін көрсетіп береді, сонда өзіңнің мінажаттық өміріңді қуана жалғастыра аласың.

Егер саған мінажаттық еңбектің өзі қиын болып көрінсе және жалыққаныңды сезінсең, онда балалық қарапайымдылықпен, мінажат Рухын сұра. Құдай Өзінің Киелі Рухын төккісі келеді деп жазылған. Саған мінажат Рухын немесе мінажаттық көңіл-күйді еңбек сіңіріп алудың қажеті жоқ.

Егер саған мінажаттық күрес ауыр және қиын болып көрінсе, егер сен жаныңның Құдаймен жалғаспағанын сезінсең, саған өз мінажатың бос әңгіме секілді болып көрінсе, онда мінажаттың Рухын сұра. Ол өзінің қолын сен оны байқағанға дейін жанды жеріңе басып тұрады. Сөйтіп, Ол саған Мәсіхтің құдіретін көрсеткен сәтте, сен өзіңді Құдайдан қалқалап келген күнәларыңнан өз еркіңмен бас тартасың.

Егер сен мінажатты дұрыс қолданбағаныңды ұқсаң, онда тағы да мінажаттың Рухын сұра. Ол саған мінажаттың шынайы мәнін ашып қана қоймайды, сондай-ақ, сені дәрменсіздігіңмен Құдайдың жүрегіне көтереді, сонда сен Оның сүйіспеншілігіне бөленісің және бойыңда тек Оның еркі бойынша ғана мінажат ету тілегі оянады.

Егер саған мінажат ету қиын, ал Құдайға алғыс айту, табыну немесе Оған мадақ айту одан да қиын болса, онда бұл кезде де мінажаттың Рухын сұра. Ол саған осының бәрін үйретеді.

Егер мінажаттың жұмбағы саған соншалықты қиын және шешімі жоқ секілді болып күмілжісең, онда мінажат Рухының көмегіне жүгін. Ол саған сен қаншалықты дәрменсіз болсаң, мінажатың соншалықты дәрежеде дұрыс болады деген мінажаттың ұлы құпиясын ашып береді.

Егер мінажат мектебінің сабағы саған ұзақ және қиын болып көрінсе, онда Құдайдан мінажат Рухын сұра. Ол сабақтарды Өзі басқарады. Ол бұл сабақтардың сен көтеретін шамадан ұзақ және қиын болмауын қадағалайды. Ол саған ара-тұра аздаған үзіліс беріп тұрады. Ол біздің қалай неден жаратылғанымызды, топырақтан жаратылғанымызды біледі.

Мінажат Рухын сұраған балалық өтініштер, мінажаттық өмірімізге біртіндеп, бұрын олардың мүмкін екені ойымызға да кіріп-шықпаған өзгерістер тұрғызады.

Мінажат біздің мазасыз, қиын өміріміздің діңгегіне айналатындықтан, біз бұл ауысу сәтін байқамай да қаламыз. Біз күнделікті уайымдарымызды саспай, алаңсыз Құдайдың алдына алып келеміз. Бізге олар туралы жай ғана Құдаймен сөйлесу қажет болады. Туыстарымызға, достарымыз бен дұшпандарымызға, тәубеге келгендер мен тәубеге келмегендерге қатысты, мейлі, ол материалдық немесе рухани, үлкенді-кішілі мәселе болсын, көрген және естігендеріміздің, күнделікті өмірдегі уайымдарымыз бен алған әсерлеріміздің бәрі Құдайға қуанышты, алаңсыз және шын жүректен жайып салатын мінажатқа айналады.

Қатар тұрған екі адам бір-бірімен сөйлеспейінше, нағыз қарым-қатынасты сезінбейді. Мінажатқа қатысты да солай. Киелі Рух адам жанын Құдаймен жалғастырады және сен Құдаймен сөйлеспейінше, өз уайымдарыңнан арыла алмайсың. Мұның

дауыстап жалбарыну, үнсіз күрсіну, алғыс, мадақ айту немесе өзгелер үшін мінажат ету түрінде болуы мүмкін.

Саған күнделікті өміріңді құрайтын мәселенің бәрі туралы Құдаймен сөйлесу біртіндеп жеңілдей бастайды. Сен өзіңнің қам-қарекеттеріңді ғана емес, сондай-ақ, жауапкершілікті де өзіңнің қолыңнан Құдайдың қолына табыстайсың.

Сен істеп жүргендеріңнің бәрінің ішіндегі ең маңыздысы – мінажат екеніне барған сайын көбірек көз жеткізе бастайсың. Сен оңашадағы немесе көпшілік арасындағы, жұмыс немесе демалыс кезіндегі, үйдегі немесе көшеде, қысқасы, барлық жердегі уақытыңды дәл мінажаттағыдай жақсы өткізе алмайтын боласың.

Шынымен де, мінажат кезіндегідей жақсы өткізілетін уақыт жоқ!

Егер сен өзің, жақындарың, басқа біреу тапшылық көргенін байқасаң, онда өтінішіңді көкке жолда. Мұны кідірмей, дереу істе! Өтінішіңе: «Егер бұл Сенің атыңның мадақталуына қызмет ететін болса», – деген сөздерді міндетті түрде қос.

Өз тілектеріңді сымсыз телеграфпен көкке бағытта. Көкте олар мұқият қарастырылады. Құдай белгілеген уақытта, олар қабылданған мінажаттар ретінде өзімізге қайтып оралады. Өз мінажатыңның орындалу сәтін қаншалықты асықпай күтсең, ол соншалықты жеңіл және еркін бола түседі.

Сонда сен осы жолмен қаншалықты ұзақ жүрсең, мінажаттарыңның орындалуын соншалықты жиі бастан өткеретініңді байқайсың.

Егер сен осы жолмен жүретін болсаң, онда өміріңнің ақырғы сәтіне дейін, қардың түйіршіктері біртіндеп жаймен жауғанындай, мінажаттарыңның орындалуына ұдайы куә боласың. Сенің өмір тарихың мінажаттарыңның орындалу тарихы болады.

Киелі кітапта былай деп жазылған: «Жақсылық пен мейірімділік Үлесім болады өмірлік, Жаратқан Иенің үйінде мен қала беремін мәңгілік» (Жыр 22:6). Иә, мінажаттарыңның орындалуы өмірлік үлесің болады және олардың ешбірі қателе-сіп басқа біреуге кетпейді! Сен Исаның атымен сиынған сәттен бастап олар саған тиесілі. Бірақ олар әрқашан бірден келе қоймайды. Өзіңе жазылған хаттар сен күш жұмсамай келетіні



секілді, мінажатыңа жауап алу үшін күш салудың қажеті жоқ. Оларды саған тура үйіңе әкеліп береді.

Мінажаттардың орындалуының осы нәсері ақтық деміне дейін саған жауады. Бірақ ол содан кейін де тоқтамайды. Сен осы нәсердің аумағынан шыққан кезде, оған туыстарың енеді. Сен олар үшін олардың болашақтары үшін, көкке жіберген әрбір мінажатың мен әрбір күрсінісің, Құдай белгілеген уақытта, оларға орындалған мінажаттардың нәсері ретінде қайтып оралады.

Осыдан үш апта бұрын, менің ата-бабаларымның отбасы сенуші сиынушылар болған. Олар, әрине, ұрпақтары үшін де үздіксіз мінажат етті. Мен ата-анам мен ата-бабаларымның орындалған мінажаттарының арқасында бүкіл өмір бойы саяхаттап жүре алар едім. Баталардың баяу толқыны мені үздіксіз тербетіп жүреді. Шындығында да, мен өзгелердің сепкендерін орып жүрмін.

Достым, егер сенің туыстарыңа бай мұра қалдыратын жағдайың жоқ болса, оған қиналма. Балаларыңа байлық жинау үшін, рухани жағынан да, тәни жағынан да зорықпа. Оның орнына бүкіл өмір бойына үлесі болатын, орындалған мінажат түріндегі бай мұра қалдыру үшін олар үшін күні-түні сиын. Сонда сен оларға көп ақша қалдыра алмасаң да, бұл дүниеден кетерде алаңсыз көз жұмасың.

Кімде-кім өзінің бүкіл болашақ өмірін осындай қарапайым, үздіксіз мінажаттар арқылы дайындайтын болса, сол көзі тірісінде ғана емес, демі таусылған шағында да осы мінажаттарының орындалғанына куә бола алады. Өлім сағатың үшін мінажат ет! Ол үшін жиі ұдайы мінажат ет! Бір графтың қартайған әйеліне ұқсап:

«Сенің рақымыңмен, менің өлім сағатым батаға кенелген сағат болсыншы!» – деп мінажат ет.

Әкем өзі танитын бір сенуші әйел туралы мынандай әңгіме айтқан еді. Ол ешқашан күйеуге шықпапты және оның туыстары да болмапты. Қартайған шағында ол өзінің бай сенуші көршісіне келіп: «Менің 1200 талер ақшам бар. Соларды алып, мені көз жұмғанымша үйіңе тұрғызасың ба?» – деп сұрайды. «Жоқ, – деп жауап береді көршісі, – бұл бізге қымбатқа түседі. Сен ауырып, ұзақ жатуың мүмкін. Ал бұл бізге оңайға соқпайды».

«Жоқ, – дейді әйел, – мен ауырмаймын». «Мұны сен де, мен де біле алмаймыз». Әйел оның бетіне тура қарап: «Жоқ, мен мұны білемін. Мен Құдайдан ауырмауды сұрадым», – дейді.

Алайда, бұл көршісін нандыра алмайды да, әйел кетуге мәжбүр болады.

Осындай ұсыныспен ол басқа сенуші шаруаға барады. Ол әйелді үйіне қабылдайды. Әйел дені сау, барынша қайратты және Құдаймен қуаныштағы жағдайда сол үйде ұзақ жылдар өмір сүреді. Ол үйдегілердің бәрін баталы етеді, күнделікті шаруаларға атсалысады, өзгелермен бірдей тоқыма тоқиды. Бір күні таңертең ол таңғы асқа келмей қалады. Не болғанын білуге келгендер оның төсегінде жатып, қайтыс болып кеткенін көреді. Оның жүзі алаңсыз еді. Құдай оны ұйықтап жатқан кезінде, өзіне алып кетті. Оның мінажаты естілді. Ол ауырған жоқ. Кеше кешкісін ол өзгелермен бірге тоқыма тоқып отырды.

Ол неліктен ауырмауды сұрап сиынды? Азап шеккісі келмегендіктен бе? Жоқ, өзін үйіне қабылдаған қайырымды адамдарға өз ауруымен мойындарына жүк болғысы келмеді.

Осы кішкентай оқиға мен үшін үлкен жұбаныш болды және қолдау берді. Ол мені өлім сағатым үшін сиынуды үйретті. Мен Иса Мәсіхтің Қанының арқасында құтқарылған күйде келетінім үшін ғана емес, өлімім арқылы қандай да бір жолмен Иемнің атына кір келтірмеуім үшін сиынуды үйрендім. Сондай-ақ, менің құтқарылған күнәкар ретінде мәңгілікке кеткеніме, туыстарымның толықтай сенімді болулары үшін сиынуды үйрендім.

Ең соңында айтарым: егер саған мінажат ету қиынға түссе, онда Құдайға былай деп айт: «Ием, маған мінажат етуді үйретші!»

## Мазмұны

Кіріспе	4
Мінажаттың мәні	5
1 Дәрменсіздік	9
2 Сенім	16
Мінажатқа байланысты қиындықтар	22
1 Біз Құдайға мінажатымызды орындауына көмектесуіміз қажет деп ойлаймыз	28
2 Мінажатты біз «Құдайға бұйрық беру үшін» пайдаланамыз	31
3 Біз Исаның атымен мінажат етуді ұмытамыз	36
Мінажаттың еңбегі	40
Мінажаттық күрес I	55
Мінажаттық күрес II	64
Мінажат және ораза	71
Мінажатты қара басының қамы үшін пайдалану	76
Мінажатпен Құдайды даңқтау	79
Мінажаттың түрі	85
1 Мінажаттық өтініш	86
2 Алғыс мінажаты	87
3 Мадақ	89
4 Сұхбат	91
Үндемей мінажат ету	93
Мінажаттың сыры	96
2 Бізге неліктен мінажат ету қажет?	97
3 Құдай біздің басқалар үшін сұрайтын мінажаттарымызға мұқтаж ба?	99
4 Мінажат пен оның орындалуы Құдайдың дүниені басқаруымен қалай екі жақты келісім табады?	101
5 Құдай Өзіне әлі бет бұрмаған адамдардың да мінажаттарын орындай ма?	102
Мінажат мектебі	103
Мінажаттың рухы	109

